АТАДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ МҰРА

21 маусым 2022 жылы Талдықорған мемлекеттік архивінде «Атадан қалған асыл мұра» атты Андас әулетінің отбасылық ғылыми-құжаттамалық қорын ашылуы өтті. Оны ұйымдастырған Талдықорған мемлекеттік архивінің директоры Гүлжихан Истамбекова мен Талдықорған мемлекеттік Архивінің кадр және қаржы-шаруашылық қызметі бөлімінің басшысы Гүлнар Шарипова. Дөңгелек стелде алғашқы құттықтау сөзбен облыстық аналар кеңесінің төрайымы Жамал Қасымбекова ашты.

Өлкетанушы-журналист, Алматы облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі Андас Қажет архивке тапсырған құжаттарын көрсетіп отбасымен таныстырды. Андас отбасы - халық шығармашылығын, қазақ фольклорын зерттеумен айналысатын және ата мұрасын ардақтап, ұлттық өнерді жалғастырған әулет, көп балалы отбасы. Бүгінде 7 бала, 16 немере-жиен тәрбиелеп отыр. «Андас отбасы» бір әулеттің ата-бабалары бес ғасыр бойы тұтынған 700-ден астам жәдігерді сақтап, бүгінге жеткізген ұқыптылығымен бағалы. Оның бір бөлегі ҚХР Күнес аудандық мұражайында сақтаулы. Ал 100-ге жуық жәдігер «Атамекен» мәдени орталығының қорына тапсырған. Сондай-ақ, бұл отбасы қазақ халқының рухани қазынасын байытуға мол үлес қосқан отбасы ретінде танымал. Жалпы, бүгінде Андас отбасы мүшелері жазып, құрастырған 44 кітап қазақ руханиятына өлшеусіз үлес қосты. Оның 10-ға жуығы еліміздің электронды кітаптар тізіміне енді. Сондай-ақ, бұл отбасы 1930 жылдан бергі латын, төтеше жазумен жазылған 5 мың беттен артық қолжазбаны сақтап келеді. Биыл Андас отбасы мүшелері ақын, тарихшы, зерттеуші Андас Омарақынның «Тарих талғарында», «Дода», «Жылдар ізі» атты үш томдық еңбегін жарыққа шығарып, оқырман назарына ұсынды. Сондай-ақ, Талдықорған қалалық мемлекеттік архивінен «Андас әулетінің отбасылық ғылыми қорын» ашып, ол жерге 60-қа жуық іс, мыңға жуық құнды құжатты сақтауға тапсырды.





Андас Отбасы төрт келін түсіріп, үш қыз ұзатты. Балалары мен келіндері Қазақстанның және Қытайдың таңдаулы жоғары оқу орындарын бітірген. 5 баласы мен 3 келіні ғылым магистрі. Балалары ағылшын, қытай, жапон, орыс және ұйғыр, өзбек, қырғыз сияқты түркітілдес ұлттар тілін жетік меңгерген. Олардың әр елде, әр тілде шығатын халықаралық, республикалық ғылыми басылымдарда 113 ғылыми еңбегі жарық көрді. Бүгінде олар өз мамандықтары бойынша жұмыс істеп, қазақ ұлтының өркениетін өрлетуде. Андас отбасының жетістіктері мен ел өркениетіне қосқан үлесі туралы республикалық және облыстық газет-журналдарда мақалалар үзбей жазылып, телеарналарда сюжеттер түсірілуде. «Жетісу» телеарнасының «Ұлт құндылығы» бағдарламасы мен Алматы облыстық ішкі саясат басқармасының «Еліме қызмет етемін» атты жоба аясында Ауесхан Мажайқызы мен Қажет Андас туралы бірнеше хабар түсіріліп, көрсетілді. Еңбектері де үнемі еленіп келеді. Отағасы Андас Омарақын 2010 жылы ҚХР мемлекет дәрежелі сыйлығын алса, Андас отбасы 2009 жылы Қытайда «Үрпақ тәрбиесіндегі мемлекеттік үлгілі отбасы» деген марапатқа ие болды. Бүгінде отбасы мүшелер облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі марапаттардың жеңіс тұғырынан түспей келеді. Осындай отбасы өнегесін әулеттің немере-жиендері жалғастыруда. Сонымен қатар шақырылған қонақтар Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, композитор Алшабеков Танатар Алшабекұлы, өнертанушы, Халықаралық Махамбет сыйлығының иегері Амиргалиева Замзагуль Назарбекқызы, «Алтын адам» Жетісу шеберлері орталығы» қоғамдық бірлестігінің мүшесі Динара Бәкірова, қолөнер шебері, этнограф, Андас әулетінің отанасы Әуесхан Мажай, Андас Омарақынұлының балдызы Әлиясқар Нұрсейіт, Андас Омарақынның бауыры Имаш Әбдірахманұлы, Андас Омарақынның бауыры Дәлелжан Доданұлы, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқытушысы, Phd доктуранты Дәулеткерей Мүлік, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқытушысы, тарих ғылымы магистрі Өнербек Қуанған, Алматы облыстық ішкі саясат басқармасы, «Жетісу медиа» ақпараттық орталығының қызметкері Андас Нұргүл, Сәкен Сейфуллин атындағы Алматы облыстық кітапханасының қызметкері Андас Мақпал, Алматы облыстық ішкі саясат басқармасы, «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің бас маманы Андас Ершат, Талдықорған политехникалық колледжінің оқытушысы Гүлмира Оқап құттықтау сөз айтты. Қорытынды сөзбен Талдықорған мемлекеттік архивінің директоры Гүлжихан Истамбекова қорды осыдан осылай толықтырып отыруына тілек білдіріп аяқтады.



Зәмзәгүл Назарбекқызы Әмірғалиева

Бикен Римова атындағы облыстық драма театрының музей меңгерушісі Талдықорған қаласы

«БІР ТАМАША ӘН ҮШІН»



Атырау қалалық кітапханасында «Келбет KZ» кітапханалық жобасының аясында «Бір тамаша ән үшін» атты кітапханалық қонақжай ұйымдастырылды.



Кеш қонағы ескі, есті өндердің жоқтаушысы, қазақтың дәстүрлі әнін насихаттаушы, Нұрмұхан Жантурин атындағы Атырау облыстық филармонияның әншісі Ханзада Қияқбайқызы Сақыпова. Белгілі әнші, танымал өнерпаз 1969 жылы Индер ауданындағы Жарсуат ауылында туған. Махамбет Өтемісұлы атындағы орта мектептен он жылдық білім алған Ханзада Қияқбайқызы өнерге бала кезден бой алдырды. Қарындасының бойында өнердің ұшқыны барын байқаған туған ағасы Ералы Сақыпов өнерге баулиды. Алғаш рет қолына домбыра ұстатып, домбыра тартуды, ән айтуды үйретеді. Мектепте оқып жүргенде жас өнерпаз қызға өнер саласында тәлім тәрбие беріп, бағыт сілтеген ән сабағының мұғалімі Қапашева Күнсұлу апайы болады. Күнсұлу апайы мектепте қыздар ансамблін ұйымдастырады. Ханзада Қияқбайқызы осы қыздар ансамбліне қатысып, өнердегі өзінің алғашқы қадамдарын жасайды. Қыздар ансамбілінің құрамында жүріп аудандық, облыстық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Өнер иесінің ең алғашқы рет домбырамен қосылып жеке орындағаны халық әні «Гүлдәрейім». Өнерге деген талпынысы 1987 жылы Алматы қаласындағы Қазақтың Мемлекеттік қыздар Педагогикалық институтының музыка факультетіне оқуға түсуге жол ашады. Институтта оқыған жылдары Өмірбек Бәйділдаев, Дүнгенбай Ботбаев сияқты композиторлардан дәріс алып тәжірибе жинақтап, көптеген мәдени іс-шараларға қатысып, бойындағы өнерін ұштайды.

Ханзада Қияқбайқызының жанұясының әрбір мүшесі де өнерден құр алақан емес. Әкесі де, анасы да қарапайым еңбек адамдары болғанымен ән күйді сүйіп, музыканы ұғына білген жандар. Әкесі Қияқбай тракторист, анасы Қаным апайда жұмысшы болған. Жанұяда 8 бала, алтауы осы өнер жолын қуған екен.

Ең алғаш өнерлі жанұя 1983 жылы Сақыповтар жанұялық ансамблі болып құрылып, алғаш рет ауыл сахнасына шықты. Жетекшісі Ералы Сақыпов. 1984 жылы аудандық байқаудан ансамбль бірінші орын алған. Сол жылы аудандақ бюджеттен ақша бөлініп барлық мүшелеріне сахналық костюм тігіліп берілді. 1985 жылы облыстық байқауға қатысып, Сақыповтар жанұялық ансамблі жүлделі үшінші орынды иеленді. Қазіргі кезде немере, жиендер өсіп ансамбльдің құрамы 13 ке жетті. Баянда ойнайтын Ералы және Болатбек, домбырада Ғалымжан, примада Асия, қобызда Сұлтан. Бүгінде бұл әулеттен тараған ұрпақтары өнер жолында қызмет атқаруда. Атап айтар болсақ: Айбек Дина Нұрпейісова атындағы халықтық музыка Академиясы Атырау музыка колледжінде вокалдан дәріс берсе, Сұлтан қылқобызшы, Аймекен дәстүрлі әнші, Алтынай Дина Нұрпейісова атындағы оркестірде қобызшы, Бақберген «Борат» мәдениет үйінде әдіскер. Осындай өнерлі отбасында тәрбиеленген Ханзада Қияқбайқызының өнердегі жолы халықтың көз алдында. Көрерменнің көзайымы болып сахнада ән айтып келе жатқанына міне 30 жылға жуық уақыт өтті.

Алғашқы еңбек жол туған жердегі мәдениет үйінде көркемдік жетекші болып бастап, кейіннен Дүйсенғали Төленов атындағы мектеп-гимназиясында ұстаздық еңбек етті, 1994 жылдан бері өлкеміздегі өнер ордасы Нұрмұхан Жантурин атындағы филармонияда әнші. Кеште оқушы кезінен музыкаға баулыған алғашқы ұстазы Қапашева Күнсұлу апайының лебізі экран арқылы көрсетіліп, өнер иесінің бала кезінен өнер десе ішкен асын жерге қоятын талапты, талантты оқушыларының бірі болғандығын атап өтті. Он жыл мектеп қабырғасында бірге оқыған сыныптастары: «Ханзада мектеп кезінен білімге құштар, талғампаз болды. Өнер жолында қанша жетістікке жетсе де бойындағы қарапайымдылығы өзгелерден даралап тұрады» деп ақжарма тілектерін білдірді. Кеш жүру барысында әншіге өнердегі жолы туралы сұрақтар қойылып, сұхбатымыз әуезді әнмен жалғасын тапты. Мәдени іс-шараға өнер иесінің өмірдегі, өнердегі достары, Дина Нұрпейісова атындағы музыкалық колледжінің ән-хор бөлімінің студенттері, оқырмандар қатынасты. Қазақтың халық әндері орындалып, бір уақытқа бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай әсерде болдық.

Өнер сүйер қауымды әуезді әніңізбен қуантып жүре беріңіз, Атырау мәдениетінің Ханзадасы!!! Өнеріңізді қадірлейтін тыңдарманыңыз көп болғай.

Жеміс Төлеуішқызы Жанқылышева
Атырау қалалық кітапханасының қызыметкері

Әдебиеттің тарлаңы



Кеген аудандық кітапханасында Мұхтар Әуезовтың 125 жылдығына орай «Қазақ әдебиетінің тарланы» тақырыбында кітап көрме ұйымдастырылып, көпшілік оқырмандарға таныстырылды. Кітап көрмеге Мұхтар Әуезовтың шығармалары және Әуезов туралы жазған басқа да жазушылардың еңбектері мен Абай туралы жазылған кітаптар қойылды.

Мұхтар Әуезов – қажымас қайрат, үлкен дарын, сарқылмас шабыт, мол парасат, шалқар ой, терең сезім иесі, гуманист жазушы. Оның проза, драма, ғылым, аударма саласында жазып қалдырған еңбектері – қазақ халқы әдебиетінің зор қазынасы. Мұхтар Әуезов қазақ әдебиетіне өрнек, тың соқпақ салды. Аумалы-төкпелі заман тұсында қоғам өмірінің жолын көрегендікпен таңдап, төл әдебиетімізді биік шыңға көтерді. Жазушының соңына түсу, құдалануына қарамастан әдеби жанрларына ұмытылмас шығармалар жазып, келешекке жол сілтеді. Абай – Мұхтарды, Мұхтар – Абайды әлемге паш етті. Шағын мақалада жазушы шығармаларының бәріне баға беру мүмкін емес, алайда түсінігіміз үстірт болмау үшін Әуезовтың өмірбаяны, 1917-1918 жылдары жарияланған мақалалары, «Еңлік-Кебек», «Абай жолы» және Абай туралы жазған ғылыми еңбегі жөнінде кейбір ойымызды ортаға салмақпыз.

Жас шағынан үнемі үйрену, іздену үстінде жүріп, қоғам қайраткері, педагог, жазушы, аудармашы болып биіктен көрінген Мұхтар Әуезов өмірінің ақырына дейін осы әдебиет саласында қажымай еңбек етті. Батыс, Шығыс классиктері, қазақ халқының көрнекті әдебиетшілері үлгі алды. Мұхтардың ойы сараланып, сөз шеберлігі арта түсуіне әсіресе Абай игі әсер етті. «Абай жолы» романы – жиырмасыншы ғасырдың әдебиет саласындағы тарихи туынды.

Бір-біріне қарама - қарсы екі түрлі қоғам өмірінің қос қыртыс аралығында әдебиет дүниесіне келген Мұхтар Әуезов алғаш жазған көркем шығармаларында өрелі, байсалды, дарынды жазушы екенін аңғартқан ед. Әдебиет саласында ол өткен ғасырдың алғашқы жылдарындағы шоқтығы биік, талантты жастардың көшін бастады. Мұхтар Әуезов ескі қоғам мен жаңа қоғамды байланыстырған ғалым жазушы екенін ерте байқатты.

Мұхтар Әуезов шығармаларында қазақ өмірінің алуан көріністері, түрлі құбылыстары мол қамтылған. Мұхтар Әуезовтың ерекшеліктерінің бірі Ал, жалпы қазақ халқының өмірі, тұрмыс-тіршілігі «Абай жолы» романында ашық айтылған. Әрі өмір шындықтары бұрмаланбай берілген. Автор аз сөз, шағын ықшамды суреттерді ұтымды пайдалануын тәсіліне шебер. Оның шығармаларынан өз ара үйлеспей жүрген көріністерді, оқиғаларды, фактілерді ұшыратпайсыз, жазушының жазғандары өмірдің өзінен алынған. Оның әңгімелері, романдары, пьесалары – қазақ өмірінің нақтылы құбылыстарын, табиғи қалпын көрсетеді. Жеке кейіпкерлерінің сөздері солардың сана-сезіміне, психологиялық ерекшелігіне, іс-әрекетіне, тәлім-тәрбиесіне сай келеді, бұлар өмірдің бір бөлшегі, қоғам уәкілі ретінде көзге түседі. Кеменгер жазушы Мұхтар Әуезов түрлі қоғамдық сатыдан өтті, алуан өмірдің ойын-қырын байымдады.

М.Әуезовтың творчестволық шығармасы сарқылмас қазына болып, әдебиетте мәңгілік қалды. Ғалым-жазушының еңбектерін зерттеу жұмыстары жиырма екінші ғасырда да жалғасып келеді. Әуезовтанушылар оның шығармаларынан кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғады. Көптеген профессор, академиктер шықты. Әуезовтың шығармалары көптеген тілдерге аударылды, дүние жүзіне таратылды.

Жібек МОЛДАСАНОВА,
абонемент бөлімінің меңгерушісі
Кеген ауданы

Қайырымдылық



Талдықорғандағы «Жастар-2» спорт сарайында шағын футболдан «1000 теңгеге баспана» атты қайырымдылық турнирі өтті.

«Харекет» қайырымдылық қоры ұйымдастырған турнирге әр команда 20 мыңнан жарна төлеп қатысып жатыр. Жиналған қаражат баспанаға мұқтаж жанға беріледі. Осы уақытқа дейін «Харекет» қайырымдылық қоры 686 жанға баспана сыйлады. Үйлі болғандардың 52-сі – Жетісу облысының тұрғындары. Жыл соңына дейін республика бойынша 400 отбасын шаттыққа кенелтсек деген ниетіміз бар. Бүгінде облыс бойынша 60 адам қор кезегінде тұр.

Жарыс қорытындысы бойынша 1-орынды «Ақбұлақ» командасы еншіледі. 2-орынды Жетісу университетінің ұжымы жеңіп алса, үздік үштікті Журналистерден жасақталған «Қарекет» командасы түйіндеді. Жарыс жүлдегерлері мен жеңімпаздары кубок, медальмен марапатталды. Сонымен қатар, «Үздік қақпашы», «Үздік қорғаушы», «Үздік сүрмерген» атанған ойыншылар да марапаттан тыс қалмады.

Жеңімпаз команда шілде айында сатып алынатын баспана кілтін мұқтаж отбасына табыстайды.

Қ. ШАКЛИН
Талдықорған қаласы

Жастар ресурстық орталығы

ЕЛ ЕРТЕҢІ – ЗЕРДЕЛІ ЖАСТАР



Қарасай ауданының Жастар ресурстық орталығы үнемі ауқымды шаралар өткізіп, түрлі байқауларға қатысып, жеңіс тұғырынан көрініп жүр. Жуырда Талдықорған қаласында Алматы облысы жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен мүмкіндігі шектеулі жастар арасында «Жүректен жүрекке» байқауы өтті. Шараға Қаскелең мәдениет колледжінің студенттері Айнұр Тұрмұханова, Адемай Койсакова-жетекшісі Балжан Джунусова, "Қалбибі" өнер студиясының әншісі Нұржан Қарлыбай - жетекшісі Қалбибі Абдулласва, сондай-ақ қолөнер шеберлері қатысып, өнерін көрсетті. Нәтижесінде, Қарасай ауданы II орынды иеленді. Сонымен қатар, таяуда Шамалған ауылының жастар ісі жөніндегі әдіскері Аяжан Үсеновaның ұйымдастыруымен "Ардагерлерді ардақтайық" жобасы аясында ауыл тұрғыны, зейнеткер, тыл ардагері Татьяна апаға көмек көрсетілді. Жалғызбасты қарт ананың ауласын ретке келтіріп, үйін жинаған жастар тобына Таня апай шексіз алғысын жаудырды.

Айжан БАЛАЖАНОВА,
Қарасай аудандық Жастар ресурстық орталығының жетекшісі

Ата мұраны ардақтаған АНА

Талдықорған қаласында бір әулеттің бірнеше ғасырлық мұрасын сақтаған Ауесхан Мажай атты апа тұрады. Ол – тағдырдың талай тезіне ұрынған бір әулеттің бірнеше ғасырлық мұрасын сары майдай сақтаған ұқыпты жан. Ата дәстүр мен салт-санаға, әдет-ғұрыпқа аса бір ыждағатпен, құрметпен қарап, білгенін балаларына үлгі еткен кемеңгер ана. Он саусағынан өнер тамған шебер бүгінде тапсырыспен ұлттық киімдер тігеді.

Кейіпкеріміздің әкесі Мажай да, арғы аталары да он саусағынан өнер тамған қолөнершілер, жыршы-термеші, күйші болған. Мажай ақсақал өз кезінде жолбарыс, ілбіс, қасқар, бұғы, елік, қоян секілді басқа түз тағыларын қолда үйреткен. Қолөнер шебері екендігімен де танымал. Ал шешесі Зинап та танымал адам болған. Олардың шеберлігі мен өнерін кейін ұлдары Бәйдібек пен Батырхан жалғастырып, өз тұсында өрмешілік, дәрігерлік, аңшылық кәсіппен айналысқан. Ауесхан бала күнінен бастап шешесінің тізесіне сүйеніп отырып, өрмек тоқу, киіз басу, түскиіз тігу, тағы да басқа шеберліктің бәрін ұқыптылықпен үйренген. Бүгінде жетпіс жасқа келген ана әлі де қолынан ұршығын тастамай жіп иіріп, бізін тастамай кесте тігіп, көрпе



құрап, түрлі қыз жасауларын тігіп, ою ойып, сырмақ басып, қазақтың қара сабынын қолдан жасап, ол өнерін немерлеріне үйретіп, әлі де тынымсыз еңбектеніп келеді. Сонымен қатар, қазір Талдықорған қаласындағы бірнеше мектептің балаларына қолөнерден тегін үлгі көрсетіп, тәжірибе сағаттарын өткізіп, шәкірт тәрбиелеумен де шұғылданып жүр. Ол үшін бір тиын да ақы дәметіп көрмеген. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» дегендей, бұл да еңбектің қадірін түсінген адамға үлкен үлгі боларлық дүние.

Ауесхан Мажайқызы – бір әулеттің үш ғасырлық мұрасын бүгінгі күнге аялап жеткізіп, ел игілігіне асырған ұқыпты ана. Жан тербейтін, жалпы саны жеті жүзден асатын жәдігердің арасында алтынмен аптап, күміспен күптеген тұрмыстық бұйымдар мен шеберлер мұрасынан тартып, қолөнер, саятшылық, аңшылық, дәрігерлік, егіншілік, үй жабдықтары асыл қазынамыздың абыройын арттырып тұр.

– Отбасында көрген тәлімі мол тәрбие ұлттық қолөнерге жақын жүруіме себепші болды. Кейін зәңгі атамыздың (Омарақын Жапсарбайұлы) ауылына келін болып түскеннен кейін де көрген ісімді ары қарай жалғастырдым. Мен келін болып түскен ауыл ел билеген, оқу-білім, өлең-жырға әуес, думаншыл еді. Өкінішке орай, 1952-1976 жылдар аралығындағы түрлі қоғамдық жағдайға байланысты атам да, жұбайым да «бай-манап, көнеліктіні дәріптеуші, сары өлең жазып, елді адастыратын зиялы» деген секілді жала жабылып, көп құғын көрді. Мені де: «Бай-манаптың келініне қайдағы ақ халатты жұмыс, өндірісте істейді»,



– деді де шаруашылық жұмысына жіберді. Талай қиын күндерді өткіздік. Атамыздың: «Бастарыңа қандай қиын күн туса да арам өліммен өлмеңдер, өтірікті мойындамаңдар», – деген өсиетін орындадық. Атам өмірден өтерден бір күн бұрын кешке үйге оралғанда мені жанына шақырып алып, өзі қолымен жасаған үлкен ағаш сандықты жанына алдырды да жәдігерлерді сол сандыққа салдырып: «Кейінгі ұрпақтар мұның қадірін түсіне ме, түсінбей ме, білмеймін. Уақыты келгенде тапсыратын жеріне тапсырып берерсің, болмаса, өз қолыңмен бітіріп кет», – деп қадағалады. Ол кезде жаспын ғой өсиет айтып жатқанын қайдан білейін, – дейді кейуана.

Ең бастысы, бұл мұралар – тек бір әулет тұтынғанымен, әрқайсысы ұлтқа ортақ жәдігер. Олардың арасында жүз жылдық бесік те бар. Ол туралы Қазақстан ұлттық телеарнасының «Қарекет» ток-шоуында арнайы бағдарлама да түсірілген. Апамыздың қолындағы күміс талшықтардан өріп, өрнектеп жасаған білезік те он саусағынан өнер тамған шебердің қолынан шыққаны анық.

– Бұл шешемнен қалған естелік. Кем дегенде екі жүз жылдан асқан дүние. Шешем сексен жасқа жақындап қайтыс болды. Білезікті ұлы атам Рақымбай бәйбішесіне арнап жасаткан екен. Ол кісінің көп зергерлік дүниесі сақталмай қалды. Атамыз 1800 жылдары өмір сүрген, – деп тағы бір тарихтың шетін шығарды.

Қазақстан тәуелсіздік алған соң, атамекеніне алдымен балалары көшіп келді. 2016 жылы қонаққа келгенде жұбайы қайтыс болып, Талдықорған қаласына жерленеді. Осыдан кейін біраз сақтаған жәдігерін Қытайдың Күнес аудандық музейіне тапсырып, қалғанын елге алып келеді.

– Осы жәдігерлерді елге жеткізу үшін Қазақ-Қытай шекарасынан 90 рет өтіппін, – дейді Ауесхан Мажайқызы. Атасының өсиетін орындау үшін жетпіске таяп қалған шағында екі елдің шекарасынан зілдей ауыр сумкаларды сүйрелеп, тоқсан неше рет өту – екінің бірінің қолынан келе бермейтін төзімділік. Бұл да – нағыз еңбек адамына тән жақсы қасиет.

«Бейнеттің зейнеті бар» дегендей, бүгінде Ауесхан Мажайқызы сол жәдігерлердің 100-ге жуығын «Атамекен» тарихи-мәдени орталығының қорына тапсырды. Ол мұралар мемлекеттік тізімге алынып, мемлекеттің қорғауына өтті. Кейбір қолөнер бұйымдары мен жәдігерлері көрші елдер мен Еуропа елдерінің музейлеріне берілді. Биылғы жыл басынан бері еліміздегі бірнеше музеймен келісім жасалыпты. Ауесхан Мажайқызы, міне, осылай адал еңбегінің арқасында елдің рухани байлығына сүбелі үлес қосуда.

Биыл жетпіс жасқа келген Әуесхан Мажайқызы – жеті баланы өмірге әкеліп, бәрін ұлттық тәрбиенің нәрімен сусындатқан «Алтын алқалы» ана. Балаларының бірі – дәрігер, енді бірі – журналист, сәулетші, құрылысшы, мұғалім, мемлекеттік қызметкер. Ең бастысы, әрбірі бірнеше жоғары оқу орнын бітірген. Осыдан-ақ Ауесхан Мажайқызы жеті баласын оқыту үшін қаншама еңбек еткенін көруге болады. Ол кісі ұрпақ тәрбиесіндегі үлгілі істері үшін Қытайда тұрғанда «Мемлекеттік ұрпақ тәрбиелеудің үлгісі» деген марапатқа да ие болған. Балаларын оқыту үшін 1990 жылдары кәсіпкерлікпен айналысып, тары, талқан, жент, жарма, сүзбе, қатық, тары көже, боза сияқты ұлттық тағамдарды саудаға шығарып, кәсіпкерлікпен айналысқан. 1999 жылы Қытайда өткен ауылшаруашылық өнімдер жәрмеңкесіне қатысып, «Ұлттық өнімді сақтаған бірінші дәрежелі шебер» деген марапатқа ие болыпты.

Ауесхан Мажайқызының тіккен түскиіз, жүк жапқыш, құрақ көрпе, капшық дорба, қасқыр тұмақ, тақия, тағы да басқа тұрмыстық бұйымдар, сан түрлі қыз жасауы, тоқымалар, қолмен басқан киіз сырмақ, тоқыған алаша, бүгінге дейін жеткізген қазақтың қара сабынын жасау техникасы өз алдына бір төбе. Бүгінде арнайы тапсырыспен тігіп жүр. Алтын Орданың 750, Орбұлақ шайқасының 365 жылдығына орай ұйымдастырылған республикалық көрме мен Түркістан қаласында өткен «Turkistan: One way One histopyInternational forum – 2019» халықаралық көрмесіне қатысып, жақсы баға алды. Талдықорған қалалық, Алматы облыстық қолөнершілер байқауында жүлдегер атанды. Бүгінде Алматы облыстық ардагер әжелер ансамблінің құрамында ұлттық өнерді ұлықтап жүр.

Әрине, Ауесхан Мажайқызының бұл еңбектеріне отағасының да үлесі бар. Бірақ жұбайы Омарақын Аңдас шығармашылық адамы болғандықтан отбасы тәрбиесіне көп араласа бермейтін. Қайта отағасының алаңсыз шығармашылықпен айналысуына жағдай жасап, үлкен нәтижеге жетуіне жол ашты. Қытайда қазақ, қытай, ағылшын тілдерінде 15 кітабы жарық көрген Аңдас Омарақын 2010 жылы тарих саласына қосқан үлесі үшін ҚХР-ның Мемлекеттік сыйлығын алды. Бүгінде Ауесхан Мажайқызы отағасының басылым көрмеген өлеңдерін, айтыстарын, тарихи зерттеу еңбектерін жинақтап, көптомдығын баспадан шығару ісімен айналысуда.

ОмарАҚЫН

Райымбек

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: АҚ "Бірлік" компаниясының президенті Стахан БЕЛҒОЖАЕВ
МЕНШІК ИЕСІ: "Орда- Бек- Нұр" ЖШС- нің директоры Гульбану Кошекбаева
Бас редактор Шыңғыс Тұрсынов

ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігі. Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті.
Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке алу туралы
№16773- Г
куәлігі 06.12.2017 жылы берілген.
МББ тілі: қазақша,орысша, ағылшынша, ұйғырша

Авторлардың пікірлерін редакцияның түпкілікті көзқарасы деп түсінбеген жөн.
Мекен-жайымыз: 041400 Кеген ауданы, Кеген ауылы, Мүсірәлі көшесі, № 10/3
Жұмыс телефоны:
8 (72777) 5-50-26.
Ұялы телефондар:
8 775 372 9645, 8 705 221 09 79,

e-mail: Raimbek.ordabeknur@mail.ru

"Райымбек" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
Индекс: 64629
Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы - 3500
Тапсырыс № 2340
Газет "Дәуір" Республикалық полиграфиялық баспа комплексінің баспаханасында басылады.
Баспахана мекен-жайы: Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі № 17 үй
Телефоны: 273-50-53

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ



Электр энергиясын есепке алу құралын пайдалануға байланысты толғандырған сұрақтарды Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Алматы облысы бойынша аумақтық департаментінің басшысы Ерікбай НАРМҰРАТОВҚА жолдап, төмендегідей жауап алдық.

Энергияны пайдалану тәртібі

– Ерікбай Әзіретқұлұлы, күнделікті өмірді электр қуатынсыз елестету мүмкін емес. Осыған байланысты тұтынушыларда көптеген сұрақ туындап жатады. Жалпы, тұрғындар электр қуатын есепке алу құралдарын орнатуға міндетті ме?

– Электр энергиясын пайдалану қағидаларының 9 параграфына сәйкес, электр энергиясын тұрмыстық қажеттілікке пайдаланатын тұтынушылар электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдарынсыз электр энергиясы қабылдағыштарын қосуға болмайды. Яғни, бұл ереже есепке алу құралдарын орнатуды міндеттейді.

– Көп жағдайда тұрғындар есепке алу құралын тексеруге келген мамандардың жұмысына кедергі келтіріп жатады. Бұл қаншалықты заңды?

– Негізінде, тұтынушылар электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдарын энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйымның өкілдері қарап тексеруі үшін кедергісіз жерге орнатуы керек. Сонда түсініспеушілік кездеспейді. Егер энергия беруші немесе энергия өндіруші ұйымның және энергетикалық қадағалау және бақылау органының өкілдеріне жұмыс уақытында тұтынушылар кедергі жасаса энергия өндіруші ұйым тұтынушыға электр энергиясын беруді толығымен тоқтатып тастай алады.

– Электр есептегіш жиі тексеріліп тұра ма?

– Электр есептегіштерді тексеру – есепке алу құралының жарамдылығына жүргізілетін сараптама. Тексеріс екі түрлі жағдайда жүргізіледі. Бірі – ҚР өлшем бірліктерін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізілімінде көрсетілген мерзімдегі тексерісаралық интервалға сәйкес жүргізіледі. Енді бірі – мүдделі тараптардың өтініші бойынша жоспардан тыс салыстырып тексеру жасалады. Жоспардан тыс салыстырып тексеру кезіндегі шығынды тексеруді өтінген тарап өтейді.

– Тұтынушылардың есептеу құралдарын өз бетінше орнатуына бола ма?

– Болмайды. Оны тек электр энергиясын есепке алу құралдарын орнатуға рұқсаты бар мамандандырылған ұйым ғана жүзеге асырады.

– Түсінікті. Ендеше есептеу құралдары кімнің есебінен орнатылады?

– Жаңа салынып жатқан және қайта құрылатын объектілерде электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралы тұтынушының есебінен, ал электр энергиясын тұрмыстық қажеттілікке пайдаланатын тұтынушылардың бұрын қойылған коммерциялық есепке алу құралын ауыстыру, аталмыш норма электр энергиясы тарифінің ішіне кіретін жағдайда энергия беруші ұйымның есебінен жүргізіледі.

– Тұтынушының есепке алу құралы бұзылған жағдайда қалай болады?

– Тұтынушының есепке алу құралының бұзылғаны анықталған жағдайда тұтынудың есебін энергия беруші ұйым алдыңғы немесе электр энергиясының қаржысы мен есепке алу схемасы түзетілген келесі есептік кезеңнің орташа тәуліктік шығыны бойынша жүргізеді. Есеп айырысу кезеңі бұзылу анықталған күннен бастап қалпына келтіру күніне дейінгі аралықты қамтиды. Алайда, ол мерзім күнтізбелік 30 күннен аспауы қажет.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Қ. ОМАРАҚЫН

ЕЛДІҢ ЖАЙЫ

ЖЕТІСУДЫҢ болашағы зор

Алматы облысы екіге бөлінді. Әркім өзі тұратын өңірдің болашағына алаңдаулы. Әсіресе, Жетісу облысының халқы «республикалық бюджеттен бөлінетін қаржы азайып, жағдайымыз төмендеп кете ме» деген дүдәмал ойда.

Алайда, алаңдауға негіз жоқ. Өйткені жаңа кәсіпорындар іске қосыла бастады. Мысалы, биыл Қаратал өңірінде жоғары сапалы кремний өндіру қолға алынды. Бұл – Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қуатты өңірлер – қуатты ел» қағидасының тоқтаусыз іске асырылып келе жатқандығының айғағы. Жаркент өңірі – өзінше бір экономикалық аймақ. «Қорғас» кеденінен облыс қазынасына түсер салық едәуір. Болашақта аталмыш елмен сауда-саттық бұрынғыдан да жанданбақ. «Достық» кеденінде үлкен порт ашылғалы жатыр. Бұрын екі елден келген пойыздар қатар тоқтап, жүктерді бір-біріне қолмен лақтыратын. Бұл қауіпті және көп уақыт алатын. Енді тек вагондарды бір-бірімен алмастыратын болады. Жүк те сынбайды, артық күш те жұмсалмайды. Яғни, жүк тасымалы жақсарады.

Жетісу облысының шұрайлы өлкесі – Алакөл. Айдынды өңірдің суы мен балығы – тағы қант қызылшасынан сүрлем сығатын цех. Алдағы уақытта Молалы стансысы мен Жансүгір кенттерінің арасына теміржол салу ойда бар. Мұның барлығы жүзеге асқанда экономикалық жағдай бұрынғыдан да жақсара түседі. Сондықтан Жетісу өңірінің болашағы зор. Алдағы уақытта өндіріс пен ауылшаруашылығы өркен жаяды.

Ғабит ТҰРСЫНБАЙ,
облыс әкімі аппаратының
Әдеп жөніндегі уәкілі

ӘРЛЕУ

Техникаларын жаңартты

Кәсіптік-техникалық білім беру саласын нығайту мақсатында 180 колледжде сұранысқа ие мамандықтар бойынша «Жас маман» жобасын енгізу жоспарланған.



Жобаны іске асыру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігі мен Алматы облысы әкімдігі арасында меморандумға қол қойылған.Осы жобаға сәйкес Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіптік колледжі заманауи ауылшаруашылығы техникаларымен қамтамасыз етілді. Негізгі мақсаты – кәсіптік колледждерді халықаралық стандарттар негізінде модернизациялау.

Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіптік колледжі болып саналатын жобаға «Фермер шаруашылығы» мамандығының «Ауылшаруашылығы өндірісінің трактористі-машинисі» біліктілігі бойынша кірген. Мемлекет тарапынан 240 млн. теңге бөлініп, оған заманауи тракторлар мен комбайн және ауылшаруашылығына арналған машиналар мен агрегаттар сатып алынды.

С. ӘШІМБЕКҰЛЫ
Жамбыл ауданы

ТУРИЗМ

Ұлттық қорық жануарларға өте бай. Мұнда қарақұйрық, құландар мен бөкендерден бөлек, омыртқалы жануарлардың 200-ден аса түрі кездеседі. Іле өзені мен Қапшағай су қоймасында балықтың 32 түрі бар.

«Алтынемел» кереметі

Ұлттық қорық аумағы таулар, таулы қыраттар, жазықтар мен жоталардан тұрады. Өсімдіктер, омыртқалы жануарлар мен құстардың сан түрі бар. Олардың 40-ы Қазақстанның Қызыл кітабына енген. Күз айларына қарай қорықтың тау бөктерінде шетен шоқтары қызара бастайды. Ал жазық далада қыркүйек,қазан айларында жусан мен сораңшөптер гүлдейді. Кейбір эндемикаларды,жоңғар аспарасын тек осында кездестіресіз. Бұл өсімдіктерді әлемнің өзге елінен іздесеңіз таба алмайсыз, тек Шолақ тауында бар. Ұлттық саябақты туристер қабылдайтын арнайы қонақүйлер орналасқан.

«Бесшатыр» археологиялық тарихи мұражайын,Ақтау тауында динозаврлар паркі мен палеонтологиялық мұражай, туристік кемпингтер, этнографиялық ауылдар, шатырлы лагерьлер салу жоспарлануда. Қорықта қолдан ештеңе істеудің қажеті жоқ. Жаратылыстың өзі қазаққа сыйлаған «Айғайқұм», «Бесшатыр» қорғандары, тау сілемдеріндегі сұлулық, Ақтау, Қатутау, 700 жылдық тарихы бар киелі ағаш, сирек кездесетін аң-құстар саяхатшылар үшін таптырмас көрініс. Тек біздің қорықшыларымыз осы сұлулықты сақтап, жабайы аң-құсты қорғап, сақтай білсе болғаны.

«Бұл жолы Ақтау мен Қатутау тауларын,700 жылдық тарихы бар киелі ағашты көруге мүмкіндік болмады. Қорықтың директоры Халық Баяділовтің айтуынша, қорықты бір-екі күнде толық аралап шығу мүмкін емес. Алыстан ат арытып келетін шетелдік туристер мұнда апталап жатып, табиғаттың жаратқан кереметін асықпай аралайды.

Қайрат БАЙЖҰМАЕВ,
Алтынемел МҰТП мемлекеттік инспекторы

Басши ауылы,
Кербұлақ ауданы



ДАЙЫНДЫҚ

Көл бойы көркейе түспек

Лепсіден көл жағалауына дейінгі 27 шақырым жолға 2955,334 млн. теңге бөлініп, құрылыс жұмысы бас мердігер «Казстройцентр» ЖШС-нің еншісінде.



Балқаш көлінің жағалауында қазіргі уақытта 18 демалыс аймағы жұмыс істейді. Өкінішке қарай, көл жағасында спорттық-бұқаралық ойындар өткізуге арналған спорттық алаң жоқ. Сонда да жыл сайын шомылу маусымы ашылғанда жағажай футболы мен волейболдан жарыс өтіп жүр.

Қажет АНДАС

Биылғы шомылу маусымының ашылуына жағажай волейболы, арқан тарту, гір көтеру және армреслинг бойынша сайыстар өткізу жоспарланған. Ойын алаңынан бөлек бұл жақта жол мәселесі де әлі өзекті. Айталық, 2017-2020 жылдары бюджеттен 10 млрд. теңгеге жуық қаржы шығынданып, «Алматы – Өскемен – Лепсі – Ақтоғай» автомобиль жолының тек 35 шақырымы ғана жасалды. Бас мердігер «Жол» ЖШС тақтайдай жол төсеп, жобаны сапалы атқарып шықты.

Өткен жылы «Алматы – Өскемен – Лепсі – Ақтоғай» автожолының 35-110 шақырым аралығы қайта есептеліп,жол құрылысы 13693,555 млн. теңгені құрады. 2023 жылға дейін толық аяқтау «Жол» ЖШС-не тапсырылған. Сондай-ақ, Лепсіден көл жағалауына дейінгі 27 шақырым жолға 2955,334 млн. теңге бөлініп, құрылыс жұмысы бас мердігер «Казс- тройцентр» ЖШС-нің еншісіне тиіпті. Олар жобаны келесі жылдың шомылу маусымына дейін аяқтайтынына сенімді.

Қазір аталған аумақтарда топырақтың өсімдік қабатын алу, айналма жолды жайластыру, жер қазу және құбырлы және тюбенді өткелдердің құрылысы, тағы да басқа жұмыстар жүргізілуде. Дегенмен, көлге шомылуға баратын жүргіншілер 2017 жылдан бері жыл сайын сағызша созылып келе жатқан жол құрылысына наразы. Осы жағдай биыл да қайталанғалы тұр. Сондықтан Балқаш көліне келетін демалушылардың қатарын көбейту үшін автожолды тездетіп жөндеген жөн.

Тағы бір айта кетерлігі, қазір демалушылардың талғамы жоғары. Өйткені, шетелдің жанға жайлы, демалысқа қолайлы жерлеріне жиі баратындар елдегі демалыс айлақтарынан да сондай жағдайды талап етеді. Бұл ретте Сарқан ауданындағы туризм мен демалыс орындарын дамыту мақсатында 2012 жылдан бастап «Балқаш туристік-рекреациялық аймағын» жоспарлау жобасы қолға алынды.

Тынымсыз жұмыстың нәтижесінде мемлекеттік сараптаманың және бас жоспардың оң қорытындысымен 860 гектар аумақты құрайтын бас жоспардың 560 гектарының техникалық экономикалық негіздемесі әзірленген. Оның жобасын «Казгипроград» жобалау институты» ЖШС 23 320 000 теңгеге орындапты. Бас жоспар Сарқан аудандық мәслихатымен 2013 жылғы 17 сәуірдегі №16-87 қаулысымен бекітілді. Бас жоспарда балық аулау және аңшылық демалыс аймағы, жастар аймағы, климат, су және балшықпен емдеу аймағы, қыс мезгіліндегі демалыс аймағы, балалар демалыс аймағы, отбасылық демалыс аймағы, элиталық демалыс аймағы сияқты 7 демалыс аймағы мен бірнеше кешен қамтылған.

Есептік мерзімге жобаланған аумақтың жалпы сыйымдылығы шамамен 44,92 мың демалушыны және рекреациялық салада 7,5 мың адамды қамтиды. Олар жайлы демалып қайтуы үшін таза ауызсу желісі мен көріз жүйесі тартылып, сорғы стансылары салынады. Электрмен толық қамтамасыз етіліп, көл жағасына жүргіншілер жүретін тротуар, оның бойына жарық шамдар орнатылмақ. Осы жұмыстар толық жүзеге асса, Балқаш көліне баратын демалушылардың қатары көбейе түспек.

Сарқан ауданы

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОТБАСЫЛЫҚ ҚОР

АТАДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ МҰРА

ТАЛДЫҚОРҒАН МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «АТАДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ МҰРА» АТТЫ ОТБАСЫЛЫҚ ЖАҢА ҚОР АШЫЛДЫ. МЕКЕМЕДЕ «АНДАС» ӘУЛЕТІНІҢ ОТБАСЫЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ҚОРЫ АШЫЛЫП, ОЛ ЖЕРГЕ 60-ҚА ЖУЫҚ ІС, МЫҢҒА ЖУЫҚ ҚҰНДЫ ҚҰЖАТТЫ САҚТАУ ТАПСЫРЫЛДЫ. БІР ӘУЛЕТТІҢ БАЛАЛАРЫ АТА-БАБАЛАРЫНАН ҚАЛҒАН ЖӘДІГЕРЛЕРДІ МҰРАҒАТҚА ӨТКІЗІП, ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ДАМУЫНА ӨЗ ҮЛЕСТЕРІН ҚОСУДА.

Айтулы іс-шараға Жетісу облысының белді мүшелері, қоғам белсенділері, тарихшы, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен өнертанушылар қатысты. Жиналған қауым құттықтау сөзін айтып, өзара пікірталас жүргізді.

Алғашқы құттықтау сөз кезегі облыстық аналар кеңесінің төрайымы Жамал Қасымбековаға берілді.

– Ең біріншіден бүгін үлкен қор ашқандарыңыз құтты болсын! Сөздің ең ұлысы тарих дейді ғой. Біз өткенімізді білмей, болашақты болжай алмаймыз. Сондықтан менің ойымша, «Андастың қоры» миллиардтан аса халқы бар Қытай мемлекетінің тарихын білуімізге үлкен көмек көрсетеді. Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Тоқаевтың кітабын оқып отырып, осы Қытай мемлекеті туралы көп нәрсені білгенмін. Олардың қандай халық екенін, әдет-ғұрпын дегендей. Ал сол жерде туып-өскен сіздердің қытай қазақтары жайлы бізге беретін жәдігерліріңіз одан да көп деп ойлаймын. Бір адамның тарихы, бір адамның жазып кеткен қоры бізге тарихты білуге әсер етеді. Тағы бір қуанатыным, Алланың берген балаларын осы күнге дейін өсіріп, жеткізіп, адам қатарына қосып отырған анамызға үлкен алғыс! Қарап отырсаң, қазір баланың да ата-ананың алдында аманаты орындалып жатыр. Әкесінің мұрасын осыншама еңбек етіп, көз майын тауысып жазып, оны халыққа, бізге жеткізу – үлкен міндет. Әрбір қазақтың баласы ата-анасын осылай құрметтеп сыйлап, әкесінің тарыдай ғана нәрсесін таудай қылып көрсете білсе, ол біздің қазағымыз үшін, тарихымыз үшін құнды дүние болар еді, – деді ол.



«Андас әулеті» халық шығармашылығын, қазақ фольклорын зерттеп, ата мұрасын ардақтап, ұлттық өнерді жалғастырып келетін әулет, көп балалы отбасы. Бүгінде 7 бала, 16 немере-жиен тәрбиелеп отыр.

Андастан тараған ұрпақтар ата-бабаларының бес ғасыр бойы тұтынған 700-ден астам жәдігерін сақтап, бүгінгі күнге жеткізіп отыр. Оның бір бөлігі ҚХР Күнес аудандық мұражайында сақтаулы екен. Ал 100-ге жуық жәдігер «Атамекен» мәдени орталығының қорына тапсырылған. Сонымен қатар бұл әулет қазақ халқының рухани қазынасын байытуға мол үлес қосқан отбасы ретінде танымал.

Жалпы, бүгінде Андас отбасы мүшелері жазып, құрастырған 44 кітап қазақ руханиятына өлшеусіз үлес қосты. Оның 10-ға жуығы еліміздің электронды кітаптар тізіміне енді. Сондай-ақ олар 1930 жылдан бергі латын, шағатай, қытай, төтеше жазумен жазылған 5 мың беттен артық қолжазбаны сақтап келеді. Биыл отбасы мүшелері ақын, тарихшы, зерттеуші Андас Омарақынның «Тарих талғарында», «Дода», «Жылдар ізі» атты үш томдық еңбегін жарыққа шығарып, оқырман назарына ұсынып отыр.

Шара барысында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқытушылары да келіп, ашылып жатқан қорға байланысты өз пікірлерін білдірді.

– Біз екі мыңжылдық, бес мыңжылдық тарихымыз бар дейміз және бір өкініштісі оны дәлелдейтін архив өте аз сақталған. Сондықтан ол қазіргі күнге дейін өзекті. Мәселен Қытайда әр отбасында өзіндік архив болады. Бізде де сол нәрсе қалыптасу керек. Шет мемлекеттерге барсаңыз, Лондонның архивы, Мәскеудің архиві, Жапонның, Токионың архиві деп оларды көріп, таңдай қағып қайтамыз. Ал ол несімен құнды дегенде, сондағы архив санымен және құжаттарымен бағалы. Мысалы сіз бір жапырақ қағазды алып құнды дүние жаздыңыз, кейіннен оны бумаждап лақтыра салсаңыз, қоқыс болады. Ал, егер бүктеп сақтай салсаңыз, сол жерде қарайып, жата береді. Кейіннен оны әкеліп архивке өткізсеңіз ол мемлекет меншігіне айналып, сақтаулы тұрады – дейді журналист Қажет Андас.

Андас отбасының жетістіктері мен ел өркениетіне қосқан үлесі туралы республикалық және облыстық газет-журналдарда мақалалар үзбей жазылып, телеарналарда сюжеттер түсірілуде. «Жетісу» телеарнасының «Ұлт құндылығы» бағдарламасы мен Алматы облыстық ішкі саясат басқармасының «Еліме қызмет етемін» атты жоба аясында Әуесхан Мажайқызы мен Қажет Андас туралы бірнеше хабар түсіріліп, көрсетілді. Олардың еңбектері де ел алдында үнемі еленіп келеді. Отағасы Андас Омарақын 2010 жылы ҚХР мемлекет дәрежелі сыйлығын алса, Андас отбасы 2009 жылы Қытайда «Ұрпақ тәрбиесіндегі мемлекеттік үлгілі отбасы» деген марапатқа ие болды. Бүгінде отбасы мүшелері облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі марапаттардың жеңіс тұғырынан түспей жүр. Осындай отбасы өнегесін әулеттің немере-жиендері жалғастыруда.

Арайлым БЕЙСЕНҒАЛИҚЫЗЫ

МЕДИЦИНА

ЖАҢАШЫЛДЫҚ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханада «Инсультты емдеу. Cerebra» тақырыбында конференция өтті. Жиынға невропатологтар, нейрохирургтер, реаниматологтар, жедел жәрдем дәрігерлері және КТ, МРТ мамандары қатасып, арнайы бағдарламамен танысты.

«Cerebra» жобасы ишемиялық және геморрагиялық инсультті автоматты түрде анықтауға арналған нейрорадиология саласындағы жасанды интелект. Янғи бұл инсультті ерте кезеңде анықтап, 10 минутқа дейін инсульт белгілерін диагностикалауға және өлім мен мүгедектік қаупін азайтуға мүмкіндік береді. Өлімге апаратын аурулардың ішінде бірінші орынды алатын бұл дертпен жылына аз дегенде 40 мыңға жуық адам ұшырайды екен. Бұл адам көзінің көру шектігінің салдарынан дейді мамандар. Цитоксикалық ісінуді және жоғарыда аталған ауруды дер кезінде анықтау мақсатында Almaty A.I. Lab компаниясы жасаған аталмыш жоба 2018 жылы ашылып өз жұмысын жалғастыруда. Қазіргі уақытта бағдарламаға 25-тен астам аурухана қосылған. Соның ішінде Отандық «Cerebra» MedTech стартапы өз бағдарламасын «Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханада» іске қосты.

Бұл жасанды интелект дәрігерлерге науқастың деректерімен өзара алмасуы үшін кез келген жерден платформаға кіру мүмкіндігін де береді. Дәлірек айтқанда тапшы немесе біліктілігі жоғары дәрігерлермен онлайн форматты бейне қоңырау арқылы науқасты емдеп, дер кезінде өмірін құтқарып қалуға мүмкіндік береді. Дәрігерлер видео қоңырауға тек компьютер арқылы емес, ұялы телефонмен де қосылып, кез келген уақытта, ота жасау барысында байланысқа шыға алады.

Инсультпен күресуге көмектесетін инновациялық технологияларды қолдау мақсатында жұмыс жасайтын «NeuroDamu» қайырымдылық қоры Almaty A.I. Lab компаниясымен бірлесе «Cerebra» жобасын жүргізуде. 2021 жылдың 29 қазанында ашылған бұл қор аталмыш дертпен күресуге көмектесетін медицина студенттеріне, резиденттерге, аспиранттарға және зерттеушілерге қолдау көрсетеді.

«Cerebra» жобасын таныстырған «NeuroDamu» қайырымдылық қорының директоры Бексұлтан Маратұлының айтуынша, телемедицина жобасы бойынша ауруханаға жоғары байланыстағы камера, аудиоколонка, ноутбук, серверлік жабдықтар және өзге де техника ұсынылды.

– Біз цифрлық медицинаны дамыту мақсатында көптеген шараға қатысып, жобамызды ұсынудамыз. Болашақта мемлекет аумағында жұмыс жүргізуді көздейміз. Яғни, инсульттан зардап шеккен науқастарды ертерек анықтау үшін өзіміздің жаңа техникамызбен, аппараттарымызды орнатып, білікті мамандардың бір-бірімен еркін байланысуына жол ашамыз. Сонымен қатар жоба аясында мамандарды оқытып, науқастарды операциясыз емдеу жолдарын үйретеміз. Қазіргі таңда жоба 13 аймақта, бізбен кеңесімге отырған ауруханалар арасында жұмыс жасайды. Шартқа отырған ауруханалар тек жобаға қосылып қана қоймай бір-бірімен байланысып, дәлігерлер ешқашан уақытында өзара онлайн форматта хабарласа алады, – деген қор директоры тәжірибесі аз дәрігерлерге алыстағы білікті мамандардың көмегіне жүгінуге болатынын айтты.

Айта кетерлігі жаңа технология арқылы тек өзара байланысып қана қоймай, науқастың ауру тарихын да онлайн зерттеп, автоматты түрде талдау үлгілерін көре алады.

Аталмыш жоба Қазақстан аумағында жұмыс жасайтын болса елімізде жоғары санаттағы мамандардың тапшылығы байқалмас еді. Әсіресе ауыл аймақтағы тапшы мамандар осы жобаны қолданса, дертіне ем іздегендерге керемет көмек болатыны анық.

Айнұр БЕКМОЛДИНА

23 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІ

БІЛІКТІЛІКТЕРІН АРТТЫРДЫ

ҚАЗІРГІ ӨРКЕНИЕТТІ ЗАМАН АҒЫМЫНА ҚАРАЙ КЕЗ КЕЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨРКЕНДЕУІ, ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ АРТУЫ, ҚОҒАМНЫҢ БАРЛЫҚ САЛАСЫНЫҢ ҚАРЫШТАП ДАМУЫ – ЕҢ АЛДЫМЕН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ЕҢБЕГІНЕ ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ. ДАМЫҒАН ЕЛДЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕСІ ЕЛДІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДА МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТТЫҢ КАДРЛЫҚ МҮМКІНДІГІ АСА МАҢЫЗДЫ ЕКЕНДІГІН КӨРСЕТІП ОТЫР.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет жүйесінде оқытудың инфрастуктурасы қалыптастырылған, оның құрамына Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару Академиясы, өңірлік қайта даярлау және біліктілігін арттыру орталықтары және тағы басқа білім беру мекемелері енеді. Жыл сайын орта есеппен қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарында мемлекеттік қызметшілердің үштен бірі оқытылады, нәтижесінде үш жыл сайын мемлекеттік қызметшілер жүз пайыз оқыту курстарымен қамтамасыз етіледі.

Осыған орай 2022 жылдың сәуір айында Алматы облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сот қызметкерлері Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Алматы облысы бойынша филиалында біліктіліктерін арттыру курсын бітіріп шықты.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлының сөзінде «Мемлекеттік құрылыстың заманауи үлгісі қазірдің өзінде элитарлық, өзгешелік тұжырымдардан алыс. Әр шенеунік өзін халықтың бір бөлшегі ретінде сезініп, халық үшін және халық арасында жұмыс істеуі тиіс екенін ұмытпауы қажет. Халық үніне құлақ асатын мемлекет дегеніміз биорократиядан мүлде ада болып, цифрландыру негізінде жүзеге асырылатын барлық рәсімнің ашықтығы» деген сөздері әрбір мемлекеттік қызметші үшін басты қағидаға айналуы тиіс деп білемін.

Мақсат ӘЛМАХУНОВ,
Алматы облысы мамандандырылған ауданарлық әкімшілік сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.

МЕКТЕБІҢДЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНІҢ ОҚУШЫЛАРЫ 10 ЖЫЛДАН БЕРІ ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ БЕЛСЕНДІ ТҮРДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫП КЕЛЕДІ.

МЕДИА-МАРАФОН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Осындай жоба аясында Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні қарсаңында медиа-марафон ұйымдастырылды. Жас еріктілердің жұмысын Жетісу еңірінің БАҚ өкілдері тамашалады.

Медиа-марафон үйсіз қалған жануарларға арналған үйшік салу шеберлік сағатынан басталды. Одан әрі бағыт «Айналайын» балалар үйінің жазғы лагеріне және облыстық мамандандырылған «Балалар үйіне» сапарымен жалғасты.



Оқытушы-куратор-ұйымдастырушы Жанар Оразбаеваның айтуынша, әлеуметтік жобалар мектептің маңызды бағыттың бірі. *– Оқушылардың белсенді өмірлік ұстанымы бар, олар өз аймағының өмірі мен мәселелерін біледі. Отансүйгіштік, жалпыадамзаттық құндылықтарға деген адалдық әр сабақта бойларына сіңіріліп, жалпы жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастырады,* – дейді ол.

Медиа-марафон жалғасы деңгелек үстелге ұласты. Онда ынтымақтастық перспективалар талқыланды. Өз кезегінде мектеп директоры Виктор Сосин республикалық және облыстық БАҚ журналистеріне белсенді және жемісті жұмыстары үшін алғысын білдірді.

– Барша БАҚ өкілдерін кәсіби мерекелерімен құттықтаймын. Сіздердің еңбектеріңіздің арқасында біз еліміздегі ең өзекті де маңызды оқиғалардан хабардар болып, қуанышты да, қайғылы да оқиғаларды бастан кешіріп жатырмыз. Бүгін мектебіміздің маңызды бағыттарының бірі қоғамдық қызмет ету жобаларымен таныса алғандарыңызға қуаныштымын. Өйткені, қызмет ету – күнделікті орындайтын айрықша миссия, – деді мектеп директоры Виктор Сосин.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

МЕРЕЙ

«У тамады ақындардың сөзінен...»

Кәдірбек Құнпиясұлының есімі жырсүйер қауымға жақсы таныс. Қазақтың көрнекті ақындарының бірі. Өткен аптаның жұма күні Кеген аудандық Мәдениет үйінде ақынның 60 жасқа толуына орайластырылған мерейтойының аясында «Найзақара» атты жаңа жыр жинағының тұсаукесері әрі шығармашылық кеші болып өтті. Осы күні ақын Кәдірбек Құнпиясұлы Кеген ауданының Құрметті азаматы атанды.

Біз осы шығармашылық кештің алдында ақын бауырымызбен шағын сұхбат жүргізген едік.



Қанат БІРЖАНСАЛ

– Кәдіке, мерейлі жастың әсерімен бөлісseңіз?

– Институтта бірге оқыған Әбен деген заңгер досым былай деп жазба жіберіпті: «60 жылдық мерейтой – шығармашылықпен айналысатын азаматтар үшін аса ауыр шаруа. Бұл кезде көре алмайтындар мен бере алмайтындар, артта қалып кеткендер мен алға озып кеткендердің пендешілік пәруана пиғылдары қозатын шақ. Солардың бәріне жүректі ауыртпай төзе білу керек. Жақсы абыроймен өткізуіңе тілектеспін, еңбегің бар, ел-жұртың елейтін кезің келді!» Осы бір жүрекжарды тілекке алып-қосар ештеңе жоқ-ау деп ойлаймын.

– Әрдайым басылым беттерінде, әлеуметтік желіде ұлттық идеология, қоғам, заман туралы толғанысты дүниелеріңізді жариялап отырасыз. Шын мәнінде, ұлттық идеологиямызға көңіліңіз толмайтын сияқты?

– Ұлттық идеология – өте үлкен ұғым. Советтер одағының езгісінен Тәуелсіздікке өткен 30 жыл ішінде Назарбаев бастаған жандайшаптар ұлттық идеологиямыздың тамырына балта шауып, қазақ деген елдің басына үлкен кесапат әкелді. «Ең әуелі идеологияны емес, экономиканы алға шығаруымыз керек» деген саясат ұлт ертеңін ойлайтын зиялы идеологтарымызды құзға құлатып, қарын қамын ғана ойлайтын капиталист буржуйлардың тасын өрге домалатты. Нәтижесінде тіл табан астында қалды, дін 40 бөлікке бөлінді, діл күйреді! Әдебиетіміз әбден әлсіреді, мәдениетіміз мешкей тобырлардың жынойнағына айналды. Мен кешегі Назарбаевтардың түкірігі жерге түспей тұрған күндерде бүгінгінің «нұрын» әжуалап, өтіп кеткен коммунизм нұрын аңсап, «Коммунизм нұры» деген өлең жазғам. Сол өлеңде мынадай жолдар бар еді:

...Жау алмастай бекітіп ек іргені,
Жарқын еді сәбидің де күлгені.
Коммунизм нұры шарпып жататын
Сол заманның жолдары да нұрлы еді.

Енді бүгін тұлға басқа төрдегі,
Кедей құлап, бай биікке өрледі.
Кембағалдың тарылтады тынысын
Капиталист құзғындардың көр демі.

Мұң тамады аналардың көзінен,
У тамады ақындардың сөзінен.
«Коммунизм» деген арман қоғамды
Өткен ғасыр әкетіпті өзімен!..

Идеологиямыздың жағдайы дабыл қағарлық мүшкіл халде екенін айтпадық емес, айттық. Сан мәрте! Өлеңдеріміз арқылы да, публицистикалық жазбаларымыз арқылы да. Көрер көз, естір құлақ болмады! Ұлт зиялыларының алдыңғы қатардағы авангарды саналуға тиіс ақын-жазушыларды «өз күндеріңді өздерің көріңдер!» деп, күнкөрістерінің көзі болып отырған қаламақыларынан қағып, борт сыртына лақтырып тастаған соң, сөзіңді кім тыңдасын, азын-аулақ таралыммен тарайтын жазғандарыңды кім оқысын?!

Бүгін, құдайға шүкір, жағдай басқа. Әлеуметтік желілер айтқаныңды халыққа да, билікке де жеткізе алады. Өткір ойларымызды интернет арқылы жиі жариялап, ырду-дырду болып жататынымыздың себебі – жалған атақ қуып, жарияға жар салу емес, халық мұңын жоғарыға жеткізу.

– Туған жерге деген сағыныш басылмайды. Әр келген сайын бір толғанып қалатын шығарсыз?

– Қай өлкеде, қай қиырда жүрсең де, туған жеріңнің, өскен өңіріңнің қадір-қасиеті мен киесі есіңнен бір сәт шығар ма, сірә? Сұлу табиғат пен көркі көз суарар ғаламат көріністерді туған жеріңнің жауһар мекендерімен салыстырарың сөзсіз. Өйткені, туған жерің мәңгі өзіңмен бірге жүрер асыл анаң сияқты сенімен егіз жаратылыс екені – өмір заңдылығы.

– Кәдіке, бүгінгі шағын әңгімемізді немен түйіндер едіңіз?

– Қанат құрдасым, әңгіменің түйіні – екеуміздің де, сонымен қатар, барша барыс жылғылардың 60 белесі құтты болсын! 1962 – барыс жылы дүниеге келген барыс мінезділер барыс символды Қазақстанымызды көркейтуге барынша күш жұмсайық!

– Аман болайық! Тек жақсы күндерде, жақсылықтарда басымыз қосылсын!

Кеген ауданы
Алматы облысы

ТУҒАН ТОПЫРАҚ

Ақсу жері – тарихы терең, өткеннің талай құпиясын бауырына бүгіп жатқан өңір. «Қызылжар шайқасы» экспедициясы аясында осы өңірдегі тағы бір тарихи нысан анықталып, белгі қойылып, оны қасиетті нысандар тізіміне енгізудің алғашқы бастамасы жасалды.

Тарихи орын анықталды

Қажет АНДАС

Расында, қазақ-жоңғар соғысы тұсында Жетісу жері үшін күрес талай боздақтың жанын қиып, ерлік істердің өнегесін қалдырды. Бірақ соның көбі зерттелмей, тек аңыз болып айтылып жүр. Осыдан біраз жыл бұрын әйгілі Орбұлақ шайқасының ақиқаты анықталды. Ал Қызылжар шайқасы – сол елдік жолындағы ерлік күрестің заңды жалғасы.

Қора шатқалы арқылы Қапалға асатын тұстағы Қызылжар асуында 100 батыр жасанып келген жауды тосып, елді қорғау жолында ерлікпен құрбан болады. Олар осы арқылы ел мен жерді қорғау үшін істеген ерліктің қанша ғасыр өтсе де ел жадынан өшпейтіндігін ұғындырды. Сонымен қатар, «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деген халық даналығының да ақиқатын әйгіледі. Бұл ақиқат сол шайқастың бас қолбасшысы Құдайназар батыр мен қызы Гүлайымның ерлік істері ұрпақтан-ұрпаққа аманатталып, бүгінгі күнге жетті. Елі де ерінің ерлігін ескерусіз қалдырмады. Көпшілік батыр мен оның қызы және 100 сарбаз жерленген қорым мен шайқас болған Қызылжар асуына белгі қойып, тарихты қайта жаңғыртты.

«Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы» жобасы аясында Алматы және Жетісу облыстары аумағынан 57 нысан мемлекеттік комиссияның сарабынан өтіп, сол тізімге енген. Тарихи орындарды тізімге алу ісі әлі жалғасуда. Аталған экспедиция – сол игілікті істің бір парасы.

– Алдағы уақытта Қызылжар шайқасы болған және Құдайназар батыр мен батыр қызы Гүлайым басшылығындағы жүз сарбаздың қайтыс болған жерін картаға түсіріп, мемлекеттік комиссияға ұсынамыз. Егер қолдау тауып жатса, қасиетті нысан ретінде мемлекеттік тізімге енгіземіз, – дейді облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығының директоры Ғалымжан Оспанов.

Тарихи нысанның анықталуы батыр ұрпақтары үшін де үлкен қуаныш болды. Енді олар сол шайқаста қайтыс болған 100 сарбаздың есімін нақтылап, рухын ояту үшін ғылыми-танымдық конференция ұйымдастырып, тарихи фильм түсіріп, көркем әдебиеттер жазуды қолға алмақ.

Қапал ауылы,
Ақсу ауданы
Жетісу облысы

ШӘКІРТ ҮНІ

Менің ұстазым

Менің сөз өнері – әдебиетті сүюіме алғаш септігін тигізген бір адам бар. Ол – мектептегі ұстазым Алмахан Баратқызы. Апай биыл талай жылғы бейнетінің зейнетін көретін жасқа келді.

Қаратал ауданы, Кәлпе орта мектебінде оқыған талай буын Алмахан апайдың дәрісін тыңдап, білім нәрімен сусындады. Алмахан апай бізге қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді. Талай баланың бойындағы қабілетін ашты. Жеке өзімнің әдебиет әлеміне деген қызығушылығымның артуына қосқан үлесі өлшеусіз. Ұстаздың ыстық ықыласынан шығарма жазуға, кітап оқуға ерекше әуестік ояна бастады. Көркем шығарманы басымызға жастанып оқуды шығардық.

Кітапқа деген құмарлықпен бірге әдеби талғам қалыптасты. Ал оған түрткі болған, әрине, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен берген апайымыз еді.

Алмахан Баратқызының тағы бір қасиеті – әділдігі. Дайындығың аз болды ма, алатын бағаң да соған сәйкес. Ешкімді алаламай, барлығына бірдей қарым-қатынас жасайтын. Апайымның аузынан қазақтың заңғар қаламгері Мұхтар Мағауин туралы жиі еститінмін. Апай біртуар жазушы оқыған, дәріс берген Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық институтта білім алғанын мақтанышпен айтып отыратын.

Алмахан Баратқызы дайындаған оқушылар байқау атауының алдын бермейтін. Біз де соларға еліктеп, «қалаға барамыз, жарысқа қатысамыз» деп талпындық. Алмахан апай жолдасы Талғат екеуі мектепте қатар жүріп қызмет қылды. Шәкірт баулыды. Екі ұл, бір қызын тәрбиелеп, жеткізді.

Ұстаздық тек оны жанымен сүйетіндердің кәсібі десек, Алмахан Баратқызы – өз ісінің нағыз шебері.

Мұрат МҰҚАШҰЛЫ
Кәлпе ауылы,
Қаратал ауданы
Жетісу облысы

МҰРА



Отбасылық қор ашылды

Талдықорған мемлекеттік архивінде «Атадан қалған асыл мұра» атты отбасылық қор ашылды. Онда халық шығармашылығы, қазақ фольклоры, журналистік зерттеулер жинақталған. Андас отбасы – ата-бабалары 5 ғасыр бойы тұтынған мұраларды ұрпақтан-ұрпаққа аманаттап, бүгінге жеткізген үлгілі жанұя.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Жалпы, Андас әулетіне тиесілі 700-ден астам жәдігер бар. Оның бір бөлігі ҚХР Күнес аудандық мұражайында сақтаулы. Ал 100-ге жуық жәдігер «Атамекен» мәдени орталығының қорына тапсырылған. Андас әулетінің мүшелері жазып, құрастырған 44 кітап қазақ руханиятына өлшеусіз үлес қосуда. Оның 10-ға жуығы еліміздің электронды кітаптар тізіміне енді. Сондай-ақ, бұл отбасы 1930 жылдан бергі латын, төтеше жазумен жазылған 5 мың беттен артық қолжазбаны сақтап келеді. Қордың салтанатты ашылуында ақын, тарихшы Андас Омарақынның «Тарих талғарында», «Дода», «Жылдар ізі» атты үш томдық еңбегі оқырман назарына ұсынылды. Сонымен қатар, Талдықорған қалалық мемлекеттік архивіндегі отбасылық ғылыми қорға 60-қа жуық іс, мыңға жуық құнды құжат тапсырды.

Ұлттық өнерді ұлықтап жүрген үлкен әулеттің 7 баласынан 16 немере-жиен тараған. Балалары мен келіндері Қазақстанның және Қытайдың таңдаулы жоғары оқу орындарын бітіріп, ғылым магистрі атанды. Ағылшын, қытай, жапон, орыс, ұйғыр, өзбек және қырғыз сынды тілдерді жетік меңгерген. Олардың халықаралық, республикалық ғылыми басылымдарда 113 ғылыми еңбегі жарық көрді. Отағасы Андас Омарақын 2010 жылы ҚХР мемлекеттік дәрежелі сыйлығын алса, Андас отбасы 2009 жылы Қытайда «Ұрпақ тәрбиесіндегі мемлекеттік үлгілі отбасы» деген марапатқа ие болды.

Жиында Алматы облыстық аналар кеңесінің төрайымы Жамал Қасымбекова, І. Жансүгіров атындағы ЖУ оқытушылары Дәулеткерей Мүлік пен Өнербек Қуанған және Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Танатар Алшабеков ашылып жатқан қордың маңызы тұрғысында ой бөлісті. Қорытынды сөз алған Алматы облыстық «Jetisý» газетінің тілшісі Қажет Андас:

– Архив мәселесі қазіргі таңда ең өзекті болып тұр. Айталық, Қытайда әр әулетте отбасылық архив болады. Бізде осы үрдіс қалыптасуы керек. Мысалы, бір парақ қағазды лақтыра салсаңыз, ол қоқыс болады. Бүктеп сақтасаңыз, қарайып жата береді. Егер сол қағазды осында әкеліп, қорға тапсырсаңыз, мемлекеттің мүлкіне айналады. Осында барлығымыздың қолжазбаларымыз сақталған. Қорда 1930 жылдан бүгінге дейінгі 90 жылдық тарихи қолжазбалар бар. Әрқайсымыз отбасылық архив жасап, мемлекет меншігіне өткізсек, батыс елдеріндегідей мұрағатымыз да байи береді, – деп, осындай қор қазақтың әр отбасында болуы керегін жеткізді.

ТҰСАУКЕСЕР

Өңір тарихынан сыр тартқан...

Жақында Іле ауданына қарасты Ақши ауылында «Киелі Күрті жері» деп аталатын жаңа кітаптың тұсауы кесілді. Бұл шара бұрынғы Күрті ауданының құрылғанына 50 жыл толуына орай ұйымдастырылды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Оған ауданды құруға, дамытып, өркендетуге еңбегі сіңген ел азаматтары шақырылды. Кең-байтақ еліміздің әр қиырынан туған жер, өскен өлкеге деген сағыныштарын арқалап жеткен перзенттер бір-бірімен құшақ жая көрісіп, арқа-жарқа болды. Басқосуға жергілікті тұрғындар да көп жиналды.

Аталған іс-шараны ұйымдастырып, көпшілікті қуантқан мемлекет және қоғам қайраткері Серік Үмбетов айшықты мерекенің шымылдығын ашып, жүрекжарды тілегі мен жылы лебізін арнады.

– Бұл киелі өлке осыдан 50 жыл бұрын Күрті ауданы болып құрылып, кейін өңірлерді оңтайландыру тұсында таратылды. Аудан ширек ғасыр тірлік кешті, тарағалы бері де 25 жыл, бәрін қосқанда 50 жыл өтті. «Елу жылда – ел жаңа» демекші, қазір бәрі жаңарып, аудан орталығы болған Ақши ауылының жағдайы жыл өткен сайын жақсарып келеді. Қуаныштымын, – деп, өткен күндерден естелік айтқан Серік Әбікенұлы ел бірлігін сақтаудағы сыйластық пен татулық жайында әңгімеледі.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Серік Әбікенұлы бүгінде түйе шаруашылығын дамытып, сүт өнімдерінің түрін көбейтіп, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтып отырған «Дәулет-Бекет» ЖСШ жетекшісі Сыдық Дәулеттің еңбегіне жеміс тіледі. Ауыл өмірін жақсартып, халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға атсалысқан азаматтарға да ризашылығын білдірді.

«Өткен өмір – тарих. Осының бәрін ескеріп, киелі Күрті жерінің тәлімді тарихы мен ауданның өсіп-өркендеуіне қомақты үлес қосқан азаматтар жайында кітап шығаруды жөн санадық», – деп сөзін жалғастыра келе, Серік Әбікенұлы жаңа кітапты жинақтаған ақын Нүсіпбай Әбдірахым мен ҚР Мәдениет қайраткері Күмісжан Байжанға алғыс айтты. Жинақтың басылуына демеуші болған басқа да азаматтардың есімі аталып, ілтипат көрсетілді.

Салтанатты жиында Серік Әбікенұлы өңірдің экономикалық, мәдени-әлеуметтік дамуына қомақты үлес қосқан азаматтардың кеудесіне Күрті ауданының 50 жылдығына орай арнайы жасалған медаль тағып, құрмет көрсетті. Бұдан соң кезінде ауданды құрып, өңірді жемісті басқарған Бекболат Тұрысжанов, Тастан Тоқсейітов, Нүсіпжан Нұрманбетов сынды ел ағалары «Киелі Күрті жері» кітабының тұсауын кесті.

Шара соңында көршілес Жамбыл ауданының «Сүйінбай сазы» фольклорлы-этнографиялық ансамблінің өнерпаз қыз-жігіттері ән мен жырдан шашу шашып, көпшіліктің қошеметіне бөленді.

Ақши ауылы,
Іле ауданы
Алматы облысы

НАСЛЕДИЕ

Семейный архив передан в госсобственность

Семья Андас, проживающая в Талдыкоргане, открыла свой семейный фонд в Талдыкорганском государственном архиве. Мероприятие по случаю этого события, организованное директором городского госархива Гульжихан Истамбековой и руководителем отдела кадров и хозяйственно-финансовой деятельности Гульнар Шариповой, прошло в стенах архива.



Алма УРАЗАЕВА

Среди приглашенных на мероприятие гостей были известные в регионе композитор, Заслуженный деятель культуры РК Танатар Алшабеков и искусствовед Замзагуль Амиргалиева, председатель областного Совета матерей Жамал Касымбекова, руководитель общественного объединения «Центр мастеров Жетісу «Алтын адам» Динара Бакирова, преподаватели Жетысуского университета им. И. Жансугурова, имеющие ученые степени, Дәулеткерей Мулік и Өнербек Қуанған, преподаватель Талдыкорганского высшего политехнического колледжа Гульмира Окап, а также члены семьи Андас, во главе с мамой Ауесхан Мажайқызы.

Ауесхан Мажайқызы - обладательница подвески «Алтын алқа». Вместе с покойным супругом Омарақыном Андасом воспитала семерых детей, сейчас подрастают 18 внуков. Дети и невестки окончили высшие учебные заведения Казахстана и Китая, почти все они являются учеными магистрами. В разных странах и на разных языках в международных и республиканских научных изданиях ими опубликовано более 110 научных трудов. На сегодняшний день членами семьи Андас написано и издано 44 книги, часть из них вошла в список электронных книг. Наш коллега Кажет Андас – журналист газеты «Жетісу». Окончил Шуарский педагогический институт в КНР и Жетысуский университет имени И. Жансугурова в РК. Магистр казахского языка и литературы.

Семья Андас – это семья, занимающаяся исследованием народного казахского фольклора и творчества, а также почитающая наследие предков. Они сохранили более 700 экспонатов, принадлежащих пяти поколениям предков.

Передаваемые из одного поколения в другое и дошедшие до нашего времени, экспонаты являются ценными реликвиями. Около 300 экспонатов сегодня хранятся в Кунеском районном музее КНР и Историко-культурном центре «Атамекен» РК. Остальные экспонаты хранятся в семье Андас. И вот сегодня рукописи (52 папки), имеющие 90-летнюю историю, а также трехтомный труд исследователя Омарақына Андаса: «Тарих талғарында», «Дода», «Жылдар ізі» перешли в семейный фонд Талдыкорганского государственного архива.

- Интересным является тот факт, что в Китае каждая семья имеет свой семейный архив, собирая и передавая его из поколения в поколение. К сожалению, у нас в Казахстане это не распространено, тогда как любые документы, рукописи, книги – это историческое наследие, народное достояние. И надо, чтобы они были доступны широкому кругу людей для исследований, написания дипломных, научных диссертаций и т. д. С этой целью мы и создали свой семейный фонд в городском архиве, а теперь это собственность государства. К примеру, среди наших материалов есть рукописи пяти дастанов, они еще не напечатаны и не изданы, и теперь появилось широкое поле деятельности для нас самих и желающих их изучить людей. Думаю, что если каждый из нас будет создавать фонды семейных архивов и передавать их в госсобственность, то наши архивы станут такими же богатыми, как в некоторых западных странах, - сказал Кажет Андас, объясняя семейный жест доброй воли.

Приглашенные на мероприятие гости отметили важность ответственности детей перед родителями, которая хорошо прослеживается в семье Андас: дети бережно чтут наследие своих предков, родителей и широко пропагандируют его среди народа. Призывая всех следовать этому примеру, они тепло поблагодарили организаторов мероприятия и виновников торжества.

«Алматы облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ, ҚР Экологиялық кодекстің 96-бабының 1-тармағының талабына сәйкес, 2022 жылдың 4-нен бастап 11-ші шілдесіне дейін «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша «Алматы облысы Жамбыл ауданы Беріктас ауылындағы жеткізуші газ құбырының және газ тарату желілерінің құрылысы» жобалық-сметалық құжаттамасы бойынша жария талқылаулар арқылы Қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында танысуға болады.

Барлық ескертулер және ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қабылданады (www.ecoportal.kz).

ГУ «Управление энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Алматинской области», в соответствии с требованиями пункта 1 статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что с 4 по 11 июля 2022 года на Едином экологическом портале (Ecoportal.kz) будут проводиться Общественные слушания в форме публичного обсуждения по разделу «Охрана окружающей среды» к проектно-сметной документации «Строительство подводящего газопровода и газораспределительных сетей с. Беріктас Жамбылского района Алматинской области».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале.

Замечания и предложения принимаются на Едином экологическом портале (www.ecoportal.kz). (75-1)

«HubEnergy» ЖШС-і 1.07.2022 ж. - 22.07.2022 ж. аралығында Бірыңғай экологиялық порталда http://ecoportal.kz/ «Алматы облысы Іле ауданында қуаты 120 МВт Логистикалық орталықты қосу құрылысы» жобасы бойынша жария талқылаулар арқылы Қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды. Құрылыс нысаны Алматы облысы Іле ауданындағы Өтеген батыр ауылынан 3 шақырым солтүстігінде орналасқан.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «HubEnergy» ЖШС-і, мекенжайы: 040700, Алматы облысы, Өтеген батыр ауылы, Титов көш., 51. Байланыстар: тел. +7 (727) 379 85 04, e-mail: hubenergykz@gmail.com

Бас жобалау ұйымы: «EnergoStroyCompany» ЖШС-і Алматы қ.; «Қоршаған ортаны қорғау» бөлігін әзірлеуші - «Өжказэкопроект» ЖШС-і Шымкент қ. Байланыстар: +77017377419, +77756170029

Қоғамдық әкілдеріне жоба материалдарымен танысуға, өз ескертулерін және ұсыныстарын айтуға, сұрақтарын қоюға http://ecoportal.kz/ сайтында болады.

ТОО «HubEnergy» сообщает, что с 1.07.2022 г. по 22.07.2022 г. на Едином экологическом портале http://ecoportal.kz/ проводятся Общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту «Строительство присоединения Логистического центра в Илийском районе Алматинской области мощностью 120 МВт». Строительный объект расположен в Илийском районе Алматинской области, в 3-х км севернее от села Отеген батыр.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «HubEnergy», адрес: 040700, Алматинская область, с.Отеген батыр, ул. Титова, 51. Контакты: тел. +7 (727) 379 85 04, e-mail: hubenergykz@gmail.com

Генеральная проектная организация: ТОО «EnergoStroyCompany» г.Алматы; разработчик раздела «Охрана окружающей среды» - ТОО «Өжказэкопроект», г.Шымкент. Контакты: +77017377419, +77756170029

Представители общественности могут ознакомиться с материалами проекта, высказать свои замечания и предложения, задать вопросы на сайте http://ecoportal.kz/.

Жобаның атауы: «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі материалдарымен «Алматы облысы Жамбыл ауданы Қазыбек бек ауылындағы жеткізуші газ құбыры мен газ тарату желілерін салу».

Әсер ету аумағы: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қазыбек бек ауылы.

Қоғамдық тыңдау 2022 жылдың 29 шілде, сағат 15.00-де ашық отырыстар арқылы өтеді келесі мекенжайда: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қазыбек бек ауылы, Алтынсарин көшесі, 5.

Карантиндік шаралар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдау «ZoomVideoCommunication» бағдарламасы арқылы өтеді.

Желі байланысына сілтеме:
https://zoom.us/j/8564411466?pwd=eXI1UzNMK0lzRENFVzg5R3VjNkU4UT09

Конференция идентификаторы: 856 441 1466. Кіру коды: 123Qwe.

Бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: «Алматы облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ, Алматы облысы, Талдықорған қ., Кабанбай батыр көшесі, 26, тел. 8-7282-32-92-89, e-mail: **b.abylkasymov@zhetysu.gov.kz**

Әзірлеушінің деректемелері мен байланыс деректері: «КАТЭК» ЖШС, 050010, Алматы қаласы, Снайперский ж., 4 үй, тел.: 8-727-293-82-64, e-mail: **katek@katek.kz**

Жоба материалдары веб-сайтта орналастырған: **www.ecoportal.kz; https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat**

Қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін сұратуға болатын электрондық мекенжайы мен телефон нөмірлері: **katek@katek.kz; b.abylkasymov@zhetysu.gov.kz** по тел.: 8-727-293-82-64, 8-7282-32-92-89.

Ескертулер мен ұсыныстар **www.ecoportal.kz** сайтында қабылданады және «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, мекенжайы: Талдықорған қаласы, Кабанбай батыр көшесі, 26, тел.: 8-7282-329383; e-mail: **priroda@zhetysu.gov.kz**

Наименование проекта: «Строительство подводящего газопровода и газораспределительных сетей с. Казыбек бек Жамбылского района Алматинской области» с материалами раздела «Охрана окружающей среды».

Территория воздействия: Алматинская область, Жамбылский район, с.Казыбек бек.

Общественные слушания состоятся посредством открытых собраний 29 июля 2022 г. в 15.00 часов по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с. Казыбек бек, ул. Алтынсарина, 5.

В случае введения карантинных мер общественные слушания будут проходить посредством программы «ZoomVideoCommunication»

Ссылка на онлайн-подключение:
https://zoom.us/j/8564411466?pwd=eXI1UzNMK0lzRENFVzg5R3VjNkU4UT09

Идентификатор конференции: 856 441 1466. Код доступа: 123Qwe.

Реквизиты и контактные данные инициатора: ГУ «Управление энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Алматинской области», Алматинская область, г. Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 26, тел. 8-7282-32-92-89, адрес электронной почты: **b.abylkasymov@zhetysu.gov.kz**

Реквизиты и контактные данные разработчика: ТОО «КАТЭК», 050010, г. Алматы, пер. Снайперский, 4, тел.: 8-727-293-82-64, адрес электронной почты: **katek@katek.kz**

Материалы проекта размещены на сайте: **www.ecoportal.kz; https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat**

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, а также запросить копии документов можно по электронной почте **katek@katek.kz; b.abylkasymov@zhetysu.gov.kz** по тел.: 8-727-293-82-64, 8-7282-32-92-89.

Замечания и предложения принимаются на сайте **www.ecoportal.kz,** а также ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», по адресу: г.Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 26, тел.: 8-7282-329383; e-mail: **priroda@zhetysu.gov.kz** (80-1)

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 4К моделін жүзеге асыру

Ең алдымен, «4К моделі мектепке дейінгі мекемедегі балаларға не үшін керек? Осы білім негізінде қандай білім алуға болады?» деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы бүлдіршіндерді жаңаша бағытта оқыту мен дамыту сол ұйымда қызмет ететін педагогтерге тікелей байланысты. Мектеп жасына дейінгі ұйымда жұмыс жасайтын педагогтер үшін қойылып отырған талап: балалардың 4К моделінің дағдыларына сәйкес қызмет ету қабілетін жүзеге асыру болып табылады.

Бағдарламаның түйінді идеясы ол балалардың бойында ерте жастан дамыту қажет негізгі дағдыларды қалыптастырумен тығыз байланысты.

4К моделінің дағдыларын түрлі тапсырмаларда, оқу қызметінде қолдану арқылы келесі нәтижеге қол жеткіземіз:

- Ойы сараланған дарынды, шығармашыл тұлға қалыптасады;
- Жағымды қарым-қатынасқа бейімделеді;
- Бала еркін сөйлеп, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді;
- Жұппен, топпен жұмыс жасай отырып, бірін-бірі сыйлауға, шешімі табылмай жатқан мәселені ақылдасып шешуге ұмтылады;
- Бірін-бірі оқытуға және дамытуға тырысады.

Бүгінгі күннің педагогі білім беру ісінде 4К моделіне қатысты басшылыққа не алады?

- Креативтілік - баланың жеке дара бір нәрсені ойлап табуы. Мәселені шешу, оны талдай алу қабілетіне назар аудару.
- Командалық жұмыс 3 кезең тұрғысында жұмыс жасайды: мақсат қойып оған жете білу; бірлескен түрде жұмыс жасау; жауапкершілікті сезіну.
- Коммуникативтілік дағдылар - сөздік-логикалық ойлау жағынан дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар ұйымдастыру;
- Сыни тұрғысынан ойлау - өмірде қажетті ойлау дағдыларын қалыптастыру арқылы мәселені көре білу. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жоғарыда аталған төрт бағытты дамыту мақсатында оқу қызметін ойын түрлерімен ұйымдастыру, түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану, балалардың қызығушылықтарына қарай таңдалған, сараланған тапсырмалар мен ресурстарды пайдалану көзделеді.

Себебі, қолданылған белсенді әдіс-тәсілдер, тәжірибе, зерттеу жұмыстары балалардың өздігінен білім алуына, алған білімдерін өмірде пайдалануларына, практика жүзінде жасап көрулеріне мүмкіндік береді, сол арқылы олардың бойында аталған дағдылар қалыптасады. Ұйымдастырылған оқу қызметі баланың қызығушылығына, мақсатқа жетуі үшін түрлі әрекеттермен жоспарланады.

Әрбір балалармен жүргізілетін жұмыстардың сапалы да нәтижелі болуы дұрыс ұйымдастырылған технологияларды пайдалануымен тікелей байланысты. Уақытпен жарыса өзгеріп жатқан білім әлемінде әрбір педагог үнемі жаңартылған бағдарлама негізінде өзгеріп отыруы тиіс. Педагог әрдайым жаңашыл болумен қатар, креативті, әрбір баланың жүрегінен орын таба алатын тұлға, алға қойған мақсаттары әрқашан жемісті нәтижеге әкелетін болса, сонда ғана жас ұрпақ болашақта өз ана тілін құрметтей алып, өзін-өзі басқара алатын, қызмет көрсете алатын тәрбиелі, үлгілі, жаны сұлу, руханиадамгершілігі таза тұлға болып қалыптасатынына кәміл сенімдімін. Сондықтан да, әрбір баланың жүрегіне қадам-баса алып, тәрбиелей білу - ұстаз-тәрбиешілердің бірден-бір мақсаттарының бірі деп білемін.

Сәуле ДАУЛЕТБАЕВА,
Педагогикалық шеберлік орталық әр филиалының тренері,
Талдықорған қаласы.

Мектепке дейінгі ұйымдағы бақылау үдерісі

Мектепке дейінгі ерте жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі бақылау дегеніміз не? Неліктен балалардың дамуын бақылаймыз?

Бақылау - үздіксіз жүргізілетін, педагог пен бала арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін, тәрбие мен оқыту үдерісін дер кезінде реттеуге мүмкіндік беретін бағалау түрі. Сонымен қатар, бақылау – бұл белгілі бір уақыт аралығында балалардың мінез-құлқын бақылау процесі.

Балалармен жұмыс жасайтындардың көпшілігі бақылаудың рөлін түсінеді, бірақ олар оның неліктен маңызды екенін түсінеді ме? Осы сұраққа терең тоқталатын болсақ, бақылау педагогтің күнделікті өмірінің бір бөлігі болып табылады. Ерте жастағы балаларды оқыту ғана емес, ол барлау, үйрену және ойынды бақылаудан тұрады. Бақылау балалардың даму кезеңдерін анықтауға көмектесуде маңызды рөл атқарады және олармен жұмыс істейтін әрбір бала туралы көбірек білуге мүмкіндіктері туады.

Жаңартылған мазмұнмен оқытуда мектепке дейінгі ұйымда бақылау бағдарламаның түйінді идеясы ретінде берілуі тегін емес. Себебі, балалардың дамуын бағалаудың қарапайым, бірақ тиімді әдістерінің бірі ретінде қарастырылады. Педагогтер үшін ерте жастағы баланы бақылау өр баланың өзін қалай ұстайтынын, не үйренетінін, жаңа жағдайларға қалай қарайтынын және басқалармен қарым-қатынасын байқаудан басталады. Педагог бұл ақпаратты алады және дағдылардың өсуіне ықпал ететін әрекеттерді жоспарлайды, сол дағдылардың жетістігін құжаттайды, содан кейін рефлексия жасайды және бағалауына көмектеседі.

Маңызды және жинақталған құжаттама арқылы педагогтер балалардың деңгейін көре алады және жасына сәйкес әрекеттерді жоспарлай алады. Баланың әлем туралы қалай ойлайтыны жайлы түсінік алумен қатар, өсуі мен дамуына ықпал ету үшін қоршаған ортасын өзгертуге септігін тигізеді. Сол сияқты, оқу қызметіндегі бақылау педагогтерге балалардың тақырыпты қаншалықты меңгергенін, оқу мақсатына жету үшін қандай қадамдар жасалуы керектігіне назар аударады.

Сонымен қатар, балалардың қызығу-шылықтары мен қажеттіліктеріне қарай тәжірибе, зерттеу жұмыстарын жүргізе алады. Бақылау жүргізу арқылы педагогтер балалардың бойындағы қасиеттерін ашуға, оларды оқуға ынталандыруға, оқу қызметінің нәтижелі болуын қадағалау мақсатында жүргізуі керек және әр баланың оқу қызметіндегі көңіл-күйіне, эмоционалдық жағдайына да көңіл аударуы маңызды болып табылады.

Педагог қамқорлығындағы баланы бақылағанда, күшті немесе әлсіз жақтарын жақсырақ түсіне алады. Бақылаулар арқылы педагог заттық-кеңістіктік дамытушы ортасын жақсартуға және оқуды жеңілдетуге, мақсатқа жетуге көмектеседі.

Қорытындысында, бақылау жүргізудің тиімділігі - баланың мінез-құлқын, арнайы қажеттіліктерін, баланы жақсырақ түсінуге, қажетті дағдыларын дамытуға, қарым-қатынас стилін түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, деңгейлерін анықтау кезінде оларды сыртай бақылап, фотосуреттерге түсіріп алу, түртіп алу жұмыстарын жүргізу, ата-аналармен байланысқа түсу жолдарына нығайтады.

Мақпал БАЙТУРГАНОВА,
Педагогикалық шеберлік орталығы тренері,
Талдықорған қаласы.

Ведущая сельскохозяйственная компания ищет торгового представителя в с. Кордай. Требования к соискателям: наличие опыта в области сельского хозяйства, наличие навыков ведения переговоров и продаж, понимание потребностей клиента. Оклад+премия, соцпакет. В случае заинтересованности резюме направлять по адресу: anna.farrakhova@syngenta.com

Номер контактного лица: +77010840933.

По вопросам размещения рекламы в г. Талдыкоргане обращаться по тел.: 8 7282 40-20-62, сот. 87058147221, 87005200391, в г. Алматы: 8 727 279-13-03, сот. 87013215750. Наш электронный адрес: ogni_alatautald@mail.ru, ogni_alatau@mail.ru.

Светлой памяти Учителя

На 76-м году ушла из жизни прекрасный педагог, опытный руководитель, Отличник образования РК Гульжан Баядилова.



Родилась Гульжан Оналбаевна Баядилова 9 марта 1947 года в селе Ундурус Каратальского района Алматинской области в семье колхозника Оналбая Баядилова. После окончания семилетней школы в 1961 году поступила в Панфиловское педучилище. В 1965 году направлена учителем начальных классов в восьмилетнюю школу на ст. Коксу Кировского (ныне - Коксуского) района. С 1974 года работала учителем русского языка и литературы в СШ имени Луначарского (Н. Алдабергенова), затем завучем-организатором, зам. директора по УВР. В 1980 году окончила Талды-Курганский педагогический институт. С 1985 по 2008 гг. работала директором данной школы. С 1987 года – Отличник образования РК. Являлась Почетным гражданином Коксуского района.

Высокий уровень культуры, глубина знания предмета, мастерское владение методикой обучения и воспитания, легкость общения с коллегами и учащимися отличали ее педагогическую деятельность. Гульжан Оналбаевна более 20 лет работала директором СШ имени Н. Алдабергенова. За это время она сумела создать коллектив единомышленников, увлеченных, как и она сама, творческим поиском. Она всегда поддерживала многие педагогические начинания, умело направляла на поиск новых технологий обучения и помогала коллегам их апробировать.

Гульжан Оналбаевна щедро делилась своим богатым опытом с коллегами - педагогами и директорами, поскольку была одним из опытных руководителей. Всегда будет служить образцом ее глубокий, доброжелательный подход к коллегам. В отношениях с учениками ее главным принципом был доброжелательный подход. Опираясь на традиции народной педагогики, она учила своих воспитанников и коллег почитать старших, уважать родителей, сопереживать ближним, быть верными законам гостеприимства. И это было ее жизненным кредом.

И какую бы дорогу ни выбирали в жизни ее ученики, все они с благодарностью вспоминают своего учителя – прекрасного человека и мудрого наставника. К слову, выпускники именно ее школы первыми в истории района стали обладателями знака «Алтын белгі».

Гульжан Оналбаевна являлась примером добросовестного отношения к работе, наставником молодых учителей. Огромное личное обаяние, скромность, ум и юмор снискали ей уважение среди коллег, учащихся и родителей.

Светлая память о Гульжан Оналбаевне Баядиловой – Человеке с большим сердцем и душой навсегда останется в наших сердцах. Выражаем искренние соболезнования всем ее родным и близким в связи с невосполнимой утратой.

Педагогическая общественность области Жетісу и Алматинской области.

Наш электронный адрес: ogni_alatautald@mail.ru, 87073900990 (WhatsApp)

Учредитель: Акимат Алматинской области

Собственник: ТОО «Өлке тынысы» Директор – Досан АТАНТЕЛОВ Тел. приемной директора: 40-20-71

Заместитель главного редактора - Забира САЙДИЛЬДИНА

Газета выходит три раза в неделю: во вторник, четверг, субботу. Материалы публикуются на трех языках - казахском, русском, английском. Газета поставлена на учет в Министерстве по инвестициям и развитию Республики Казахстан, в комитете связи, информатизации и информации. Регистрационный номер №15724-Г. от 04.12.2015 года.

Адрес редакции в Талдыкоргане: 040000, ул. Жумахана Балапанова, 28. Приемная главного редактора 40-20-43, зам. гл. редактора 40-20-45, 40-20-46, секретариат 40-20-47, корреспонденты 40-20-54, 40-20-56, 40-20-58, прием рекламы и объявлений – 40-20-62, 8 705 814 72 21, 8 700 520 03 91.

Адрес корпункта в Алматы: 050000, ул. Желтоксан, 112, 5 этаж, каб. 506, телефон: 8 701 321 57 50.

Телефоны: корреспонденты – 279-34-64, прием рекламы и объявлений – 279-13-03, e-mail: ogni_alatau@mail.ru.

Телефоны собкоров: в Ушарале – 2-13-82; в Каскелене – 8 747 563 61 18; соб. корреспондент по Панфиловскому и Уйгурскому районам – 8-72831-5-88-22, 3-20-08.

Телефон доверия по вопросам противодействия коррупции: 87773880990

Набрано и сверстано в компьютерном центре газеты «ОГНИ АЛАТАУ»

Дежурный редактор Андрей ЯРОПОЛОВ

Мнение автора материала не всегда совпадает с мнением редакции. За достоверность рекламы ответственность несет рекламодатель.

Отпечатано в типографии «Офсет» филиала АО «Алматы-Болиыгы», г. Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 32.

Общий тираж издания ТОО «Өлке Тынысы» 30110, в том числе тираж этого номера газеты «Огни Алатау» 10100. Заказ №656

М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8

ӘРІПТЕСПЕН ӘҢГІМЕ

Ақпарат құралдарында жарияланған ақпараттың, әлеуметтік желідегі жазбалардың және ел алдында жүрген тұлғалардың мәлімдерінің рас-өтірігін тексеретін Қазақстандағы алғашқы фактчекинг ресурсы – factcheck.kz сайтының бас редакторы, жас журналист Думан Смақовпен сұхбаттасқан едік.



Думан СМАҚОВ:

ӘЛЕМДІК ЖУРНАЛИСТИКАДАН АРТЫҚ ТА, КЕМ ДЕ ТҰСЫМЫЗ БАР

– Бүгінде жас журналистерге мүмкіндік көп. Оларға сен ұсынатын бағыт қандай? Неден, қалай бастаған дұрыс?

– Жас журналистердің өзін екіге бөліп қарағанымыз дұрыс. Біріншісі – журналистика факультетінде оқитындар, екіншісі – журналист емес, бірақ сол салада жұмыс істегісі келіп жүргендер. Мамандық бойынша оқып жатқандарда көп мүмкіндік болады. Олар Қазмедиа сынды ақпарат беру орталықтарында, телеарна, газеттерде іс-тәжірибеден өтеді. Ал егер қызығушылық болып, оқып жатпаған болса, онда арнайы курстарға барғаны жөн. Ол жерден өзінің жазуын, сөйлеу мәнерін, ақпаратты беру ракурсын реттейді. Дәл қазір журналистикаға келіп жатқандар, менің ойымша, бірінші мультимедиалық бағыттан бастағаны дұрыс. Өйткені, бізде дәл қазір мультимедиалық журналистер, оның ішінде техниканы, технологияны бүте-шігесіне дейін меңгергендер аз. Мультимедиалық журналистиканы меңгерген конвергентті мамандар бүгінгі ақпарат нарығына өте қажет. Тағы бір ескеретін мәселе, ол – тіл. Шетелге шыққанда өзім де ағылшынша біле тұра, диалект тұрғысынан, басқа да жерлерінен қателіктер болады, кібіртіктеп қаламын. Сондықтан ақпаратты қайнаған ортасынан алу үшін ағылшын тілін меңгеруді ұсынар едім.

– Жас журналистер ақпараттың ақ-қарасын ажыратуы, оның оқырманға, көрерменге түсінікті болуы үшін қандай амалдар жасағаны дұрыс, неден үйреніп, неден жиренгені жөн?

– Әріптестеріме және журналистикаға енді араласып жатқандарға ұсынарым, кез келген ақпаратты верификация жасау керек. Егер ақпарат трансляцияланған болса, міндетті түрде фактчек жасауға тиіс. Ал ақпарат еш жерде жарияланбаған эксклюзив болса, онда деректерді, сандарды, мәліметтерді сүзгіден өткізе отыра тексеру қажет. Әйтпесе, жалған ақпарат таратып жіберуі мүмкін. Ал көрерменге, оқырманға түсінікті болуы үшін тілшілер терминологиядан немесе қазір біз қолдануды жақсы көретін жаңа форматтардан алшақтау болса дейсің. Барынша еркін, қарапайым, ұғынықты болғаны дұрыс.

– Бүгінгі журналистиканың басты талабы қандай және қолданыстағы жаңа бағыт?

– Әлем тұрғысынан қарасақ, бүгінгі журналист әмбебап болуы керек және ол бәрін білуге тиіс, соған орай әрекет жасауы қажет. Журналистің басты құндылығы – адам құқықтары мен сөз бостандығы принциптеріне қайшы келмейтін дүние жазуы керек. Ал қазіргі қолданыстағы жаңа бағыттардың бірі – VR журналистика, сондай-ақ, бұрынғы форматтар да қазір дамыды. Мәселен, аудиоалды формат, яғни тың аудио подкастар жарыққа шығып жатыр. Осыған дейінгі қолданыстағы форматтардың өзі басқа қалыпқа түсіп, түрленуде.

– Өзің шетелде көп боласың, треншиктерге қатысасың, біздің журналистиканың алардан артық және кем тұсы?

– Иә, артық тұсы да, кем жері де бар. Кем тұсы – біздің журналистердің басым көпшілігі адам құқы дегенді біле бермейді. Жалған патриотизмге, өтірік ақпаратқа, саяси манипуляцияға көп ерік береді. Бұл тұрғыда, әріптестеріміздің ресейлік журналистермен ұқсастығы көп. Бәлкім, бұл ресейлік ақпарат көздеріне деген тәуелділіктен туындаған шығар. Ал артық тұсы – біздің журналистер әмбебап болып келеді. Мен көрген Африкадағы, мен көрген Еуропадағы, я болмаса, Шығыстағы әріптестер тек бір салаға бейімделген және соны ғана айтады, жазады. Біздің бұл тұсымыз кейде артық, кейде кем түсіп жатады.

– Келешекте қазақ журналистикасын қалай елестетесің?

– Бәсекеге қабілетті, әлемде мойындалған журналистика болатынына сенгім келеді. Қазақтың журналисі BBC, New York Times, Washington post сынды ақпарат айдынындағы алып медиа мекемелерде жұмыс істегенін қалар едім.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан Серік ҚАНТАЙ


ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

Жаңа Қазақстан – халқымыз үшін жаңа үміт бастауы. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Халқымыз үшін тәуелсіздік бәрінен қымбат. Жаңа Қазақстанды бірге құрайық» – деп үндеу тастау арқылы елімізді дамудың жаңа жолына шақырды.

Дамудың жарқын жолында

Жаңа Қазақстанда әр басшы, әр маман, әр адам өз ісіне адал болуы керек. Сонымен бірге кез келген салада Президент айтқан меритократия принциптері, яғни, әділдік қағидаттары сақталуы өте маңызды. Шешім қабылдау және қоғамдық пікір қалыптастыру процестерінде ғалымдар мен сарапшылар пікірі, ғылыми зерттеу нәтижелері көбірек қолданылғаны жөн. Сол себепті ғылыми әлеуетті көтеру және сарапшыларымызға конструктивті пікір білдіру платформаларын ұсыну маңызды. Азаматтар арасында сыни ойлау қабілетін қалыптастыру мәселесіне ерекше көңіл бөлінуі қажет. Оның себебі төтенше жағдай кезінде жалған ақпарат көбейіп, инфодемия орын алса, қоғамда алауыздық пайда болып, ахуал қиындайды. Сол себепті мектеп қабырғасынан бастап, сыни тұрғыда ойлау, талдау және бірнеше ақпарат көзінен алынған мәліметтерді қорытып барып қолдану дағдыларын дамыту алдыңғы орында тұруға тиіс. Батыс елдерінде оқушылар ақпаратты, мәтінді түсініп, талдауға ертеден машықтанады.

Жаңа Қазақстандағы ең маңызды және өзекті фактор – биліктің уақтылы ауысуы, әділ сайлау өткізіп тұруы. Бұл – ең бірінші мәселе. Екіншіден, заң үстемдігі шын мәнісінде орнауы қажет. Яғни, адамның дәрежесіне, лауазымына қарамастан, заң талаптары бәріне бірдей болуы шарт. Елде сөз бостандығы мен митинг өткізу еркіндігі болуы керек. Азаматтық қоғамның дамуына мүмкіндік берілуі де өзекті. Саяси партияларға да қатысты түрлі шектеуді алып тастаған жөн. Мұны Жаңа Қазақстанның ең басты алғышарты деуге болады. Мұнымен қоса, елге экономикалық саясат қажет. Оның ішінде өндіріске, өнеркәсіпке басымдық берген жөн. Статистикаға сүйенсек, халық табысының 70 пайызы күнделікті тұтынатын тауарларға жұмсалады. Өкінішке қарай, Қазақстанда осындай өнімдердің басым бөлігі – импорттық тауарлар. Сәйкесінше, табысымыздың комақты бөлігі шетелге кетіп жатыр. Кедейлікпен, әлеуметтік теңсіздікпен күрес және басқа да өте маңызды мәселелерден бөлек, Қазақстан білім саласына да үлкен назар аударуы керек. Яғни, білім саласында орын алатын оңды өзгерістер келешек ұрпақтың өміріне, болашақ Қазақстанға өз әсерін тигізеді.



Қорыта келе айтарымыз, Жаңа Қазақстанның кешегі күннің қателігін қайталамай, алға қарай дамуы аса маңызды. Осы арқылы елдің еңсесін көтеріп, халықтың жағдайын жақсартуға болады.

Асылхан ҚУАН,
Аяулым ӘБДІХАЛЫҚ,
Балжан ЖЕҢІСБЕК,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті дінтану мамандығының 3-курс студенттері,
жетекшісі: аға оқытушы
Жанна ҚАҢТАРБАЕВА

САБАҚТАСТЫҚ

Алаш идеясымен рухтанған...

Арғы беттегі қазақ баспасөзіне «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналының ықпалы зор болды. Аталған басылымдардың сарғайған түптемесін ақтарып отырып, Қытайдағы қазақ қандастардың өткен ғасырдың алғашқы ширегінде «Қазақ» газетіне, «Айқап» журналына үнемі қаржылай қолдау көрсетумен қатар, оны алдырып оқығаны туралы ақпарат бар. Өкінішке қарай, бұл басылымдар төте жазумен шыққандықтан ол деректер күні бүгінге дейін оқырманға жетпей келеді.

Қажет АНДАС

Бірақ ол тұста арғы беттегі қазақтардың арасында баспа өнерінің қыры мен сырын білетін маманның тапшылығынан газет шығарып, журнал бастыруға мүмкіндік болмады. Ал 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінен кейін арғы бетке асқан зиялы қауым Қазақстанда шыққан газет-журнал түптемелерін, баспа өнімдерін өздерімен бірге алып өтіп, олардың баспагерлікке деген танымын оятты. Осының нәтижесінде 1920 жылдардың соңы мен 1930 жылдардың алғашқы жартысында Қазан, Алматы, Ташкент қалаларына жастарды оқуға жіберіп, баспагерлікпен айналысатын маман тәрбиелеу ісін қолға ала бастады.

Арғы беттегі қазақтар арасында баспа өнерінің алғашқы уығы Шәуешек қаласында тігілді. 1914 жылы ашылған «Тұран мектебі» алғашында Қазақстанда Ахмет Байтұрсынұлы емлесімен шығатын оқу құралдарын пайдаланып келсе, 1925 жылдары Қазан қаласынан баспа құралдарын сатып әкеліп, өздері оқулық құрастыра бастады. Бұл сол



өнірдегі баспасөздің басталғанынан дерек береді. Сол негізде «Біздің үн» (Біздің Тауыш) деген газет өмірге келді. Ол газеттің таза ұлттық бағыт ұстанғаны жергілікті өкіметке жақпады. Сонымен 1935 жылы осы газетті тоқтату үшін қытайша, ұйғырша «Шыңжаң» газетінің Шәуешек бетін шығарып, кейін «Жаңа Шыңжаң» деген журналға өзгертілді.

Осы тұста 1935 жылы Үрімжі қаласында «Шыңжаң» газетінің қазақ тіліндегі нұсқасы шыға бастағанын айта кеткен жөн. Бұл газет Шыңжаңдағы баспасөздің дамуына оң ықпал етті.

Өр Алтай өңірінде 1935 жылы Шәріпхан төре Жеңісханұлының ықпалымен ең алғаш «Шыңжаң Алтай» газеті шықты. Сол кезден бастап атауы 6-7 рет өзгерген бұл басылымның аты 1949 жылы «Бірлік» деп ауыстырылып, 1951 жылға дейін жарық көріп тұрған.

Іле өңіріндегі баспасөздің тарихын Құлжа қаласында 1935 жылы құрылған қазақ-қырғыз мәдени ағарту ұйымымен тікелей байланыстыруға болады. Сол жылы Құлжада «Төңкеріс таңы» атты газет шықты. Оны Таңжарық Жолдыұлы басқарды. 1944 жылы «Азат Шығыс Түркістан» (кейін «Төңкеріс таңына» ауыстырылды), 1946 жылы «Күрес» журналы таратыла бастады. Бұдан бөлек, Іле, Алтай, Тарбағатай өңірінде «Одақ», «Мекен», «Жаңа Шыңжан», «Төңкерісшіл жастар», «Тарбағатай», «Сәуле», «Алға», «Төңкеріс шұғыласы», «Білім арнасы», «Әйел-қыздар үні», «Өмір», «Шолпан» (кейін «Ынтымақ туы» деп өзгертілген) журналдары жарық көрген.

Бүгінгі таңда Шыңжаңда «Шыңжаң газеті», «Іле газеті», «Алтай газеті», «Тарбағатай газеті», «Шыңжаң ғылым-техника газеті», «Іле ғылым-техника, информация газеті» сияқты газеттер үзбей шығып тұрады. Ал әдеби журналдар ретінде «Шұғыла», «Іле айдыны», «Алтай аясы», «Тарбағатай», «Сайрам», «Бөгда», тағы да басқа журналдар жұрттың ықыласына бөленіп жүр. Сонымен қатар, әлемдегі әдебиет жауһарларымен таныстыруда «Көкжиек», ұлтымыздың мол мұрасын жинақтап, саралап, жұртқа таратуда «Мұра» (алғашқы атауы «Шалғын»), қазақ тілін зерттеуге бағытталған «Тіл және аударма» журналдарының үлесі де аз болмады.

Қысқасы, арғы беттегі қазақ баспасөзінің алғашқы төркіні «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналының бағытын ұстанды. Демек, Алаш рухы арғы беттегі қазақтардың баспа өнеріне ерекше ықпал етті.

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Алматы облысы Әділет департаменті» РММ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23.06.2022 жылғы №417 қаулысына сәйкес, «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Жетісу облысы Әділет департаменті» РММ бөлініп шығуы жолымен қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Талаптар келесі мекенжай бойынша қабылданады: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 38. Тел.: 24-51-88, 24-51-37.

РГУ «Департамент юстиции Алматинской области Министерства юстиции Республики Казахстан» объявляет о своей реорганизации путем выделения из него РГУ «Департамент юстиции области Жетісу Министерства юстиции Республики Казахстан» согласно постановлению Правительства Республики Казахстан №417 от 23.06.2022 года. Претензии принимаются по адресу: г. Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 38. Тел.: 24-51-88, 24-51-37.

ЕСКЕ АЛУ



Кеген ауылының тұрғыны, Жалаулы ауылының тумасы, ардақты әке, асыл жар, аяулы дос әрі сыныптасымыз **Уали Сейілханұлы** тірі болғанда 6 шілдеде 60 жасқа толар еді. Тағдырдың жазуына шарамыз жоқ. Бірақ аяулы досымызды әрқашан сағына еске алып тұрамыз. Жатқан жерің жайлы болып, көкте нұрың шалқысын. Арамызда болмасаң да нұрлы бейнең, жарқын жүзің мәңгі жүрегімізде сақталады.

Өзің жайлы естеліктер көп бізде,
Жарқын жүзің есімізден кетпейді.
Әрқашанда сағына еске алғанмен,
Бірге болған күндерге ол жетпейді.

Өмір деген осы екен гой, осы екен,
Қош айтатын біреу ерте, біреу жай.
Жатқан жерің жаннат болсын ендеше,
Айналаға нұрын шашып тұрардай.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: зайыбы – **Күләш,** достары – **Сауытбек-Шолпан, Ақылбек-Гүлбақыт, Ерсерік-Азигүл, Жұмабек-Гүлнар, Жолдасбай-Гүлмира, Бақкелді-Ләззат, Бақыт-Айбарша, Байбосын-Тойжан, Бақыт-Күляш, Несіпгүл, Нұргүл, Гүлжамал, Күләш, Света, Нұрбүбі, Тұрсынгүл, Бақберген, Ақерке, Хасен-Батес, Қарашаш.**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі:
«Өлке тынысы» ЖШС

Директоры
Досан АТАНТЕЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор
Болат АБАҒАН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 747 688 17 41, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.
Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — 8-777-388-57-77, Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Іле және Қарасай аудандары — 8-701-347-60-32, Қонаев қаласы мен Еңбекшіқазақ ауданы — 8-701-212-00-96, Жамбыл ауданы — 8-701-254-97-55, Талғар ауданы — 8-701-400-28-49, Райымбек, Кеген және Үйғыр аудандары — 8-775-323-08-50
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Гүлжан ТҰРСЫН

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.
«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
«Jetisý» газетінің компьютер орталығында терілді, беттелді. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.
Оқушылардың хаттары үшін редакция жауап бермейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

Газет Талдықорған қаласы Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы - Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс – 664
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 30 110.
Оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы – 20 010.
Индексі - 65469.

18 MAÝSYM
2022 jyl
senbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№68 (19063)
АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ
Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ҚҰРЫЛТАЙ



ҰЛЫТАУ – ҰЛТТЫҢ ҰЯСЫ

Мемлекет басшысы ұлы бабалардың ізі қалған қасиетті мекенді қазақтың бірлігін әйгілейтін сәулетті нысанға айналдыруды тапсырды

Бейсенбі күні Ұлы Дала елінің қасиетті төрі Ұлытауда ұлттық құрылтай өтті. Тарихымызға көз жіберіп, бабалар жолына зер салсақ, ұлт болашағына арналған ұлы мұрат жолында ел бастаған көсемнен бастап, сөз бастаған шешендер, қол бастаған батырлар, аузы дуалы ақындар тағдыршешті мәселеде жеті рет өлшеп, бір рет кесетін келелі кеңестер өткізіп, келісіп пішкен тонның келте болмайтынын, бірлік бар жерде тірліктің оңалатынын біліп, арнайы жиындар өткізіп тұрған. Ендеше Ұлытаудағы Құрылтай бабалар жолының жарқын жалғасы екені ақиқат.

Жұматай ӘМІРЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құрылтай басталмай тұрып, Жошы ханның басына барып, зиярат етіп, Құран бағыштаудан бастауы «өлі разы болмай, тірі байымайды» деген қазақ халқының қастерлі ұстанымына көрсеткен құрметі деп түйдік.

Атырау-Алтай арасынан, Алатау-Арқа даласынан құрылтай құрамына енген делегаттар мен арнайы шақырылған құрметті қонақтар бас қосқан жиында Мемлекет басшысы сөз сөйлеп, Құрылтайдың маңыздылығына тоқталды. Бұл басқосу Жаңа Қазақстанды құру жолындағы жаңаша қадам екенін айтты. Біз аңсаған әділетті қоғам бүгін айтылып, ертең орындала салмайтынын, мемлекетіміздің өркендеуі мен еліміздің бақуатты өмір сүруі үшін қандай мәселеге болмасын кеңінен қарап, сабырлық танытсақ, армандаған күніміздің алдымыздан қарсы алатынын жеткізді. Осы мақсатта бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара ұйымдасып, ұлтты ұйыстыру үшін Ұлттық Құрылтайға шақырғанын атап өтті.

– Құрылтай шақыру – ертеден келе жатқан ата дәстүріміз. Бабаларымыз маңызды мәселелерді осындай алқалы жиында талқылаған. Халық өзара ақылдаса отырып, бір тоқтамға келген. Мұндай шешімдер бүкіл елді біріктірген. Төл тарихымызда ұлт тағдырын шешкен құрылтайлар болған. Оның көбі халқымыз үшін маңызды кезеңде өткізілген. Талас құрылтайынан кейін Алтын Орда дербес мемлекет болды. Қарақұм және Ордабасы құрылтайлары жұртымызды ел қорғауға ұйыстырды. Орынбордағы бірінші қазақ құрылтайында Алаш партиясы құрылды. Екінші құрылтайда Алаш автономиясы жарияланды. Егемендік кезеңінде Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы өткізілді. Бұл жиында сырттағы қандастарымыз атамекенге шақырылды. Біз бабалар жолын ұстанып, Құрылтай шақыру дәстүрін жаңғырттық. Елдігімізді нығайтып, бірлігімізді бекемдейік деп, бүгін бас қосып отырмыз, – деген Мемлекет басшысы қазақ халқы үшін Құрылтайдың мәні жоғары, маңызы терең екенін тағы бір есімізге салды.

(Соңы 2-бетте)

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

Дәрігерге мың алғыс!

Алматы облысының басшысы дәрігер еңбегін ерлікке тең іске балады

Қонаев қаласындағы Мәдениет сарайында Медицина қызметкерлері күніне арналған мерекелік шара өтті. Салтанатты басқосуда еңбегі еленген бір топ сала мамандары марапатталып, сый-құрметке бөленді.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Салтанатты шарада облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев сөз сөйлеп, алғыс арқалаған абзал жандарды кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтады.

– Жыл басынан бері елімізде Жаңа Қазақстанды құруға бастайтын саяси шешімдер қабылданды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Қапшағай қаласына Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімі берілді. Бұл – оң бастамалардың жалғасы. Алматы облысын бөлу, облыс орталығын Қонаев қаласына бекіту туралы тарихи шешімді облыс тұрғындары қуана қолдап, үлкен үміт артып отыр. Кез келген мемлекеттің ең басты міндеттерінің бірі – ел азаматтарының денсаулығын сақтау, әл-ауқатын арттыру.

Адамның ең басты байлығы – денсаулық. Біз күнделікті жауапты қызмет атқара жүріп, екі жылға созылған пандемиямен күресте бар білімі мен тәжірибесін халық саулығын қорғауға бағыттаған баршаңызға зор ризашылығымызды білдіреміз. Қажетті құрал-жабдықтар мен дәрі-дәрмектің жеткілікті болуы және дәрігерлер біліктілігінің арқасында індеттің беті қайтып, барлық сала қалыпты өмірге оралды.

Қаңтар оқиғасы кезінде жарақат алған азаматтарға жедел медициналық жәрдем көрсеткен дәрігерлердің еңбегі өлшеусіз. Ел Президентінің алдымызға қойған міндеттеріне сәйкес аурудың алдын алуға, медициналық қызметтің қолжетімді әрі сапалы болуын қамтамасыз етуге бар жағдай жасалып келеді. Ғимараттар жаңартылып, материалдық-техникалық база нығайтылды, – деді аймақ басшысы.

(Соңы 2-бетте)



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ

ТУҒАН ТОПЫРАҚ

Жетісу жерінде мемлекеттің қасиетті орындар тізбесіне 51 нысан енсе, соның үшеуі Қапал ауылында орналасқан. Тамшыбұлақ минералды су көздері – жалпыұлттық қасиетті нысандар, Фатима Ғабитовнаның үйі мен «Қапал мешіті» сәулет құрылысы – өңірлік маңызы бар қасиетті нысандар тізіміне кірген. Өкінішке қарай, оларды ел игілігіне жарату ісі ақсап тұр.

ҚАСИЕТТІ НЫСАНДАР қашанғы қараусыз жатады?..

Қажет АНДАС

Расында, Қапал – тарихы терең елді мекен. Ол XIX ғасырдың екінші жартысында уез орталығы болғанда жан-жақтан ағылған байманап, көпестер сәулеті мен салтанаты жарасқан 249 ағаш үй салдырады. Кезінде сол үйлердің сәні мен салтанаты жайлы Шоқан Уәлиханов тамсана жазды.

(Соңы 8-бетте)



Қуанса – бала қуансын

Жетісу облысының әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ облыс орталығындағы Оқушылар сарайына барды.

Алма ЕСЕНБАЙ

Өзін қуана қарсы алған балдырғандармен емен-жарқын әңгіме өрбіткен өңір басшысы жас ұрпақтың білімді, өнерлі болып өсуіне мемлекеттік тұрғыда ерекше маңыз беріліп отырғанын атап өтті.

– Құрметті балалар!Барлық игілікті өздерің сияқты кішкентай бүлдіршіндер көрсе екен дейміз. Еліміз жаңа даму жолына бет алды. Жаңа Қазақстанды өркендететін – өздеріңсіңдер. Оқушылар сарайында көптеген үйірмеге қатысасыңдар. Жетісу жерінің табиғаты көркем, әсем жері көп. Сондықтан біздің жеткіншектер Жетісудың әдемі жерлерін көріп, туристік жорықтар жасап, мәдениет мекемелеріне, театрлар мен спорт сарайларына баруы үшін микроавтобус сыйлауды жөн көрдік, – деп жаңа екі көліктің кілтін табыс етті.

«Mersedes Benz» маркалы микроавтобустың біріТекелі қаласындағы Балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану орталығының директоры Самат Жаңбырбаевқа, енді бірі Талдықорған қаласындағы Оқушылар сарайының директоры Ләззат Есболоваға табысталды.

Бұдан соң өңір басшысы 3200 балаға қосымша білім беріп отырған Оқушылар сарайын аралап, үйірмелер жұмысын пысықтады. Шахмат үйірмесінің жеткіншектерімен тілдесіп, тау туризміне шыңдалып жатқан балалардың мүмкіндігіне мән берді. Технопарк сыныбында баланың ғылыми талабын ұштайтын түрлі заманауи құрылғылардың орын тепкенін көріп, әрқайсының ерекшелігіне назар аударды. Кеме модельдеу үйірмесінде балалардың қолдан жасаған кемелері мен оны суда жүздіру әдіс-тәсілдерімен танысты. Хания Есдәулетова жетекшілік ететін Қонаев бұрышына дазер салды.

«Қуанса – бала қуансын» дейді дана халқымыз. Ең бастысы, балдырғандардың жайлы көлікпен жаңа сапарларға шығуына жол ашылды.

НАКАНУНЕ ПРАЗДНИКА

Құрбан айт мейрамы құтты болсын!



9, 10, 11 июля текущего года все мусульмане мира отметят важнейший праздник в исламе - Курбан айт. Мусульманский праздник Ид аль-адха (Курбан айт) стал частью религии во 2-й год хиджры (мусульманское летосчисление), в 624 году. В переводе с арабского «курбан» означает сближение с Всевышним.

Алма УРАЗАЕВА

Согласно Корану, истоки праздника Курбан айт восходят к испытанию, посланному Аллахом пророку Ибрахиму. Пророк до 86 лет не имел детей, пока у него не родился первый сын - Исмаил. Однажды во сне Ибрахим увидел, что Всевышний просит его принести в жертву единственного сына. Не посмев противиться желанию Аллаха, он пришел в долину Мина, где позже был построен город Мекка. Исмаил не сопротивлялся отцу, также будучи послушным воле своего Бога. В последний момент, когда пророк Ибрахим уже был готов совершить жертву, Аллах снизошел к нему, сказав, что он прошел испытание, доказав свою покорность и преданность. Жертва была заменена на барана. Так в исламе и зародилась традиция принесения жертвы.

По традиции, Курбан айт празднуют через 70 дней после Ораза айта - дня разговения, следующего за месячным постом Рамадан. Ид аль-адха неразрывно связан с паломничеством мусульман в Мекку. За день до праздника верующие, совершающие хадж, поднимаются на гору Арафат. В день жертвоприношения они семикратно обходят Каабу.

В течение трех дней после праздничного Курбан айт намаза каждому мусульманину необходимо совершить жертвоприношение – это ключевая часть праздника. Всевышний Аллах повелел в Священном Коране: «Так молись же Господу твоему и (ради Него) закалывай (жертвенных животных)!» (сура «Каусар», аят 2).

Согласно традиции, жертвой для Курбан айта могут быть баран, верблюд или корова. При этом, у обряда есть строгие правила. Если в жертву приносят верблюда, ему должно быть пять лет, крупный рогатый скот (корова, буйвол) должен быть двухгодовалым, а овцы - годовалыми. У животных не должно быть болезней и серьезных недостатков, портящих мясо. При этом, верблюда можно заколоть за семерых человек, а овцу – за одного человека.

Закалывая животное, нельзя проявлять агрессию. Наоборот, к нему надо относиться с жалостью. В таком случае, говорил Пророк, и Аллах смилуется над человеком. К месту закалывания животное приводят аккуратно, чтобы не вызвать паники. Режут таким образом, чтобы его не видели другие животные. Да и сама жертва не должна видеть ножа. Категорически запрещается мучить животное. При этом важно понимать, что принесённый в жертву скот, в первую очередь, предназначен для милостыни, для угощения близких и друзей: одну треть жертвенного животного положено отдать беднякам или детским домам, другую треть - раздать гостям и родственникам, и еще одну треть оставить семье.

А еще в этот день принято навещать близких и молиться за умерших. Также верующие должны раздавать милостыню.

Перед началом праздника необходимо совершить полное омовение, особое внимание надо уделить одежде. Не стоит встречать праздник в грязных и неопрятных вещах. Друг друга в день Курбан айта принято поздравлять возгласом «Құрбан айт қабыл болсын!», что в переводе означает: «Пусть будет благословен праздник!».

- Курбан айт – один из главных праздников мусульман, который призывает радовать родных, близких, друзей, знакомых и незнакомых людей, совершать добрые дела с самыми благими намерениями. Народ по-особенному готовится к его празднованию: совершают праздничную молитву, те, у кого есть возможность, приносят в жертву жертвенное животное, ходят в гости и принимают гостей.

Накануне нынешнего Курбан айта мы встретились с главным имамом ДУМК по Талдыкорганскому региону Алмасом Данагуловым, который направил слова поздравления жителям края Жетісу:

- Поздравляю всех земляков с этим значимым праздником! Пусть Всевышний Аллах дарует каждой семье счастье, благополучие и достаток, а нашей стране – мир и процветание! Да будут приняты наши жертвы, принесенные с добрыми намерениями, и паломничество наших соотечественников в большом Хадже. Аминь!

Под влиянием различных национальных традиций и верований празднование Курбан айта имеет свои особенности у каждого народа. В Марокко, Индонезии, Малайзии после молитвы народ выходит на улицу с песнями и плясками. В Турции, в основном, все проходит по классическим канонам. Особенностью является то, что из жертвенного мяса чаще всего готовят кебаб. В Таджикистане и Афганистане в домах выставляют угощения в ожидании гостей. В Узбекистане за день до праздника готовят традиционные мучные изделия. Вечером на стол подается праздничный плов.

В Казахстане издревле в этот день проводили айтысы, национальные игры көкпар и қыз-қуу, накрывали богатый стол для друзей и родственников, ходили друг к другу в гости. Эти традиции сохраняются и в наши дни. Казахи в день Курбан айта после утреннего намаза часто посещают могилы своих родственников.

ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ

Исполнили мечту отца

В здании Дворца языков города Талдыкоргана состоялась презентация трехтомной книги Андаса Омаракына: «Тарих талғарында», «Дода», «Жылдар ізі». Его рукописи собрали и издали оставшиеся после него супруга и дети - семья Андас. В мероприятии, прошедшем в формате «круглого стола», приняли участие известные в городе люди: председатели областного и Еркинского советов ветеранов, главные редакторы и журналисты печатных изданий области Жетісу и города Талдыкоргана, общественные деятели, а также родственники семьи Андас.



Алмагуль ЖАНДОСОВА

Краткое описание книг провели Онербек Куанган - преподаватель Жетысуского университета им. И. Жансугурова, магистр исторических наук, Айтакын Булгаков – главный редактор газеты «Алатау», Дәулеткерей Мүлік - преподаватель Жетысуского университета им. И. Жансугурова, докторант Phd. Еще за месяц до этого мероприятия они по просьбе Кажета Андаса прочитали по книге, чтобы потом ознакомить других с их содержанием и поделиться своими мнениями. В частности, в книге «Тарих талғарында» рассказывается о жизни казахского народа, проживающего в Кунеском районе Илийской области Китая: о его быте и традициях, деяниях, направленных на то, чтобы сохраниться как народ, общественных событиях. В книге «Дода» собраны сохранившиеся айтысы Андаса Омаракына, так как он был еще и поэтом-импровизатором, принимавшим участие в более чем тридцати песенных состязаниях с известными поэтами, а также айтысы, собранные среди народа. В третьей книге «Жылдар ізі» Андаса Омаракына можно увидеть уже как поэта. Здесь собраны его стихи, написанные им в молодости и с трудом сохраненные, а также поздние произведения. К сожалению, многие труды поэта-писателя были сожжены китайскими властями по доносу неизвестных людей. И возможность писать в полной мере у него появилась только после 90-х годов прошлого столетия. Книги рассчитаны на широкий круг читателей и, в отдельности, людей, занимающихся исследованием жизни казахской диаспоры, проживающей в Китае.

Справка. Андас Омаракын родился в 1944 году в Китайской Народной Республике, скончался в 2015 году в Казахстане, в городе Талдыкоргане. Внес особый вклад в развитие айтыса китайских казахов. На сегодня сохранилось около двадцати его айтысов. В различных китайских и казахстанских изданиях опубликовано более 400 стихов, более 20 поэм. В свет вышли три лирических сборника, четыре книги по казахскому фольклору и десять книг с исследованиями истории казахов. В целом, после него осталось 17 изданных книг. И сегодня сбылась еще одна его мечта – дети опубликовали оставшиеся рукописи.

В ходе мероприятия присутствующими за «круглым столом» было высказано много теплых слов в адрес детей поэта, писателя, исследователя и фольклориста Андаса Омаракына. Продолжение славных дел своих предков и сохранение богатого духовного наследия – святая обязанность потомков, которую с честью исполняют члены семьи Андас. Слова благодарности коллеги выразили старшему сыну семьи Кажету Андасу, творческому вдохновителю и инициатору мероприятий, направленных на широкую пропаганду традиций, обычаев, творчества казахского народа.

КНБ – 30 ЛЕТ



Велопробег Боралдай - Нур-Султан

В честь 30-летия Комитета национальной безопасности Республики Казахстан офицеры авиационного управления выступили организаторами дальнего веломарафона - от поселка Боралдай, места дислокации авиабазы, до Нур-Султана. Участники велопробега: капитан команды, подполковник Канат Халитов, подполковник Даурен Бухаров, капитан Даулет Мамбеталиев, капитан Канат Кайратов.

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
Илийский район Алматинской области – п. Сарышаган Карагандинской области

На утреннем построении на плацу военного аэродрома начальник авиационного управления КНБ Александр Кузнецов пожелал успехов команде, наказав гордо нести флаг КНБ по всему маршруту следования, до столицы нашей Родины.

На первом этапе планировалось до остановки на ночлег преодолеть 160 км по Алматинской области по маршруту Боралдай-Каншенгель. Далее офицеры должны выехать из Сарышагана (Приозерск) до Гульшата Карагандинской области и в пятницу, ровно через неделю от момента старта, финишировать в Нур-Султане, оставив позади 1120 км.

Пожелаем команде велосипедистов-авиаторов хорошей погоды и попутного ветра!

P.S. В понедельник, перед отправкой информации в печать, мы связались с капитаном команды, и вот что нам сказал Канат Халитов по телефону: «Все идет по плану, мы даже немного опережаем график. Сейчас мы, например, недалеко от Сарышагана, тогда как по графику эта точка у нас запланирована на завтра. Сложности есть, конечно. Погода жаркая - от 35 до 40 градусов, встречный ветер. Передвигаемся с раннего утра, примерно до 11.00, потом отдыхаем до 17.00 и, как спадет жара, вновь в дорогу. Движемся до 19 часов. Ужин и отбой в палатках - в 21.00. Спасибо за внимание к нашему велопробегу! Будем информировать вас по пути следования...».

МНЕНИЕ

Помни свои корни!

Многие, кто учит в школе историю Казахстана, задаются вопросом: «А для чего я это учу? В жизни она мне ведь не понадобится». А я думаю, еще как понадобится, и считаю, что каждый должен знать историю своего народа, через какие невзгоды прошли его предки, чтобы достичь того, что мы сейчас с вами имеем. Это заслуга многолетнего труда, крови и слез. На нашей земле, где сейчас царят мир и гармония, когда-то велись жестокие битвы, была пролита кровь, погиб не один воин.

Знание истории - это дань уважения к своей стране, к своему народу. Об этом пишут многие писатели, и один из них - Чингиз Айтматов. В своем романе «И дольше века длится день» он приводит легенду о манкурте, где рассказывается о том, к чему может привести лишение исторической памяти. «Человек, лишенный исторической памяти, становится марионеткой, рабом навязанных ему понятий и представлений». И эти слова кратко и ясно все выражают. Человеком, который забыл все, легко управлять, так как он слаб и беспомощен. А человека, знающего свою историю, будет труднее переубедить, и он будет обладать всеми духовными качествами, которые необходимы каждому. Мы должны извлечь из этого урок: знать историю - это наша с вами обязанность, в первую очередь, не перед самими собой, а перед страной и народом.

Еще одной важной стороной изучения истории является то, что мы должны не только знать исторические события и заучивать хронологические даты, а извлекать из этих событий урок, чтобы в будущем не допускать ошибок. Наша многовековая история нас учит тому, что войны, кровопролития - не самый лучший способ решения конфликтов, что есть множество путей решения мирным способом, что человеческая жизнь намного важнее и ценнее, чем амбициозные планы амбициозных политиков. Об этом свидетельствуют различные исторические памятники в нашей стране. Например, памятник жертвам голодомора 1931-1933 годов, установленный в Алматы.

В итоге, можно сделать вывод о том, что будущее немыслимо без знания прошлого. Высокоразвитые государства – такие, как Япония, Южная Корея, глубоко почитают свою историю, культуру. Если мы хотим стать одной из лидирующих стран, то наша великая и многовековая история не должна быть забыта, напротив, ее обязан знать каждый гражданин нашей процветающей республики.

Маржан ҚАЛДЫБЕК,
ученица 11 класса
СШ №9 города Талдыкоргана.

По вопросам размещения рекламы в г. Талдыкоргане обращаться по тел.:
40-60-62, сот. 87058147221, 87005200391,
в г. Алматы: 8 7272 79-13-03, сот. 87013215750.
Наш электронный адрес: ogni_alatautald@mail.ru, ogni_alatau@mail.ru.

УВАЖАЕМЫЕ ПОТРЕБИТЕЛИ!

АО «Талдыкорганская акционерная транспортно-электросетевая компания» сообщает о проведении слушания по отчету о деятельности Акционерного общества по предоставлению регулируемой услуги и инвестиционной программы перед потребителями и иными заинтересованными лицами за I полугодие 2022 года.

Отчетная встреча будет проводиться 29 июля 2022 года в 15.00 часов по адресу: г. Талдыкорган, ул. Абылайхана, 274, в здании АО «ТАТЭК», второй этаж, конференц-зал.

Предварительный список участников формируется до 16.00 часов 28 июля 2022 года. Желающих принять участие в данном слушании просим обращаться по телефону: 8(7282) 23-33-46 (3-56).

Наш электронный адрес: ogni_alatautald@mail.ru, 87073900990 (WhatsApp)

Учредитель: Акимат Алматинской области

Собственник: ТОО «Өлке тынысы» Директор – Досан АТАНТЕЛОВ Тел. приемной директора: 40-20-71

Главный редактор – Хасан ЕСПАНОВ

Газета выходит три раза в неделю: во вторник, четверг, субботу. Материалы публикуются на трех языках - казахском, русском, английском. Газета поставлена на учет в Министерстве по инвестициям и развитию Республики Казахстан, в комитете связи, информатизации и информации. Регистрационный номер №15724-Г. от 04.12.2015 года.

Адрес редакции в Талдыкоргане: 040000, ул. Жумахана Балапанова, 28. Приемная главного редактора 40-20-43, зам. гл. редактора 40-20-45, 40-20-46, секретариат 40-20-47, корреспонденты 40-20-54, 40-20-56, 40-20-58, прием рекламы и объявлений – 40-20-62, 8 705 814 72 21, 8 700 520 03 91

Адрес корпункта в Алматы: 050000, ул. Желтоксан, 112, 5 этаж, каб. 506, телефон: 8 701 321 57 50.

Телефоны: корреспонденты – 279-34-64, прием рекламы и объявлений – 279-13-03, e-mail: ogni_alatau@mail.ru.

Телефоны собкоров: в Ушарале – 2-13-82; в Каскелене – 8 747 563 61 18; соб. корреспондент по Панфиловскому и Уйгурскому районам – 8-72831-5-88-22, 3-20-08.

Телефон доверия по вопросам противодействия коррупции: 87773880990

Набрано и сверстано в компьютерном центре газеты «ОГНИ АЛАТАУ»

Дежурный редактор Татьяна ДЕМИДОВА

Мнение автора материала не всегда совпадает с мнением редакции. За достоверность рекламы ответственность несет рекламодатель.

Отпечатано в типографии «Офсет» филиала АО «Алматы-Болашак». г. Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 32. Общий тираж издания ТОО «Өлке Тынысы» 30110, в том числе тираж этого номера газеты «Огни Алатау» 10100. Заказ №678

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8

(Басы 1-бетте)

ХАЛЫҚПЕН БІРГЕ ЖАСАСҚАН

Созақ қаласы



1465-1469 жылдары Қазақ хандығының іргесін қалаған Керей мен Жәнібек хандардың мекені болды. Әбілхайыр ханның қазасынан соң билік үшін талас белең алып, Созақ қаңырап бос қалады. Кейбір тарихшылардың айтуынша, XVI ғасырдағы Шығай ханның тұсында Созақ қайтадан ел астанасы болған-мыс. Алайда дәл сол тұста хан ордасы Сығанақта отырған еді. Бүгінгі күні Созақ қаласының орны Түркістан облысында жатыр.

Сығанақ



Бұл қаланың қашан Қазақ хандығының астанасы болғаны туралы нақты мәлімет жоққа тән. Қызылорда – Шымкент автожолының бойында жатқан көне шаһардың аты XIV ғасырда соғылған алтын-күміс теңгелер мен жазба деректерде көптеп кездеседі. Сығанақ қаласы туралы мәлімет X ғасырдың деректерінде айтылса, XI ғасырда «Диуани лұғат ат-түрк» («Түркі сөздерінің жинағы») атты айтулы еңбек жазып қалдырған Махмұд Қашқари қаланы оғыздардың астанасы ретінде атайды. Ұлы Жібек жолын жалғаған керуендер жүрген соқпақтың бойында жатқан көне қаланың қирандысынан қазірде көптеген жәдігер табуға болады.

Түркістан (Яссы)



Түркі тілдес халықтардың рухани орталығы саналатын Түркістан XVI ғасырдан бастап XVII ғасырдың орта шеніне дейін Қазақ хандығының астанасы болды. Қазақ хандығының құрамына Сырдария аумағы кіргеннен бастап хандардың ордасы Яссы қаласына орналасып, шаһар ірі сауда және қолөнер орталығына айналды. Сайын даланың сағымынан сыр аулаған халықтың әкімшілік тұрғыдан тірегіне айналған шаһар Орта Азия елдерінде тұратын мұсылмандар үшін рухани орталық саналады.

Ташкент



Басы Қытайдан шығып, аяғы Еуропаның солтүстігіндегі мұхитқа тірелетін Ұлы Жібек жолының бойында жатқан ең көне қаланың бірі – Ташкент туралы мәлімет біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырда айтылған жыр-дастандарда көптеп кездеседі. 1586 жылы Қазақ хандығының ордасына айналған Ташкентті Есім хан ордасына айналдырып, Ферғанаға иелік еткенімен Самарқан мен Бұқараны басып алудан тартынады. Дегенмен, хан ордасы тұрған Ташкентте жыл сайын мәслихат өткізіліп, халықтың қажетіне жарайтын шаралар қабылданады. Кейін алашордашылар өзара келісімге келе алмай, Мұстафа Шоқайдың Шығыс Түркістанды құру туралы идеясы Ташкентте туып, талқыға салынғаны жасырын емес.

Семей



1917-1920 жылдары Алаш автономиясының астанасы болған Семейдің тарихы 1718 жылдан бастау алады. Сібірдегі Көшім ханның билігін жойған орыстар Семейдің іргетасын алғашқы бекініс ретінде салады. Петр I патшаның жарлығымен Ертіс өзенінің бойына салынған қала Ресей патшасының қуғынына түсіп, жер аударылған Федор Достоевский, Александр Пушкин сынды айтулы тұлғаларға да мекен болған. Халқымыздың рухани ұстазы Абай Құнанбайұлының бар саналы ғұмыры өткен қала кейіннен Жалпықазақ құрылтайында Алаш автономиясының астанасы болуы бекер емес.

Орынбор



1743 жылы сәуір айында іргетасы қаланған қала 1920 жылы 26 тамызда қабылданған «Қазақ автономды Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» Декреттің күшімен еліміздің астанасына айналады. Алайда көп ұзамай Қазақстанның астанасы Сырдария өзенінің жағалауында жатқан Ақмешіт қаласына 1925 жылы көшіріліп, аты Қызылорда деп өзгереді. Ал, Орынбор қаласы Ресей Федеративті Республикасының құрамына губерния ретінде кіреді.

Қызылорда



1820 жылы Қоқан ханы Омардың бастамасымен іргетасы қаланған Ақмешітті 1853 жылы 28 шілдеде А. Перовский бастаған орыс әскері басып алады. 1917 жылы 30 қазанда Кеңес одағының иелігіне өткен шаһардың атауы 1925 жылы «Қызылорда» деп аталып, 1927 жылға дейін мемлекеттің орталығы болды.

Алматы

1929 жылдан 1998 жылға дейін Қазақстан Республикасының астанасы болған Алматы қаласының тарихы X ғасырға барып тіреледі. X-XIV ғасырлар аралығында Алмату елді мекені болғаны табылған тиын-теңгелермен дәлелденген шаһардың аумағына орыс басқыншылары 1854 жылы Верный бекінісін салып, қала тарихын өздері бастағандай көрсеткісі келеді. Алайда ақиқат одан да тереңде жатқаны археологиялық қазбалар арқылы дәлел тапқан Алматы әлі күнге еліміздің рухани орталығы іспетті.

Ақмола



1997 жылы ел астанасын орталыққа көшіру туралы Жарлық шығарған Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы біреуге күлкілі, біреуге шынайы көрінгені рас. Ақырында кең-байтақ еліміздің қақ жүрегінде әлем жұртшылығы назар аударған қала бой көтеріп, әлемдік картадан ойып тұрып орын алғанын баршамыз көрдік. Алдымен Ақмоладан «Астана» болып өзгертілген қала қазір Нұр-Сұлтан деп аталады. Биылғы қаңтар оқиғасынан бастап жаңа дәуірге қадам басқан Жаңа Қазақстан үшін Елорданың орны бөлек, маңызы басым.

Астана күніне құтты болсын айта отырып, еліміз тыныш болсын, мемлекетіміз қарқындап дами берсін деген тілек арнаймыз.

М. ӘСЕТҰЛЫ

ЖАЙДАРМАН



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ

Өткен бейсенбідегі берекелі істің бірі Талды қаланың төріндегі Тіл сарайында өткен рухани шара болды. Ата басылымда 15 жылға жуық еңбек етіп келе жатқан әріптесіміз Қажет Андас әке аманатын орындап, артында қалған мұрасын жинап, кәдеге жарар кітапқа айналдырды.

Әке аманатына адалдық

Ел басына екіталай күн туғанда атажұрттан алыстап қалған Андас әулеті – тәуелсіздіктің арайлы таңы атқанда тәуекел етіп, арғы беттен қарғып өткен отбасының бірі. Отағасы Андас Омарақын қытай елінде жас кезінен ұлтының ұлы құндылықтарын, тарихы мен салт-дәстүрін дәріптеуді перзенттік борышына айналдырса керек. Бірақ ол елде де бай баласы, ұлтшыл деген желеумен оқудан шеттетіліп, қаламгерлікпен айналысуға мұрша бермейді. Тіпті, 1966 жылғы мәдени төңкерісте барлық қолжазбалары қолды болып, отқа тасталып, ұзақ жылғы еңбегі зая кетеді. Ұлтын сүйген ұл араға жылдар салып, қайтадан қаламын қолына алып, тарихтың қатпар беттерін ақтарып, қағаз бетіне қаттай бастайды. Өзі өмір сүрген Іле-қазақ облысының Күнес ауданындағы қазақтардың тарих танымына терең бойлап, құнды мұраларын кітапқа түсіреді. Андас қария киелі сөз өнерін жанына серік етіп, қиындығы мол қаламгерлік жолда аянбай еңбек етіпті. Ол кісі қара өлеңге ғана олжа салмаған. Тарихшы, шежіреші, айтыскер ақын да болған.

Артындағы ұл-қыздары әкенің асыл мұрасын жинақтап, аяулы жары Әуесхан апаның көңілін шаттандырып, өшкені жанғандай күйге жеткізді. «Офсет» баспаханасынан шыққан «Тарих талғарында», «Дода», «Жылдар ізі» атты үш томнан тұратын кітаптың таныстырылымына ардагерлер алқасы, танымал ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері мен журналистер қауымы қатысып, ақжарма тілегін айтып, әке аманатын орындаған ұрпағына ризашылық білдірді. Қызай руына арналған тарихи зерттеулер мен Андас ақынның және сол дәуірде өмір сүріп, сөз сайысын қыздырған ақындардың айтыстары, шежірелер мен өлеңдер жинағы үш том болып оқырманға жол тартты. Әкеге қарап өскен ұл Қажет Андастың перзенттік борышының бір парасын өтеген осынау игі бастамасы көпке үлгі болмақ.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Мәдениет үйі жоқ ауыл

(Басы 1-бетте)

Кеген ауданындағы Шырғанақ ауылдық округі – Қызылжар, Көкпияз, Кіші Қарқара, Талды, Кеңсу секілді шағын әрі бірнеше ауылды біріктіріп отырған іргелі мекенде 3 мыңға тарта халық тұрады. Оның ішінде көптеген талантты жастар еңбек етіп, өмір сүруде. Қазақстанның Халық әртісі Есмұхан Обаев, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Рамазан Стамғазиев, дәстүрлі әнші Тілеулес Құрманғалиев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, композитор Ермұрат Үсенов түлеген ауылда Мәдениет үйі жоқ десек, былайғы жұрттың сенбеуі де мүмкін. Алайда, шындық сол. Орталықтағы І. Жұмағұлов атындағы орта мектептің жанынан салынған бұрынғы Мәдениет үйінің сорайып-сорайып діңгектері ғана тұр.

– Кеңес Одағы кезінде Шырғанақ ауылының орталығында жап-жақсы Мәдениет үйі болды. Тып-тыныш тұрған ғимарат 2004 жылы бұзылып, тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетті. 2019 жылы облыс әкімі Амандық Баталовтың тұсында бір әрекет жасап көрдік. Аяқсыз қалды. Кеген ауданы қалпына келгелі өңірдегі Тасашы, Ұзынбұлақ ауылдарындағы Мәдениет үйлері күрделі жөндеуден өтті. Енді біреуінде өртеніп кеткен, бірінде бұзып әкеткен, Мәдениет үйі жоқ Қарқара мен Бөлексаз ауылдарында жаңадан рухани шаңырақ салынатын болды. Оған қуанамыз. Дегенмен, Шырғанақ ауылының орталығынан Мәдениет үйін салудың жөні де, жолы да бар. Ауданның жоспарында тұр. Бізге алысқа ұзатпай салып берсе, – дейді ауылдағы ақсақалдар кеңесінің төрағасы Ермек Құрманғалиев.

Шырғанақ ауылындағы жағдай осындай. Өте ұйымшыл, береке-бірлігі жарасқан ауыл тұрғындары салт-дәстүрімізге негізделген игі шаралар өткізіп тұруға мүдделі. Соны өткізетін жер таппай қиналып жатады. Ауыл жастарының да кешке, бір уақыт барып, спортпен шұғылданып, мәдени шараларды көріп, мәнді де мағыналы демалып қайтатын жері жоқ. Шырғанақ ауылдық округінің әкімі Ернар Сарыбаевтың бұл жұмыстың жүгін көтеріп келе жатқанына көп бола қойған жоқ. Алайда, жаңадан Мәдениет үйін салудың жоба-жоспарын, қажетті құжаттарын жасатып жүр. Не дейік, Кеген ауданының әкімі Талғат Байедилов бастаған әкімдіктегі азаматтар биыл болмаса да келесі жылы Шырғанақ ауылынан жаңадан мәдениет үйінің салынуына көмек көрсетсе нұр үстіне нұр болмақ. Әйтпесе, жоғарыда аты аталған сахна саңлақтары туған ауылға келген қонақтардан ұят...

Кеген ауданы
Алматы облысы

АЛҒЫС

Жаным жадырап қайтады

Жазиралы өңірдегі «Жаркент-Арасан» шипажайы – жанға дауа. Табиғаты көркем таулы өңірде орналасқан, термальды, радонды, хлорлы-сульфатты, натрийлі минералды суларымен Одақ көлеміне әйгілі болған шипажайда демалушылар легі толастамайды.



Кезінде мұнда қазақтың біртуар азаматтары да демалған. Соның жарқын дәлеліндей шипажай аумағынан кезінде заманымыздың заңғар тұлғасы Дінмұхамед Қонаев тоқтаған қонақүй мен тікұшақ қонатын алаң меммұндалап көзге шалынады. Шипажай 2004 жылы жеке кәсіпкердің қарамағына өткен еді. Осы кезден бастап емдеу-сауықтыру орны бірнеше рет күрделі жөнделіп, заманауи қалыпқа келтірілді.

Бұл жерге келген демалушылардың қыз-меткерлерге деген ризашылығы шексіз. Олар, әсіресе, Ринат пен Әсемнің ақ пейіліне риза. Құрақ ұшқан Ринат демалушылардан көмегін аямады, Әсемнің жайдары мінезі сырқаттанып тұрған адамның өзін жадыратып жібереді. Қызметкерлер – Сақатай апай мен Гүлге де айтар алғыс шексіз. Әсем музыкамен жаттығу өткізетін Сәуленің жарқын жүзі емге келушілердің көңіл хошын келтіреді. Мұндағы шипалы емнен кейін тәбетің де ашылады. Аспаздар Олжас Әкежанов, Мира Шымбергенова, Союзхан Көрпебаева және Күлғайша Ошақбаевалардың даярлаған тағамы тіл үйіреді.

Көктем шыға бірқатарымыздың артынып-тартынып алыс шетелдерге сапар шегетініміз анық. Қыруар қаражат шашып шетел асқанша, өзіміздің Алакөл мен Балқашта, «Жаркент – Арасанда» ем алғанды тиімді санаймын. Радонды су мен батпақпен емделген соң бойыңызға ерекше күш-қуат құйыла бастағанын байқайсыз. Жақын маңдағы Әулиеағаш пен Жаркенттегі Уәлибай мешітіне ұйымдастырылатын арнайы сапар да естен кетпестей әсер қалдырады. Осындай алғаусыз пейілге риза болғаныңыз сонша, «Жаркенттің Арасаны-ай!» деп бұл жерге қайта айналып келуге аңсарыңыз ауып тұрады.

Еділхан ЕСКЕЛДІНОВ,
Кербұлақ аудандық кәсіподақ филиалының төрағасы
Жетісу облысы

ТЖБ ЕСКЕРТЕДІ

Апат айтып келмейді

Астық жинау және шөп ору жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету ерекше маңызды. От қысқа уақытта астық пен шөп қорын жоюы мүмкін. Астық жинау және шөп ору кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін білу және қатаң орындау – өрттің алдын-алудың маңызды шарты.

Дәнді дақылдарды жинау және азық дайындау кезінде өрт қауіпсіздігі қағидалары тәртібі қарастырылған. Онда ауыл шаруашылығы өндірушілері сақтауға тиіс ережелер мен іс-шаралар сипатталған.

Егін жинау кезінде және ол аяқталғаннан кейін, өрттің пайда болуының негізгі себептері: отты абайсыз қолдану, фермерлердің сабанды рұқсатсыз жағуы, қолданыстағы техниканың электр ақаулығы, ұшқын сөндіргіштердің жоқтығы.

Далалық жұмыстарды жүргізу кезінде қойылатын негізгі өрт қауіпсіздігі талаптары жайлы төтенше жағдай басқармасының қызметкерлері үнемі үнпарақтар таратып отырады. Сол ескертпеде толықтай көрсетілген және оны мұқият орындауға міндеттісіз.

Түнгі уақытта машиналарға жанармай құюға тыйым салынады.

Өрт шыққан жағдайда ең алдымен «101» немесе «112» нөмірін теріп, азаматтық қорғау қызметін шақырыңыз. Есіңізде болсын, осы ережелерді қатаң ұстансаңыз өз өміріңіз бен дүние-мүлкіңізді сақтай аласыз.

С. БАГАДИЕВА,
Алакөл аудандық ТЖБ аға анықтаушысы, АҚ капитаны

№ 132

ЖӨН ЕКЕН...

Атадан қалған асыл қазына

Адамның шыққан тегі қандай екенін шежіреге сүйеніп бағдарлайтын қазақтың танымы терең. Біз өткенімізді білмей, болашағымызды болжай алмаймыз. Осыны ескерсек, бір әулет бүтін Отанның бір бөлшегі болып шығады. Оған Талдықорған мемлекеттік архивінде өткен «Атадан қалған асыл мұра» атты отбасылық кордың ашылуында көз жеткіздік. Аталған қорға «Андас» әулетінің құнды заттары табысталды.



Мұхтар КҮМІСБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Қалалық архивке 60-қа жуық іс, мыңға тарта құнды құжат тапсырылды. Бір әулеттің балалары ата-бабаларынан қалған жәдігерлерді мұрағатқа өткізіп, қазақ руханиятына өз үлесін қосты.

Шараға жиналған қауым жылы лебізін білдірді. Алғашқы сөз кезегі облыстық аналар кеңесінің төрайымы Жамал Қасымбековаға берілді.

«Андас әулетінің қоры» миллиардтан аса халқы бар Қытай мемлекетіндегі қазақ қандастарымыздың тарихын білуімізге үлкен көмек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кітабын оқып отырып, осы Қытай мемлекеті туралы көп нәрсені білгенмін. Олардың қандай халық екенін, әдет-ғұрпын дегендей... Сондықтан әулеттің игі ісі көпке үлгі», деді Ж.Қасымбекова.

«Андас әулеті» халық шығармашылығын, қазақ фольклорын зерттеп, ата мұрасын ардақтап, ұлттық өнерді жалғастырып келеді. Бүгінде 7 бала, 16 немере-жиен тәрбиелеп отыр. Андастан тараған ұрпақтар ата-бабаларының бес ғасыр бойы тұтынған 700-ден астам жәдігерін сақтап, мұқият зерделеген. Оның бір бөлігін Күнес аудандық мұражайына сақтауға тапсырса, 100-ге жуығын «Атамекен» мәдени орталығының қорына өткізген.

«Мәселен Қытайда әр отбасының өзіндік архиві болады. Бізде де сол нәрсе қалыптасу керек. Шетелде бұл дәстүр жалғасқан. Ал ол несімен құнды дегенде, сондағы архив санымен және құжаттарымен бағалы. Мысалы, бір жапырақ құнды қағазды жұмарлап тастай салсаңыз қоқыс, жинап қойсаңыз мүлік, ал архивке өткізсеңіз ол мемлекет меншігіне айналып, құнды құжат болмақ», деді Андас әулетінің бір мүшесі, журналист Қажет Андас.

Бүгінде аталған отбасының онегесін әулеттің немере-жиендері жалғастыруда.

СӨЙЛЕ, СУРЕТ!

Күннің бату симфониясы

Күннің алтын сәулесіне шомылған мамыражай тірліктің сұлбасы сұлудың жан толқытар сөзіндей көңілге нәр береді. Ару табиғаттың көз суырар әсемдігі суретшіні айналып өтуі мүмкін емес. Ымырт ұялап, ұзатылар қыздың сәукелесіндей желбіреген күннің шапағы Тәңір жазған картинадай ғажайыпқа толы. Таудың иығына сүйеніп барып қалың ұйқыға бататын тіршіліктің тамыры содан қуат алып жаткандай.



Мұхтар КҮМІСБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Қалай десек те, картинаның бағыт-бағдары, кескін-келбеті өзгеше. Қазақ бейнелеу өнерінің біртуар түлегі, шоқтығы биік суретші Жаңатай Шәрденовтың қолтаңбасы бірден байқалады. Табиғатқа келгенде тағалаған жорғадай жүйткитін шебердің еңбегі орасан. 1978 жылы жазылған «Күннің бату симфониясы» бүгінге дейін өз құнын жоғалтқан жоқ.

Қылқалам шеберінің ерекшелігі де сол, табиғат көріністерін бейнелей отырып, бояуды қалың әрі бірнеше қабатта қолдану арқылы, таудың қырларын, бөлшектерін бір-бірімен үйлестіріп, шынайы бейнесін тапқан. Тек таулардың ғана емес, ағаш жапырақтарын дәл орнықтырып, гүлдердің күлтелеріне қонған көлеңкеге дейін мағына берген. Еркін жағу тәсілімен олардың фактурасын да нақ тауыпты. Соның әсерінен бейнелер кеңептің сыртынан жарып шығып, шынайы түрде жандана, тіріле түседі. Бір сөзбен айтқанда, қазіргі заманауи 3D форматта ұсынылып тұрғандай әсер қалдырады.

Суреткердің әр шығармасы жеке бір әлем. Өнертанушылар да солай деп пайымдайды. Сан алуан түстерді қолдана отырып, жылдың әр мезгіліне өзгеше өң берген. Тылсымға толы табиғаттың кереметін тау көріністерімен әсерлі жеткізген.

Бақсаңыз, «Күннің бату симфониясы» шығармасындағы шырынды жасыл, қызғылт, қарақоқ, қоңыр, яғни кешкі уақытты бейнелейтін қанық түстердің гаммасы рет-ретімен жоғарылай жағылған. Тіпті бір-бірімен бірлесе отырып, кульминация жасап, қорытынды аккордтары қанық қызыл реңгке ұласады. Осылайша салтанатты түрде шығарма тәмамдалады.

БӘРЕКЕЛДІ!

Батумиді бағындырды

Павлодарлық жас бишілер Грузияда өткен «Идеялар толқыны. Грузия» атты II халықаралық фестивалде сегіз бірдей 1-орынды жеңіп алды! Осылайша, облыс орталығындағы М.М.Катаев атындағы оқушылар сарайының «Блэйз» және «Тип-топ» үлгілі эстрадалық би студиялары тәрбиеленушілері биге құмар әлем жұртшылығын өздеріне қаратты.



Оралхан АХМАДИЯ,
«Egemen Qazaqstan»

Халықаралық додада Беларусь, Ресей, Грузия елдерінің де үздік бишілері өнер көрсеткенін атап өткен жөн.

– Батумидің аты аңызға айналған сахнасындағы байқауда атақты мәдениет және өнер қайраткерлері қазылық етті. Павлодарлық бишілердің өнері жоғары бағаланды. Қара теңіз жағалауындағы фестиваль ұмытылмас әсер қалдырды. Балалар байқаудан тыс бос уақытында шеберлік сыныптары мен қызықты экскурсиялық бағдарламаға қатысты, – дейді оқушылар сарайының әдіскері Әсем Айыпова.

Байқауға тоқталсақ, «Pop Dance» санатында – «Непоседы» (кіші жас тобы), «Халықтық-стильдендірілген қазақ биі» санатында – «Кербез» (жоғары жас тобы), «Pop Dance» санатында – «Засуха» (жоғары жас тобы), «Pop Dance» санатында – «В плену интернета» (орта жас тобы), «Микс» санатында – «Саванна» тобы дара шықты. Сондай-ақ Виолетта Рябова мен Арианна Ленинг бірнеше сайыс бойынша жеңімпаз атанды. Жас бишілердің топ жетекшілері – Любовь Корнюхина мен Анжелика Булич.

ПАВЛОДАР

ВЕЛОСПОРТ

«Астана» асығар емес

Францияның Морзин мен Межев аралығын қамтыған «Тур де Франс» көпкүндігінің 10-кезеңі 29 жастағы Магнус Корт Нильсеннің жеңісімен аяқталды.

АҚШ-тың «EF Education-EasyPost» клубы сапында өнер көрсететін даниялық велошабандоз 148,1 шақырымдық қашықтықты 3 сағат 18 минут 50 секундта жүріп өтті. Мәре сызығын екінші болып қиған аустралиялық Николас Шульц (BikeExchange – Jayco) дәл сондай уақыт көрсетті. Испаниялық Луис Леон Санчес (Bahrain-Victorious) үшінші орынды иеленді. «Астаналық» Симоне Веласко 12 сатыға табан тіреді. Сондай-ақ үздік бестікті американдық Маттео Йоргенсон (Movistar) мен нидерландтық Дилан ван Барле (INEOS Grenadiers) түйіндеді.

Жалпы есепте көшбасшы өзгерген жоқ. Словениялық Тадей Погачар («UAE Team Emirates») әлі де алдына жан салар емес. Оны германиялық Леннард Кемна («BORA-hansgrohe») мен даниялық Йонас Вингегор («Jumbo-Visma») өкшелеп келеді. Ал әзірге «Астананың» айдарынан жел есетін емес. Қазақстанның ең үздік велошабандозы Алексей Луценко өткен кезеңмен салыстырғанда екі сатыға төмендеп, 17-орынға тұрақтады.

ТЕННИС

Жарысты жеңіспен бастады

Будапештте әлемнің бірқатар белді теннисшілерінің басын қосқан WTA турнирі басталды. Бұл жарыстың жүлде қоры 203 024 еуроны құрайды.

Қазіргі кезде әлемдік рейтингте 43-орында тұрған Қазақстанның екінші ракеткасы Юлия Путинцева тұсаукесер кездесуін Анна Шмидловаға қарсы өткізді. Үздіктер тізімінде 76 сатыға жайғасқан 27 жастағы словакиялық жерлесімізге лайықты қарсылық көрсете алмады. Есеп – 6:4, 6:1. Бүгін Юлия жұптық сайыстағы Токио Олимпиадасының қола жүлдегері бразилиялық Лаура Пигоссимен шеберлік байқасады. Ол да 27 жаста. Оңтүстік Американдан келген спортшы алғашқы айналымда швециялық Ребекка Петерсоннан айласын асырды. Бұл күндері Пигосси WTA рейтингінде 125-орынды еншілеуде.

ФУТБОЛ

«Ақтөбе» алға шықты

Сейсенбі күні футболдан Қазақстан Премьер-лигасының кейінге шегерілген екі кездесуі өтті. Көпшілік Түркістандағы «Түран» мен «Ақтөбе» арасындағы ойынға баса назар аударды.

Бұл ойында қонақтардың мерейі үстем болды. 34 минутта француздық легионер Уго Видемон есеп ашса, 78 минутта Сердер Сердеров екінші голды соқты. Есеп – 2:0. Қарағандыда «Шахтер» «Ақсуды» қабылдады. 9 минутта Тоқтар Жаңғылышбай мергендік танытса, 23 минутта Эдин Рустемович «қызыл қағаз» алды. Соған қарамастан үзіліске дейін қарағандылықтар тағы екі рет допты торда тулатты. Оның авторлары – Роман Мұртазаев пен Иван Граф. Екінші кезеңде «Ақсудың» ойыншылары Асланбек Кәкімов пен Еркебұлан Тұңғышбаев есеп айырмашылығын қысқартты. Десек те 90 минутта Рохер Каньяс 11 метрлік нүктеден қақпаны дәл көздеп, кездесудің соңғы нүктесін қойды. Есеп – 4:2.

Түркістандағы жеңісінен кейін «Ақтөбе» жарыс кестесінде жеке-дара көш бастады. Олардың қоржынында 29 ұпай бар. Екінші орынға сырғып түскен «Астананың» басты қарсыласынан екі ұпайы кем. Үшінші орында – «Ордабасы». Шымкенттің командасы 26 ұпайды еншілеуде.

Дайындаған
Ғалым СҰЛЕЙМЕН,
«Egemen Qazaqstan»

EGEMEN QAZAQSTAN
Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады

МЕНШІК ИЕСІ:
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» ЖШС

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ – «Егемен Қазақстан» РҒ» ЖШС бас директоры

Владимир КҮРЯТОВ – «Егемен Қазақстан» РҒ» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары

Жандос БӘДЕЛҰЛЫ – «Егемен Қазақстан» РҒ» ЖШС бас директорының орынбасары

Ерболат ҚАМЕН – «Егемен Қазақстан» РҒ» ЖШС бас директорының орынбасары

Бас редактор
Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ

Бас редактордың орынбасарлары
Дүкен АНАШ
Талғат БАТЫРХАН

Жауапты хатшы
Самат МҰСА

Сенсат және құқық бөлімі
Бану ӘДІЛЖАН

Экономика бөлімі
Қанбат ТОҚТАМҰРАТ

Өлкетану және білім бөлімі
Орынбек ӨТЕМҰРАТ

Мәдениет және руханият бөлімі
Жолдыбай БАЗАР

Әдебиет және өнер бөлімі
Ерлан ЖҰНІС

Интернет-редакция бөлімі
Динар КЕРІМ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Нұр-Сұлтан – astana@egemen.kz
Ақтау – mangystau@egemen.kz
Ақтөбе – aqtobe@egemen.kz
Талдықорған – Tau@egemen.kz
Атырау – atyrau@egemen.kz
Көкшетау – kokshe@egemen.kz
Қарағанды – qaragandy@egemen.kz
Қызылорда – qyzylorda@egemen.kz
Қостанай – qostanai@egemen.kz
Орал – bqo@egemen.kz
Өскемен – shygys@egemen.kz
Павлодар – pavlodar@egemen.kz
Тараз – taraz@egemen.kz
Шымкент – oqo@egemen.kz
Петропавл – sqo@egemen.kz

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010008 Нұр-Сұлтан, «Егемен Қазақстан» газеті» кешені, 5/13
050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а

АНЫҚТАМА ҮШІН:
Нұр-Сұлтан: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;
Электронды пошта: info@egemen.kz
Интернет-редакция: portal@egemen.kz
Алматыда: 8 (727) 273-07-87,
факс 8 (727) 273-07-87.
Электронды пошта: almaty@egemen.kz

МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:
Нұр-Сұлтанда – 8 (7172) 37-60-49, 37-64-49, advert@egemen.kz, egeman_adv@mail.ru
Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26, adv@egemen.kz

Индекс 65382. Аптасына 3 рет шығады.
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» ЖШС компьютер орталығында терілім, беттелді.
Келемі 8 баспа-табақ. Немірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді.
«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сөтпемісз көшіріп басуға болмайды.

Газетті есепке қою туралы
№KZ09VPY00048270 куәлігі 2022 жылғы 21 сәуірде Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген.
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009
Сапа менеджменті жүйесі талаптарына сәйкес сертификатталған.

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: 1499 («Қазпошта» АҚ)

ТАРАЛЫМЫ 104 158 дана

ISSN 1999-9720

Немірдің кезекші редакторы
Фарзат ҚАЙРАТҰЛЫ

Газет «Дәуір» РПБК ЖШС баспаханасында басылды

В ОБЛАСТНОМ МАСЛИХАТЕ

Рассмотрели ряд вопросов



В минувший четверг в городе Талдыкоргане прошло первое собрание депутатской фракции партии «AMANAT» области Жетісу. Мероприятие открыла секретарь областного маслихата Гульнар Тойлыбаева. Она предложила избрать кандидатуру Секенбая Шенгельбаева на должность временно исполняющего обязанности руководителя фракции. Депутаты единогласно поддержали предложение.

Алина ГАЛЫМОВА,
г. Талдыкорган

На повестку дня были вынесены самые актуальные вопросы: строительство школ, капитальный ремонт общежитий и колледжей, меры по стабилизации цен на продукты питания.

О ходе строительства школ в регионе рассказал руководитель управления строительства области Жетісу Темирлан Бектасов. Он отметил, что до 2025 года в регионе планируется построить 19 школ на 5890 мест. А на сегодняшний день ведется строительство 12 учебных заведений на 3810 мест на общую сумму 13,2 млрд тенге.

- С учетом выделенных средств будут введены в эксплуатацию 10 школ на 1410 мест, 2 на 2400 мест переходят на следующий год, - сказал спикер.

Кроме того, в области запланировано строительство 6 общежитий на 948 мест. Четыре на 818 мест построены еще в прошлом году. Это общежития ЖУ им. И. Жансугурова на 288 мест, политехнического колледжа на 200 мест, медицинского колледжа на 280 мест и Бастобинского колледжа на 50 мест.

- По оставшимся двум общежитиям на 130 мест ведутся строительно-монтажные работы и заключаются договора. Построим общежитие на 100 мест для Талдыкорганского музыкального колледжа. Стоимость строительства составляет 595,606 млн тенге. Срок завершения объекта до 22 декабря 2022 года. На сегодняшний день здание готово на 48%. Также в городе Уштобе Каратальского района начнется строительство гуманитарного колледжа на 100 мест с общежитием на 30 мест. Стоимость проекта - 1 млрд 641 млн тенге. Подрядчики планируют завершить строительство до 30 июня 2023 года, - отметил Темирлан Бектасов.

Далее выступил руководитель управления предпринимательства и индустриально-инновационного развития области Жетісу Диас Сериков.

Как сообщил спикер, для стабилизации цен на социально значимые продовольственные товары в области из бюджета выделено 7,7 млрд тенге.

- В региональном стабфонде остаток продукции на сегодняшний день составляет 851,1 тонны. В частности - это мука 1 сорта - 51,9 т, сахар – 587,1 т, рис – 34,5 т, масло подсолнечное – 76 тонн, гречка – 101,5 т. Данная продукции реализуется на коммунальном рынке «Жеруйық», в двух минимаркетах города Талдыкоргана «Санжар» и «Шойбек», на сельскохозяйственных ярмарках, а также частично через сети «Тоймарт», - сказал Диас Сериков.

Депутатов так же, как и простых жителей, волнует проблема дефицита сахара, которая длится уже не один месяц. Но руководитель профильного управления утверждает, что нехватки «сладкого» песка нет и не было. По его словам, по состоянию на 10 августа текущего года в крупных и средних торговых сетях сахар реализуется по цене 460 тг/кг по 5 кг на руки. В «магазинах у дома» цена колеблется до 850 тг/кг.

Почему так называемые «магазины у дома» поднимают цену на сахар аж до 850 тг?

- Потому что хозяева магазинов в основном закупают сахар у поставщиков из г. Алматы, что оказывает влияние на удорожание стоимости продукции, - ответил спикер.

Если верить словам Диаса Серикова, на сегодняшний день ажиотажа на сахар нет, запасы имеются в магазинах в достаточном количестве, однако в крупных супермаркетах белый песок реализуется в ограниченном количестве.

- Для сдерживания цены на сахар из запасов стабилизационного фонда с начала года по заявкам акиматов районов и городов отгружено 540,6 тонны сахара. Коксуским сахарным заводом согласно заключенному меморандуму сахар согласно графику поставки по август т.г. доставляется в торговые сети «Магнум», «Скиф», «Тоймарт» по 400 тг за кг, - подчеркнул Д. Сериков.

ДУХОВНОСТЬ

Мечеть для сельчан на народные деньги



В последние годы очень многие люди, в том числе молодежь, встают на путь веры, стараются жить богоугодной жизнью. На этом фоне радует то, что открываются новые мечети. Одна из них распахнула двери в селе Исаево Ельтайского сельского округа Карасайского района. Символично то, что ей было присвоено имя известного казахского просветителя Ахмета Байтурсынова. В торжествах принял участие главный имам Алматинской области Мадияр Пиримкулов.

Танзиля МУХТАРОВА,
Карасайский район,
Алматинская область

Важно отметить, что мечеть была построена на народные деньги. Свою лепту внесли как меценаты, так и простые граждане. Строили ее в течение трех лет. И вот оно - долгожданное открытие.

Торжество началось с концертной программы. Затем были зачитаны слова из священного Корана. Тепло поздравив сельчан с этим важным событием, Мадияр Пиримкулов призвал всех стараться жить свято, чтить Всевышнего, нести добро людям.

Свои пожелания выразили и другие участники праздничной церемонии. Среди них главный имам Карасайского района Дауренбек Жандосулы, уважаемые аксакалы и жители села. Почетными гостями на этом торжестве были и те, кто выделил определенные средства для строительства мечети, в том числе певец Абай Бегей, известный блогер Нурдаулет Бектурсын, а также ряд предпринимателей. Все они также поздравили жителей села Исаево.

После проведения традиционной для таких событий церемонии разрезания ленты в стенах мечети прозвучал первый в ее истории жума намаз. Затем все смогли отведать яств с праздничного дастархана. Продолжением программы стали соревнования по национальным видам спорта.

Как пояснил главный имам мечети имени Ахмета Байтурсынова Парат Бекеш, разместилась она на одном гектаре земли. На оставшейся территории также на народные средства планируется возвести медресе и помещение для учителей, продумать место для проведения поминок. Во время торжеств также прозвучал призыв о сборе средств, которые можно отправлять и посредством приложения Kaspi.kz.

КОНФЕРЕНЦИИ

Кызылжарская битва – страница в истории казахского народа



Историко-познавательная конференция на тему «Кызылжарская битва: историческая роль 100 воинов под предводительством Кудайназар батыра» прошла на этой неделе во Дворце языков города Талдыкоргана. Организатор - Алматинский областной центр по охране историко-культурного наследия.

Алма УРАЗАЕВА,
г. Талдыкорган

В мероприятии приняли участие местные историки, географы, краеведы, потомки батыра, общественные деятели, представители Алматинского областного центра по охране историко-культурного наследия.

В ходе конференции представлены доклады: преподавателя-лектора образовательных программ по естественным наукам Жетысуского университета им. И.Жансугурова, кандидата географических наук Еркина Токпанова; ветерана библиотечного дела, автора книги «Наймандар» Нургайни Мукановой; председателя ОО «Отандас ел» Мукана Мамыткана; директора музея Воинской славы, кандидата исторических наук Кали Ыбырайымжанова; выпускника университетов Шеффилд (Англия) и Иллинойс (США), магистра глобальной журналистики и научной коммуникации Талгара Далелгазы; потомка батыра Кудайназара Имаша Әбдірахманұлы; Отличника сферы информации РК, журналиста областной газеты «Жетісу» Гульжан Турсын; преподавателя Жетысуского университета им. И. Жансугурова, магистра истории Онербека Куангана и документалиста Саулетбая Саркытбая.

Главным лейтмотивом выступлений спикеров было отображение тяжелых военных конфликтов между казахскими и джунгарскими войсками, событий Кызылжарской битвы, героического подвига предков и защита независимости родной земли во имя будущего потомков.

В частности, серия различных по масштабам военных конфликтов между Казахским и Джунгарским ханствами длилась на протяжении одного века. Но многие из них в силу определенных общественных, политических, социальных и других обстоятельств в последующие века были забыты. С обретением независимости пробелы в истории стали восполняться. К примеру, восстановлена Орбулакская битва, состоявшаяся между казахами и джунгарами в 1640 году у реки Ор.

Достоверным является и тот факт, что после Орбулакской битвы в конце 17-го начале 18-го веков на земле Жетысу проходила еще одна битва, которую летописцы и историки назвали Кызылжарской. Повествования о ней широко встречаются в трудах китайских историков. Если конкретнее, то эта битва является правомерным продолжением Орбулакского сражения.

По историческим данным, с приходом к власти в 1697 году Сбына Рабдана и укрепления его ставки на китайской стороне около города Кулжа, участились нападения его войск на казахскую землю - край Жетысу, вдоль Илийского Алатау в южный Казахстан, а также в области Ыстыккол, Шу и Талас Кыргызстана.

В одно из таких нападений батыр Кудайназар Төңірбердіұлы и его дочь – меткий стрелок Гуляйым, возглавляя сотню воинов, встретили джунгаров на перевале Кызылжар, чтобы дать время сородичам скрыться в безопасном месте. В этом бою погибли все. После отхода врага люди вернулись, чтобы достойно похоронить своих воинов. Место захоронения ста воинов назвали «Жүз оба», а место захоронения героической дочери батыра - «Қыз бейіті».

В последующие годы потомки батыра Кудайназара и местные краеведы, организовывая экспедиции и ведя постоянные поиски, определили эти места и благодаря поддержке Алматинского областного центра по охране историко-культурного наследия установили на них метки.

Теперь основной задачей местных историков и краеведов является проведение работ по введению данного места в реестр сакральных мест Казахстана.

- По итогам данной конференции мы определили для себя несколько направлений, по которым нам предстоит поработать: открытие фонда в областном архиве и уголка в областном музее с документами по Кызылжарской битве; введение мест сражения и захоронения героических воинов «Жүз оба» и «Қыз бейіті» в Карту туризма, благоустройство этих мест с установкой дорожных и опознавательных знаков; создание общественного объединения краеведов «Кызылжарская битва». И главное - введение данного исторического места в реестр сакральных мест Казахстана. Вся эта работа, конечно, должна проводиться совместно с областными учреждениями, акимами районов и сел, лесничеством Капала, и мы надеемся на тесное сотрудничество, - отметил в завершение модератор конференции, журналист-краевед Кажет Андас.

АКТУАЛЬНО

Темы разные важны

Молодежным общественным объединением «Союз сельской молодежи Алматинской области» в городе Ушарале Алакольского района организованы и проведены мероприятия с населением, затрагивающие темы медиации, языковой политики и религии.

В ходе встреч координатор молодежного общественного объединения «Союз сельской молодежи Алматинской области» Даулет Ауданбаев и медиатор Международного института медиации, медиатор Центра медиации при прокуратуре области Жетісу Жомарт Ибраимов разъяснили ушаральцам основные направления в сфере миротворчества по темам: «Медиация -миротворческая деятельность», «Медиация - как новая ступень гражданского общества».

В своем выступлении Жомарт Ибраимов отметил, что на V съезде Союза судей было акцентировано внимание на вопросах минимизации споров, подлежащих рассмотрению в судебном порядке. Тогда было поручено внедрить альтернативные механизмы внесудебного урегулирования, в том числе процедуры миротворчества и медиации. В связи с этим 28 января 2011 года был принят Закон «О медиации». В соответствии с данным законом в Казахстане внедрен новый вид альтернативного разрешения споров – медиация.

С участием преподавателя курсов государственного языка учебно-методического центра «Тіл» Алматинской области Жанар Елесбаевой в рамках государственной программы «Реализация языковой политики в РК на 2020-2025 годы» был организован «круглый стол». В своем выступлении спикер отметила, что уважительное отношение граждан к государственному языку служит одним из критериев истинного патриотизма.

Помимо этого, председатель первичной партийной организации партии «Аманат» по области Жетісу, член областной информационно-пропагандистской группы Газиз Аманжолулы, специалист-теолог, член областной информационно-пропагандистской группы Ережеп Жардыбайулы, а также наиб имам мечети Фатиха Алакольского района, теолог Саят Танысбаев в сельских округах Кольбай, Кабанбай, Токжайлау провели информационно-разъяснительную работу по озвученным темам и ответили на интересующие участников мероприятия вопросы.

Молодежное общественное объединение «Союз сельской молодежи Алматинской области», Алакольский район, область Жетісу.

СПОРТ

Жаркие баталии на горячем песке

В регионах Алматинской области, помимо классического волейбола, в последнее время активно культивируется и пляжный волейбол. В республиканских соревнованиях среди спортсменов разных возрастных категорий представители края неизменно занимают призовые места.

Александр СКЛАБОВСКИЙ

Очередным доказательством работы сильной пляжной волейбольной школы Алматинской области стал прошедший в Алматы розыгрыш Кубка Республики Казахстан по пляжному волейболу среди мужчин и женщин.

У женщин на песчаных кортах борьбу за призовые места вели 12 дуэтов из Алматы, Алматинской области, Актау. Сильнейшей пляжной парой Казахстана этого сезона стали представлявшие Актау Алина Раченко и Анастасия Уколова из команды «Каспий-3», которые легко прошли все стадии турнира и в финале одержали победу над своими главными соперницами Лаурой Кабулбековой и Надеждой Иванченко (команда «Талгарочка», Алматинская область). На третьем месте турнирной таблицы расположились еще одни представительницы города Актау - Дана Шингисова и Юлия Христолюбова из дружины «Каспий-1».

В мужской программе соревнований главный трофей сезона оспаривали 17 пляжных тандемов из Алматы, Актау, Тараза. В итоге обладателем Кубка страны-2022 стала команда «Каспий» из Актау в составе Алексея Кулешова и Артема Петросянца. В финале они обыграли своих соперников из дружины «Буревестник-1» (Алматы), за которую выступали Сергей Богату/Дмитрий Яковлев. Третье место досталось второй алматинской команде «Буревестник-2», где играли Алдаш Нурдос и Кирилл Гурин.

ӨЗ ТІЛІҢДІ ҚҰРМЕТТЕ



1989 жылы 22 қыркүйекте Қазақстанда «Тілдер туралы» заң қабылданып, Қазақ КСР-нің мемлекеттік тілі – қазақ тілі, ал орыс тілі – ұлтаралық тіл деп бекітілді. Бұл мереке 1998 жылдан бері аталып келеді. 2017 жылы премьер-министр Бақытжан Сағынтаев Тілдер күнін 5 қыркүйек деп бекітті. Сол күні тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы өмір есігін ашқан. Мерекелік датаның сол күнге ауыстырылуы ұлт зиялысының еңбегіне жасалған құрметтің бір белгісі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты өткен жылғы Жолдауында: – Еліміздегі этникалық топтардың тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасай береміз. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі ролі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін, - деген болатын. «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тағы бір мәрте тілдік проблеманың үлкен саяси мәні мен маңызы бар екенін қадап айтты. Сондықтан елімізде жыл сайын 5 қыркүйек – Тіл күні ерекше салтанатты түрде аталып өтеді. Бұл үрдіс Талдықорған қаласында да жақсы жалғасын табуда. Биылғы тіл күніне орай, қаламызда бірқатар игілікті шаралар атқарылды.

ЖУРНАЛИСТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Талдықорғанда тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен «Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық байқауының жеңімпаздарын марапаттау шарасы өтті.

Атап өтейік, биылғы байқау Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орайластырылып отыр. Байқауға қатысушылар үш номинация бойынша, яғни, «Үздік газет мақаласы», «Үздік телерадио бағдарламасы», «Үздік сайт мақаласы (үздік әлеуметтік желі)» аталымдарымен бәйгеге түсті.

Байқаудың барлық талаптарын басшылыққа алған қазылар алқасының шешімімен «Жетісу» газетінен Қажет Андас («Үздік сайт мақаласы») пен Қуаныш Тұңғатар («Үздік газет мақаласы»), «Жетісу» радиосынан Мұхит Тоқтасын («Үздік телерадио бағдарламасы») жеңімпаз деп танылды. Сонымен бірге, Альфита Сексенбаева, Темірлан Айтбаев, Аяулы Қайратқызы, Жомарт Игіман және Назерке Әділбекова сынды өңірге танымал журналистер де жүлдегерлер қатарынан көрінді.

Марапаттау шарасында Алматы облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқарма басшысының міндетін атқарушы Туғанай Рахымберлина журналистер қауымын құттықтап: «Қаламдарыңыздан қасиет кетпесін, ел игілігін ту еткен еңбектеріңіздің жемісін көріңіздер», – деген ізгі тілегін жеткізді.

ТІЛ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРДІ

Алматы облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» атты мемлекеттік тілді жетік меңгерген этнос өкілдерінің арасында облыстық байқау өтті. Байқауға Алматы мен Жетісу облысынан 19 үміткер қатысты.

Жарыс үш кезеңнен тұрды. Біріші «Өзге емес, өзім айтам өз жайымда» кезеңінде әр қатысушы өз ауданын таныстырса, «Ел едік, ерімен мақтанатын» атты сұрақ-жауап бөлімінде Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармасына қатысты әр қатысушыға екі сұрақтан қойылды. Шешуші кезеңде қатысушылар «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» тақырыбында шығарма жазып, олардың тілді меңгеруі мен жазу сауаттылығы тексерілді. Жарыс қорытындысы бойынша бас жүлдені Вячеслав Калинин (Кербұлақ ауданы), I орынды Зинура Қасымова (Райымбек ауданы), II орынды Саида Ахметова (Панфилов ауданы) және III орынды Вера Ушакова (Ақсу ауданы) алды. Жүлдегерлер мен байқауға қатысқан барлық үміткерлерге алғыс хат пен ақшалай сертификат табысталды. Оларды құттықтаған «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының басшысы Жеңіс Жолдыбаев қатысқан әр адамға алғысын білдіріп, дәл осы форматтағы байқау алдағы уақытта тағы да өткізілетінін айтты.

СЕРТИФИКАТ ТАБЫСТАЛДЫ

«Тіл» оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Тіл үйретушінің тілтанымдық құзыреттілігі» тақырыбында оқытушылардың біліктілігін арттыру курсы өтті.

Мекеме басшысы Жеңіс Жолдыбаевтың бастамасымен оқытушылардың білімін жетілдіру мақсатында екінші мәрте ұйымдастырылып отырған курс тіл үйретушілердің әдістемелік жұмысын жолға қойып, оқытушылардың педагогикалық дағдыларын қалыптастыруға және іс-тәжірибе алмасуға бағытталған. Аталған шараға Тіл білімі институтының тілші-ғалымдары қатысты. Атап айтсақ, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжан «Ересектерге тіл үйрету: тілтанушы тәжірибесінен», «Лексикалық минимум туралы», «Грамматиканы оқыту керек», «Әдеби тілдің нормалары туралы тың ақпараттар», «Тіл үйренуші неге сөйлеп кетпейді: тілтанушылық талдау» тақырыптары бойынша дәріс оқыды.

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған біліктілікті арттыру курсына «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының аудандық, қалалық филиалдары мен облыстық орталығынан 40-қа жуық оқытушы мен меңгеруші қатысты.

Шараны қорытындылаған орталық басшысы Жеңіс Хамитұлы түйінді сөз сөйлеп, екі күн бойы білім жетілдіру курсына қатысып, дәріс тыңдаған оқытушылар мен меңгерушілерге сертификат табыстады. Сондай-ақ, Жетісу өңіріне арнайы келіп, өз білімі және тәжірибесімен бөліскен Анар Мұратқызына алғысын білдірді.

Өз кезегінде Анар Фазылжан да орталық оқытушыларының сабақта ерекше белсенділік танытқандығына ризашылығын білдіріп, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеруде тіл саласы мамандарының еңбегі ерен екендігін атап өтіп, алғыс айтты.

Шараның келесі бөлігі тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық байқауы жеңімпаздарын марапаттаумен жалғасын тапты. Атап өтейік, биылғы байқау Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орайластырылып отыр. Байқауға қатысушылар үш номинация бойынша, яғни, «Үздік газет мақаласы», «Үздік телерадио бағдарламасы», «Үздік сайт мақаласы (үздік әлеуметтік желі)» аталымдарымен бәйгеге түсті.

Байқаудың барлық талаптарын басшылыққа алған қазылар алқасының шешімімен «Жетісу» газетінен Қажет Андас («Үздік сайт мақаласы») пен Қуаныш Тұңғатар («Үздік газет мақаласы»), «Жетісу» радиосынан Мұхит Тоқтасын («Үздік телерадио бағдарламасы») жеңімпаз деп танылды. Сонымен бірге, Альфита Сексенбаева, Темірлан Айтбаев, Аяулы Қайратқызы, Жомарт Игіман және Назерке Әділбекова сынды өңірге танымал журналистер де жүлдегерлер қатарынан көрінді.

Марапаттау шарасында Алматы облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқарма басшысының міндетін атқарушы Туғанай Рахымберлина журналистер қауымын құттықтап: «Қаламдарыңыздан қасиет кетпесін, ел игілігін ту еткен еңбектеріңіздің жемісін көріңіздер», – деген ізгі тілегін жеткізді.


Түйін:

Тіл мәселесіне бей-жай қарап, немқұрайдылық танытатын болсақ, мемлекеттігіміз бен ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіріп алуымыз мүмкін.

Алайда мемлекеттік тілді дамыту ісінде қызбалыққа салынып, оның қолдану аясын күшпен кеңейтуге ұмтылудың кері әсері болары анық. Өйткені оның соңы ұлтаралық араздыққа дейін жетуі мүмкін. Сондықтан мемлекеттік тілде сөйлеу мақтаныш болу үшін оған қажеттілікті арттыру керек.

Қ. ОМАРАҚЫН,
Талдықорған қаласы

Ескерткіш ескерусіз қалмасын?



Талдықорған қаласының іргесіндегі, жыл сайын бірнеше мәрте ат бәйгесі өтетін ипподромға ағылып-төгіліп баратын жұрт оның қарсы бетіндегі Қоғыл әулиенің кесенесіне ат ізін жиі сала бермейді. Біз қасиетті тұлғаларға қашанда құрметпен қараймыз. Себебі, сол ата-бабаларымыздың ерлік істерінің жемісін осы дәуірдегі біз көріп отырмыз. Бірақ тілдің ұшында ризашылық білдіре бермей, өз міндетімізді нақтылы іспен көрсеткеніміз жөн. Бірақ Қоғыл әулиенің кесенесіне барып қайтқалы өз борышымызды әлі де толық түсіне алмай жүргенімізді сезініп, мазам қашты.

Әулие жайлы аңыз көп

Көнекөз қариялардың айтуынша, Қоғыл әулие – Ескелді би, Балпық батырлардың замандасы. Олармен бірге ел тілеуін тілеп, жоңғарлардың қазақ жерін шауып, қырғынға ұшыратқан кезінде, сонау Шу бойына ауып барып, атақонысқа қайта оралуға күш жұмсаған. Өзінің көрегендігімен жаудың жасырын жоспарын біліп отырған. Ел батырларына болжамдарын айтып, кеңес беріп, іс-жоспарын көрсетіп, жеңіске жетуге ықпал еткен. Сондықтан ол кісі заманында әулиелігімен алыс-жақынға аты тараған. Кейінде емкөстігімен де көзге түскен. Қоғыл әулиенің кіндігінен он бір ұл тараған. Оның өзінен кейін де ұрпақтарының арасынан елге қадірлі, құрметке бөленгендер болған. Қоғыл Сарғалдақұлы мырзаның Әліке атасының Шұңғыр әулетінен тарайды. Қоғыл әулиенің ұрпақтары Ескелді ауданының Шымыр, Көксу ауданының Жарлыөзек ауылында тұрады.

Ел арасындағы бір аңызда Қоғыл әулие Қора шатқалындағы жайлауында қайтыс болар алдында жақындарын шақырып: «Менің сүйегімді түйеге артып, бұйдасын босатып, қоя беріңдер. Түйе қай жерге түнесе сол жерге жерлеңдер?», – деп тапсырады. Ағайындары айтқаны бойынша істейді. Сонда түйе Талдықорғанның іргесіне келіп, шөккен екен. Кейін жұрт бұл жерді қасиет тұтып, басына түнеп, қасиетті жер деп таныған. Бүгінде айналасында бірнеше бейіт орны бар шағын қорымның ортасында әулиеге арнап соққан кесене бар. Оның жайын алда айтамыз.

Қасиетті нысандар тізіміне енген

2017 жылы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында қос облыстан Жалпыұлттық объектілер тізіміне 17, өңірлік объектілер тізіміне іріктеліп 41 нысан енгізілді. Олар 2018 жылы киелі нысандар бойынша «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы шығарған 2 томдық кітапқа енген. Сондай-ақ, 2019 жылдың қасиетті орындар қатарына енгізу үшін қосымша 12 нысан ұсынылып, оның тоғызы қосымша тізімге алынған болатын. Сол қатарға Сөк төре және Қоғыл әулие кесенесі бір нысан ретінде сол тізімге енгізілді. Себебі, Қоғыл әулие кесенесі Сөк сұлтан Абылайхановтың жатқан жеріне таяу. Тірлігінде Сөк сұлтан да Қоғыл әулиені құрметтеп өтсе, арасына сызат түспеген қос алып, міне, осылай өлген соң да қатарласып жатқан көрінеді.

Сөк Төре (азан шақырып қойған аты – Сүйік, орысша документтерде Сюк Аблайханов) Абылайханұлы, ел айтқандай 52 жыл бойы Жалайыр, Шапырашты (бір бөлігі) руларына төрелік етті. Ел аузында «...Шүйіркелескін келсе Сөкке бар... Тентек көпке көнеді, көпке көнбесе Сөкке көнеді...» деген мәтелдер әлі күнге айтылады. Бұл жайлы кейін айтамыз. Бірін-бірі толықтап, ұрпаққа ұлылық пен ұрпақ қамын ұғындырған қос алыптың кесенесіне «мемлекеттің қорғауына алынған нысан» деген бір тақтайшаны әлі күнге іле алмай жүргеніміз, өкініштi-ақ?

Кесене қалай тұрғызылды?

Еркін ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Тортай Ізбасқанов ақсақалдың айтуынша, кесене тұрғызылған жер баяғыдан Қоғыл төбесі деп аталып келген. Кезіндегі Кеңес билігінің қылышынан қан тамып тұрған тұсында еркіндіктер осы төбедегі Қоғыл әулиенің зиратына жиі келіп, дұға жасап, болашаққа бақыт тілеп тұратын. Өткен ғасырдың 90 жылдарының ішінде Қоғыл әулие Еркінде тұратын бір апамыздың (аты-жөнін ұмытқан) түсіне кіріп: «балам, қашанғы мені жалаңаш қалдырасыңдар. Күн қақтап, жаңбыр мүжіп, мазалап бітті ғой», – деп аян береді. Сосын сол кісі зират басына кесене тұрғызып, қорымға жас көшеттер егіп, шамасы жеткенше тірлік етеді. Бірақ одан кейінгі қиын жылдары кесене ескерусіз қалып, тозып, шатыры бұзылып, сәні кете бастайды. Өткен жылы Қоғыл әулие талдықорғандық кәсіпкер қыз Айда Ыдырысованың түсіне тағы кіріп, тағы да аян береді. Әрине, аруақ сыйлаған, қасиетті жерді жанымыздан артық көретін халықтың перзентіміз ғой. Осыған дейін Айда Ыдырысова қолында бар мүмкіндігін пайдаланып, кесененің шатырын бүтіндеп, терезелерін жасап, ішінің тағанына кілем төсеп, әулие жатқан жерді ретке келтіріп, бірталай жұмыс атқарыпты. Енді, бұл бастаманы бір қыздың иығына артып қоймай, ел азаматтары ұйысып қолға алатын жұмыс көп.

Ол үшін не істеу керек?

Жоғарыда айтылғандай, аталған кесене Қазақстанның қасиетті нысандарының өңірлік маңызы бар нысандар тізіміне енген. Демек, мемлекет қорғауында болатын орынды ескерусіз қалдырса, өзге дүниелер не болмақ?! Ұлттың басты құндылығы – оның тарихы мен тілі. Тарихын ескермеген ұлтты болашақта есіркей қоймайтыны анық. Қоғыл әулие кесенесі Талдықорған – Өскемен күрежолының бойында таяқтастам жерде жатыр. Жолдан кесенеге дейін көп болса 100 метр. Ол жер шаңы шығып, тозып, топырағы аспанға ұшып тұр. Сол аттам жерге асфальт төсеп, келіп-кететіндерге жағдай жасау көп қаржыны керек етпейді. Ал кесененің айналасында күн қақтаған бірнеше тал-терек шөлдеп, сұрқы қашып тұр. Мемлекет басшысының ел аумағында 2 миллиард түп ағаш көшетін ету бастамасы бойынша жыл сайын көктем-күз айларында қала аумағында көшет отырғызу науқаны жүргізіліп келеді. Кесененің айналасын абаттандыру ісін де осы жоспарға енгізіп, жасыл желекке көмкеріп тастауға болар еді. Әрине, бұл төбедегі басты мәселе – судың тапшылығы. Сонау еңістe Сарыбұлақ өзені ағып жатыр. Кезінде сол өзеннен мотормен су шығарып, осы дөңді игілікке жаратқан екен. Қазір оның ауылы алыс кеткен. Бірақ, күн сайын болмаса да күн аралап Талдықорғаннан шығаберіс айналмадан әуежайға дейінгі жолдың ортасындағы көк шөпті техникамен суғарып жүргенін жиі көреміз. Кесене айналасындағы ағаштар мен шөптерге су шашып өте шығуды сол маршуртқа қосса, мәселе түбірімен шешілгелі тұр. Сондай-ақ, Еркін ауылының аумағында Үйтас, Қоғыл әулие кесенесі, Сөк төре кесенесі, Әуежай, Сырымбет қырғыны болған жер, Жайнақ батыр жатқан төбе, Балықты өзенінің бойындағы ежелгі жәрмеңке өтетін жер, тағы да басқа тарихымызға қатысты нысандар жетерлік. Сол нысандарды жас ұрпаққа жеткізу үшін қаладағы басқа оқу орындарын айтпағанның өзінде, Еркін ауылындағы Е. Берлікожанов атындағы және №15, №26 мектеп оқушыларына өлкетану бағытындағы экспедициялар ұйымдастыру ісі қолға алынса, нұр үстіне нұр болар еді.

Айту бізден, атқару сізден, ағайын!

Қ. Шаклин
Талдықорған қаласы

БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗЫ АНЫҚТАЛДЫ

Талдықорғанда «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық кезеңінің іріктеуінен өткен 4 отбасы облыстық сайысқа жолдама алды. Шаһардағы ардагерлер үйінде өткен басқосуда сөз алған ішкі саясат бөлімінің басшысы Әділет Рымтай жарыста қала намысын қорғайтын үміткерлерді таныстырып, ізгі тілегін жеткізді.

Облыска жолдама алғандардың бірі Андас әулетінің мүшелері. «Андас отбасы» әулеттің бес атасы отбасы» әулеттің бес атасы тұтынған 700-ден аса құнды жәдігерді сақтап, бүгінге жеткізген. Оның 100 данасын «Атамекен» тарихи-мәдени орталығына тапсырды. Отбасы мүшелері 44 кітап жазып, баспадан шығарды. 5 баласы мен 2 келіні ғылым магистрі. Олардың әр елде, әр тілде шығатын халықаралық, республикалық ғылыми басылымдарда 113 ғылыми еңбегі жарық көрді. Талдықорған мемлекеттік архивінен «Андас әулетінің отбасылық ғылыми қорын» ашып, оған 65 іс, мыңнан аса құнды құжат тапсырды. Биыл жазба және айтыс ақыны, тарихшы Андас Омарақынның «Тарих талғарында», «Дода», Жылдар ізі» атты үш кітабын баспадан шығарып, оқырман назарына ұсынған.

Жиынға қатысқан Жетісу облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт жалпы Андас отбасы мүшелерінің ұлттық құндылықтарды көздің қарашығындай сақтап, салт-дәстүр, әдеп-ғұрыптарды жаңғыртуда қосқан үлестерін айрықша атап өтті. Басқосуды әрбір отбасы арнайы Алғыс хат және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Омар АҚЫН
Талдықорған қаласы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Jetisý

3
17.09.2022

ХАЛЫҚТЫҢ КӨЗІ, ҚҰЛАҒЫ һӘМ ТІЛІ

(Басы 1-бетте)



Жоғарыдан көрсетілетін көмек мемлекеттік тапсырысты алумен ғана шектелді. Олардың да айтатын жауабы дайын. Мемлекеттік тапсырысты алға тартады. Бар басылымды бір шаңырақтың астына топтастырудан ештеңе өзгермейді. Баспасөз бағытынан жаңылмаса, қалған пайданы көріп тұрған жоқпыз. Газет-журнал идеологияның басты қайнар көзі. Біз осы тұнық бастауды өз қолымызбен лайлап жатырмыз. Әсіресе аудандық газеттердің халі мүшкіл. Кей аудандық газеттер жабылудың аз-ақ алдында. Өйткені мемлекеттік тапсырысқа қол жеткізе алмай әбігерге түседі. Ханталапайға түскен мемлекеттік тапсырысқа таласып, ұтқаны майлы жілікке қарық болады, ұтылғаны шелектің түбін жалап, көз жасын төгеді. Бұдан бірінші кезеңде аудандағы оқырман сорлайды. Ұтып алған басылым, ауданға қатысы жоқ басқа өңірдің газеті болуы мүмкін. Мемлекеттік тапсырысты орындадым деп, ауданның бір-екі жаңалығын жылт еткізеді де шырт түкіріп жүре береді. Меніңше, мемлекеттік тапсырысты бөлудің жүйесін қайта қарастыру қажет. Барлығына бірдей мүмкіндік беріп жатырмыз дегеніміз-бен, біз оқырман мен сан жылғы тарихы бар басылымдарды күйретудеміз. Мұның соңында халық тұрғанын естен шығармағанымыз абзал. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Газет– халықтың көзі, құлағы, һәм тілі», – деді. Ұстаз айтқан тәмсілге қарсы жұмыстың жемісі халықтың көзін соқыр, құлағын керең, тілін дүбәра күйге түсірді.

Сондықтан газет – халықты тәрбиелейтін құрал екенін естен шығармағанымыз жөн. Қаңтар оқиғасында көшеге шығып кеткен жастар интернеттегі әлеуметтік желіде желдей ескен жалған ақпараттың соңына ілесті. Әрбір қазақ басылымы халықтың бірлігіне, тыныштығына, сауаты мен ой-өрісін кеңейтуге, сөздік қорын байытуға жұмыс істейді. Жанарбек Әшімжан айтқан «Балдырған» мен «Ақ желкен» талай бүлдіршіннің қанатын қомдап, сауатын ашып, зейінін еселейді. Облыстық газеттер сол өңірдің оқырманын жақсылыққа үндейді. Бір сөзбен айтқанда газет-журналға деген биліктің көзқарасы өзгеше болса дейміз. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «БАҚ туралы» Заңды қолға алып, баспасөздің басынан кешіп жатқан проблемаларын реттеуі керек. Бұл ұлттың болашағы үшін кезек күттірмейтін шаруа. Интернеті бізді он орап алатын дамыған елдер де газетін жойған жоқ. Газет-журнал оқу үлкен мәдениеттілік екенін қоғам болып көрсетуіміз керек.



Бұрын қойшының етігінің қонышында тозатын газет-журнал, бүгінде биліктің қолынан жоғалып кетудің аз-ақ алдында тұр. Қазіргі жағдай ауылдағы қой баққан шопанның мәдениеті бүгінгі интернет аңдыған қала қазағынан он есе жоғары екенін айқындап тұрғандай. Біз, қай-қайысымыз болса да мәдениетсіз, бейәдеп, нақты ақпаратсыз сөйлейтін кейбір блогердің соңына емес, аталы сөз айтатын, ой-толғамы жоғары, қара сөздің қаймағын қалқыған газет-журналдың соңына ілесейік.

БӘРЕКЕЛДІ!

Алакөл ауданының рухани өмірінде елеулі жаңалық болды. Тамыз айының соңында Ақтүбек ауылында жалпы құны 657 млн. теңге тұратын жаңа Мәдениет үйі пайдалануға берілді. Мұнда 150 орынды мәжіліс залымен қатар, 16 мыңнан астам кітап қоры бар, оқырман залы жасақталған кітапхана ашылды.

Ақтүбектегі қуаныш

Жалпы алаңы 2 мың шаршы метр болатын екі қабатты ғимарат «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен салынған. Бірінші қабатында 150 орынды көрермен залы, қызметкер кабинеттері, асхана, медпункт, киім ілетін орын қарастырылған. Екінші қабатта би залы, оқырман залы бар кітапхана, үйірмелер жұмысына және шаруашылық қажеттіліктеріне арналған бөлмелер орналасқан. Ғимараттың қатты отынмен жылытатын жеке қазандығы бар. Нысанның маңайы абаттандырылып, 30 жас шырша, қарағай мен емен отырғызылған. Құрылыс жұмыстарын «Алакөл-Асыл-Құрылыс» ЖШС мердігер мекемесі жүргізді.

Ақтүбек тұрғындарын қуаныштарымен аудан әкімі Алмас Абдинов құттықтады.

Жалпы, Ақтүбек ауылындағы тұрғындардың тең жартысы – жастар. Олардың саны 520-ны құрайды. Сондықтан жаңа нысан жастардың бос уақытын тиімді өткізуге, қоғамның рухани-мәдени өміріне белсене қатысуына мүмкіндік береді.

Жетісу облысы
әкімінің баспасөз қызметі

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

«Jetisý» газетінде жарияланған «Қасиетті жерлер қашанғы қараусыз жатады?» тақырыбындағы мақалада Қапалдағы Қазақстанның қасиетті жерлерінің тізіміне енген 3 нысанға назар аударылмай жатқаны жайлы дабыл қағылған еді. Сол жазбада талай тарихи оқиғаның куәсі болған, Кеңес кезеңінде бүлініп, тоқырау жылдарында қараусыз қалған «Қапал мешіті» туралы айтылған. Ел назарын аударған жағдай оң шешімін табатын болды. 1865-1867 жылдары татар саудагері Ғалиәкпар Сейфулмүліков қажының жеке қаржысымен бой көтерген ғибадат үйі қайта жаңғыртылмақ. Ғалиәкпар қажының ұрпақтары Димаш атамыздың жеке дәрігері болған Ахат Муликов, медицина саласында үлкен жетістіктерге жеткен Гариф Әминұлы және кәсіпкер Тахир Гарифұлының рұқсатымен жаңғырту жұмысын кәсіпкер Сабыр Қадырұлы және Ілияс Сабырұлы жүргізетін болды. «Алдын ала болжам бойынша қайта жаңғырту жұмысына 100 млн. теңгеден астам қаржы кетеді», – дейді бізге берген сұхбатында Сабыр Қадырұлы.

Қапал мешіті қайта түлейді

Қажет АНДАС

«Қапал мешітін» қайта жаңғыртуға қатысты бастама көтерген басқосуға алыс-жақыннан ел жүгін арқалап, ұрпақ болашағына үмітпен қарайтын азаматтар жиналды.

«Қапал мешіті» туралы ең алғаш жазба қалдырған Петр Семёнов-Тянь Шаньский Қапал өңірінің табиғаты жайлы айта келіп, осында қоныстанған мұсылмандарға мешіт-медресе үйі керектігін жазады. Оның осы ойын Тәнеке батыр бастаған ел мешіт 1918-1928 жылдары жабылып, мұнарасы қиратылады. 1991 жылға дейін қойма, асхана, дүкен, тағы да басқа мақсатқа пайдаланылып, тәуелсіздікпен бірге мешіт үйі болып қайта ашылады. Бірақ кейіннен түрлі себеппен қараусыз қалып, тозып, тоналды. Ғалиәкпар қажының кіндігінен Ұлықпан, Сықтық, Хакім, Сұлтан атты 4 ұл тараған. Бүгінде өсіп, өнген әулетке айналып отыр. Аталарының қолының табы қалған тарихи нысанның қайтадан түлейтініне қажы ұрпақтары да қуанышты.

– Аталарымыздың осы



асылдары құптап, 1866 жылы Ғалиәкпар қажының ұйымдастыруымен 92 ел ағасы Қапалда бас қосып, генерал-губернатор Герасим Колпаковскийге ұсыныс хат жолдайды. Бұл ұсынысты қолдаған генерал-губернатор Омбы қаласына барып, мешіт құрылысын жүргізуге қажетті құжаттарды реттеп, келесі жылы архитектор Никитин бастаған шеберлер құрылыс жұмысын қолға алады. Содан бергі бір жарым ғасырдағы аумалы-төкпелі оқиғалардың бәрін бастан өткерген мешіт бүлінсе де бүгінге жетті. Осы мешітті қайта жаңғыртамыз деп білек сыбанып кіріскен Сабыр Қадырұлы мен Ілияс Сабырұлының бес атасы да Меккеге барып, қажы атанған адамдар», – деп тарихтан сыр тарқатты өлкетанушы Жемісбек Толымбеков.

Мешіттің іргетасы таудан жеткізілген көгілдір кесек тастармен өріліп, қабырғасы қалыпта құйылған саз балшықпен қаланады. Ғибадат үйі 300 орынға арналған. Ұзақ жылдар халыққа үзіліссіз қызмет еткен өлкенің тарихын түлетуге қосқан үлесін қашанда мақтанышпен еске алып отырамын. Айталық, Ғалиәкпар қажы атамыз – Шоқан Уәлихановтың Қашқар сапарында бірге болған көпестерінің бірі. Мешіт құрылысы біткен соң 2 жылға Меккеге сапарға аттанады. Кейінгі кезде архив деректерінен атамыздың Меккеде қонақүй салып, қажылыққа барғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз еткені жайлы деректер табылды. Кеңес одағы келіп, қажылыққа баруға тыйым салынған соң мешіт жұмысы да тоқтады. Студент кезімде бұл нысан қойма болатын. Жазғы демалыста ауылға келіп, зат тасушы болып уақытша жұмыс істеуші едік. Бір жылдары Ғалиәкпар қажы балаларына арнап салған үйге жөндеу жұмысы барысында жертөледен мешіттің төбесіне орнатылған жарты айды тауып алдық. Оны әкеміз қызыл белсенділер лақтырып тастаған жерінен тауып, жасырып қойған екен. Тәуелсіздік келіп, мешіт қайта ашылғанда оны мешіттің төбесіне қайта орнаттық, – дейді қажының ұрпағы Гариф Муликов.

«Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы» жобасы басталғанда нысан өңірлік маңызы бар нысандар тізіміне енгізілді. Сондай-ақ, мешіт үйі Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының балансында тұр. Ендігі кезекте: «Нысан қайта жаңғыртудан өткеннен кейін қандай мақсаттағы құрылысқа айналады?» деген сұраққа жұрттың көңілі ауғаны анық. Бұл жайлы ауыл ақсақалы, «Матай-Бөрібай» қорының төрағасы Берікбол Қасымов: «Матай-Бөрібай» қорының бастамасымен ауданымызда бірқатар игі жұмыс атқарылуда. Алдағы уақытта Қызылорда облысындағы Төлегетай баба кешенін жөндеу жұмысына қолдау танытпақпыз. Міне, меценат Сабыр Қадырұлы отбасының қолдауымен тағы бір тарихи іс өз жүлгесін тапқанын көрдіңіздер. Жетісу өңірінде діни бағыттағы музей бар дегенді естімедім. Осы нысанды сол бағытта жұмыс жасатса деген ойым бар», – дейді. Ал Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Ғазиз Есжановтың айтуынша, қазір бұл нысанды медресе ретінде ашу, тарихи нысанға айналдыру, тағы да басқа ұсыныстар түсіп жатыр. Алдағы уақытта аудан әкімдігі, жергілікті тұрғындар, Ғалиәкпар қажының ұрпақтары және меценаттармен бірлесе отырып, бір шешімін шығарады.

Көпшілік бұл бастаманы Жаңа Қазақстанды құру жолындағы игілікті істің бірі деп қабылдағаны анық.

Қапал ауылы
Ақсу ауданы
Жетісу облысы

МАСҚАРА

Ұрпаққа – зиян, ұлтқа – ұят

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», – деп толғанған хакім Абайдың даналығы бүгінгі таңда күнкөріс қамымен бас ауыртып кеткен көпшілікті бәлендей мазалай қоймайтын сияқты. Елге қызмет етуді мінезден екенін атап өткен ұлт көсемі Әлиханның сөзін де бірі білсе мыңы білмейді-ау!

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Бұлай деп ой топшылауға, әрине, тарқатып айтар болсақ, мысал көп. Дей тұрғанмен біз жақында ғана орын алған бір жағдайды ғана айшықтайық. Қазақ әдебиетіндегі кесек-кесек шығармалармен азды-көп сусындаған, ұлт пен тіл, діл дегенде бір тамыры артық соғатын Мөлдір Қуандық есімді қазақтың қаракөз қызы бар. Бұрымының өзін бағзыдағы Данагүл, Айғанымдарға еліктеп отырып өретін сол қыз әлеуметтік желіге көгілдірлердің өмірін насихаттайтын кітапты салды. Әрине, жарнамалап емес, «жанайқайға» басып. Қос еркектің сұлбасын мұқабаға басқан аталмыш кітаптарды «Меломан» сауда дүкені сатылымға шығарыпты.



Рухани шығармаларды насихаттап келе жатқан сауда дүкенінің табан астында өзге сүрлеуге түсіп, арсыздықтың асқан шегі саналатын «көгілдірлер» әлемін әңгімелеп берер кітаптарды жарнамалай бастағанына таңданысын жасырмады.

Ұлттың күретамыры, текті тегершігі болған төл әдебиетіміздегі ұлы шығармаларды жастарға дұрыс насихаттап, «кітап оқу» мәдениетін қалыптастыра алмай отырған уақытта батыстан тағы бір қара бұлт қаптап келді. Апайтөс Алматыдағы дүкенге келіп түскен гейлердің өмірі жайлы жазылған кітаптың қазақ оқырманына керегі қаншалықты деп ойландық. Түршіктік, тітіркендік.

«Меломан» сауда дүкенінде сатылымда тұрған көгілдірлер кітабының нақты санын айта алмаймыз. Дегенмен Эл Си Розен, Кевин Ван Уай, Фил Стэмпер, Люси Даймонд, Тилли Коул, Эмма Скотт, Андре Асиман сынды шетел авторларының орыс тілінде басылған «Назови меня своим именем», «В открытое небо», «Найди меня», «Лагерь», «Встречайся со мной, Брайсон Келлер» «Сила нашего притяжения» кітаптары сөреде сіресіп тұр.


Аталған сауда желісінің мамандарымен сөйлесіп, мұндай кітапты қазақ қоғамында еркін әрі ашық сатылымға шығарғаны үшін үстінен шағым түсіріп, тиісті жерге арызданатынын Мөлдір дер шағында ескертіпті. Мұны біз де қуаттап, тиісінше сатылымнан алып тастауға, ендігіде мұндай «шіріген қоғамның» күл-қоқысын қазақтың руханиятына жолатпауға күш салайық деп едік. Алайда дүкен иелері: «Сатылымнан алып тастай алмаймыз. Бұл тек үлкендерге сатылатын кітап. Бүлдіршіндерге берілмейді. 18+ белгісі тұрған жоқ па?!», – деп жауап қатты. Осынау қысқаша диалогтан кейін «қазақтың қазаққа жаны ашымауы осындай елеусіз дүниеден басталады екен-ау» деген ойға қалдық. Өйткені, бізге осынау жауапты берген де қазақтың баласы еді. Онымен қоса бұл сорақы кітаптар орыс тілінде басылды дегенмен, бүгінгі қазақ оқырманының дені орыс тілінде кітап оқып, әлем әдебиетінің классикалық туындыларын сол тілде тілшелеп жатқан жоқ па? Орыс тілінде сөйлеуді мақтан көріп жүрген қалалық жастардың көпшілігі қазақ тілінде басылған кітаптарға жоламайтынын тағы ескеріңіз...

Еркектің еркекке, әйелдің әйелге үйір болуы бүгінгі күні пайда болған жайт емес. Бұл сорақылықтың түп бастауы Лұт қауымына барып тірелетінін дін тарихынан хабары бар ел біледі. Байлық пен барақатты ғұмырдан безініп, ләззат атаулының бәрінен жалыққан Лұт қауымы ақырында еркек пен әйелді талғамайтын күйге жеткен. Тиісінше Жаратқанның қаһарына ұшырап, жермен жексен болған. Ал бүгінгі күні қазақ қоғамында мұндай адамдарды «рухани мешел» жандар деп бағалайтындар да бар. Қалай бағаласақ та, бұл айуандық қатынасқа нақты тыйым салатын заң да болмай тұр. Біржыныстыларға шек қоя алмаған билік, тәрбиесін түзден алған қазақ баласына кейін тәк дей ала ма? Қазақ руханиятының бесігі болған Алматының қақ төріне тексіздікті тәлім еткен кітап келгенде мінезін көрсетпеген сатушыдан бастап, осынау жайтқа «көзжұмбайлық» жасап отырғандар ертең ұлтқа қызмет еттім деп айта ала ма?!

Бұл сауалдардың да, көгілдірлер кітабын жарнамалаған зауалдың да түбінде сұрауы болары хақ.

ҚАЛА ӘКІМІНІҢ НАЗАРЫНА!

ҚОҒЫЛ ӘУЛИЕ КЕСЕНЕСІ ҚАШАНҒЫ ҚАРАУСЫЗ ЖАТАДЫ?



Талдықорған қаласының іргесіндегі, жыл сайын бірнеше мәрте ат бәйгесі өтетін ипподромға ағылып-төгілін баратын жұрт оның қарсы бетіндегі Қоғыл әулиенің кесенесіне ат ізін жиі сала бермейді. Біз қасиетті тұлғаларға қашанда құрметпен қараймыз. Себебі, сол ата-бабаларымыздың ерлік істерінің жемісін осы дәуірдегі біз көріп отырмыз. Бірақ тілдің ұшында ризашылық білдіре бермей, өз міндетімізді нақтылы іспен көрсеткеніміз жөн. Бірақ Қоғыл әулиенің кесенесіне барып қайтқалы өз борышымызды әлі де толық түсіне алмай жүргенімізді сезініп, мазам қашты.

ӘУЛИЕ ЖАЙЛЫ АҢЫЗ КӨП

Көнекөз қариялардың айтуынша, Қоғыл әулие Ескелді би, Балпық батырлардың замандасы. Олармен бірге ел тілеуін тілеп, жоңғарлардың қазақ жерін шауып, қырғынға ұшыратқан кезінде, сонау Шу бойына ауып барып, атақонысқа қайта оралуға күш жұмсаған. Өзінің көрегендігімен жаудың жасырын жоспарын біліп отырған. Ел батырларына болжамдарын айтып, кеңес беріп, іс-жоспарын көрсетіп, жеңіске жетуге септігін тигізген. Сондықтан ол кісі заманында әулиелігімен алыс-жақынға аты тараған. Кейінде емкөстігімен де көзге түскен. Қоғыл әулиенің кіндігінен он бір ұл тараған. Оның өзінен кейін де ұрпақтарының арасынан елге қадірлі, құрметке бөленгендер болған. Қоғыл Сарғалдақұлы мырзаның Әліке атасының Шұңғыр әулетінен тарайды. Қоғыл әулиенің ұрпақтары Ескелді ауданының Шымыр, Көксу ауданының Жарлыөзек ауылында тұрады.

Ел арасындағы бір аңызда Қоғыл әулие Қора шатқалындағы жайлауында қайтыс болар алдында жақындарын шақырып: «Менің сүйегімді түйеге артып, бұйдасын босатып, қоя беріңдер. Түйе қай жерге түнесе сол жерге жерлеңдер?» – деп тапсырады. Ағайындары айтқаны бойынша істейді. Сонда түйе Талдықорғанның іргесіне келіп, шөккен екен. Кейін жұрт бұл жерді қасиет тұтып, басына түнеп, қасиетті жер деп таныған. Бүгінде айналасында бірнеше бейіт орны бар шағын қорымның ортасында әулиеге арнап соққан кесене бар. Оның жайын алда айтамыз.

ҚАСИЕТТІ НЫСАНДАР ТІЗІМІНЕ ЕНГЕН

2017 жылы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында қос облыстан Жалпыұлттық объектілер тізіміне 17, өңірлік объектілер тізіміне іріктеліп 41 нысан енгізілді. Олар 2018 жылы киелі нысандар бойынша «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы шығарған 2 томдық кітапқа енген. Сондай-ақ, 2019 жылдың қасиетті орындар қатарына енгізу үшін қосымша 12 нысан ұсынылып, оның тоғызы қосымша тізімге алынған болатын. Сол қатарға Сөк төре және Қоғыл әулие кесенесі бір нысан ретінде сол тізімге енгізілді. Себебі, Қоғыл әулие кесенесі Сөк сұлтан Абылайхановтың жатқан жеріне таяу. Тірлігінде Сөк сұлтан да Қоғыл әулиені құрметтеп өтсе, арасына сызат түспеген қос алып, міне, осылай өлген соң да қатарласып жатқан көрінеді.

Сөк Төре (азан шақырып қойған аты – Сүйік, орысша документтерде Сюк Аблайханов) Абылайханұлы, ел айтқандай 52 жыл бойы Жалайыр, Шапырашты (бір бөлігі) руларына төрелік етті. Ел аузында «...Шүйіркелескің келсе Сөкке бар... Төртек көпке көнеді, көпке көнбесе Сөкке көнеді...» деген мәтелдер әлі күнге айтылады. Бұл жайлы кейін айтамыз. Бірін-бірі толықтап, ұрпаққа ұлылық пен ұрпақ қамын ұғындырған қос алыптың кесенесіне «мемлекеттің қорғауына алынған нысан» деген бір тақтайшаны әлі күнге іле алмай жүргеніміз, өкініштіақ?

КЕСЕНЕ ҚАЛАЙ ТҰРҒЫЗЫЛДЫ?

Еркін ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Тортай Ізбасқанов ақсақалдың айтуынша, кесене тұрғызылған жер баяғыдан Қоғыл төбесі деп аталып келген. Кезіндегі Кеңес билігінің қылышынан қам тамып тұрған тұсында еркіндіктер осы төбедегі Қоғыл әулиенің зиратына жиі келіп, дұға жасап, болашаққа бақыт тілеп тұратын. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының ішінде Қоғыл әулие Еркінде тұратын бір апамыздың (аты-жөнін ұмытқан) түсіне кіріп: «балам, қашанғы мені жалаңаш қалдырасыңдар. Күн қақтап, жаңбыр мүжіп мазалап бітті ғой», – деп аян береді. Сосын сол кісі зират басына кесене тұрғызып, қорымға жас көшеттер егіп, шамасы жеткенше тірлік етеді. Бірақ одан кейінгі қиын жылдары кесене ескерусіз қалып, тозып, шатыры бұзылып, сәні кете бастайды. Өткен жылы Қоғыл әулие талдықорғандық кәсіпкер қыз Айда Ыдырысованың түсіне тағы кіріп, тағы да аян береді. Әрине, әруақ сыйлаған, қасиетті жерді жанымыздан артық көретін халықтың перзентіміз ғой. Осыған дейін Айда Ыдырысова қолында бар мүмкіндігін пайдаланып, кесененің шатырын бүтіндеп, терезелерін жасап, ішінің тағанына кілем төсеп, әулие жатқан жерді ретке келтіріп, бірталай жұмыс атқарыпты. Енді, бұл бастаманы бір қыздың иығына артып қоймай, ел азаматтары ұйысып қолға алатын жұмыс көп.



ОЛ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Жоғарыда айтылғандай, аталған кесене Қазақстанның қасиетті нысандарының өңірлік маңызы бар нысандар тізіміне енген. Демек, мемлекет қорғауында болатын орынды ескерусіз қалдырса, өзге дүниелер не болмақ?! Ұлттың басты құндылығы – оның тарихы мен тілі. Тарихын ескермеген ұлтты болашақта есіркей қоймайтыны анық. Қоғыл әулие кесенесі Талдықорған – Өскемен күрежолының бойында таяқтастам жерде жатыр. Жолдан кесенеге дейін көп болса 100 метр. Ол жер шаңы шығып, тозып, топырағы аспанға ұшып тұр. Сол аттам жерге асфальт төсеп, келіп-кететіндерге жағдай жасау көп қаржыны керек етпейді. Ал кесененің айналасында күн қақтаған бірнеше талтерек шөлдеп, сұрқы қашып тұр. Мемлекет басшысының ел аумағында 2 миллиард түп ағаш көшетін егу бастамасы бойынша жыл сайын көктем-күз айларында қала аумағында көшет отырғызу науқаны жүргізіліп келеді. Кесененің айналасын абаттандыру ісін де осы жоспарға енгізіп, жасыл желекке көмкеріп тастауға болар еді. Әрине, бұл төбедегі басты мәселе – судың талшылығы. Сонау еңістеСарыбұлақ өзені ағып жатыр. Кезінде сол өзеннен маторомен су шығарып, осы деңді игілікке жаратқан екен. Қазір оның ауылы алыс кеткен. Бірақ, күн сайын болмаса да күн аралап Талдықорғаннан шығаберіс айналмадан әуежайға дейінгі жолдың ортасындағы көк шөпті техникамен суғарып жүргенін жиі көреміз. Кесене айналасындағы ағаштар мен шөптерге су шашып өте шығуды сол маршрутқа қосса, мәселе түбірімен шешілгелі тұр. Сондайақ, Еркін ауылының аумағында Үйтас, Қоғыл әулие кесенесі, Сөк төре кесенесі, Әуежай, Сырымбет қырғыны болған жер, Жайнақ батыр жатқан төбе, Балықты өзенінің бойындағы ежелгі жәрмеңке өтетін жер, тағы да басқа тарихымызға қатысты нысандар жетерлік. Сол нысандарды жас ұрпаққа жеткізу үшін қаладағы басқа оқу орындарын айтпағанның өзінде, Еркін ауылындағы Е. Берліқожанов атындағы және №15, №26 мектеп оқушыларына өлкетану бағытындағы экспедициялар ұйымдастыру ісі қолға алынса, нұр үстіне нұр болар еді.

Айту бізден, атқару сізден, ағайын!

Қажет АНДАС,
Талдықорған қаласы,
Жетісу облысы.

18 qazan
2022 jyl
seısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№118 (19113)

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

Мерейлі ОТБАСЫ
ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫ



Суретті түсірген Р. ҚАДЫРОВ

Андас әулетінің жеңісі

Отбасы – шағын мемлекет. Мемлекеттің уығы мықты болса шаңырағы шайқалмайды, керегесі сынбайды. Ендеше, отбасы құндылықтарын негізгі орынға қою – ел үшін басты міндет. Осы орайда ел көлемінде «Мерейлі отбасы» байқауының өткізіліп келе жатқаны әулет әлеуетін арттырудың бір тәсілі. Тәлімді отбасылардың береке-бірлігі, руханиятта жеткен жетістігі, білім-білігінің жоғарылығы сарапқа салынар сайыс талай ұл-қыздың мерейін өсіріп, басқаларға үлгі болмақ.

Гүлжан ТҰРСЫН

Отбасы жетістігін сарапқа салар сайыс Жетісу облысында да өткізіліп, жарыс жеңімпаздары анықталды. Сарапқа әулеттің білім-білігі, ұлттық салт-дәстүрді сақтауы, руханиятқа жақындығы, береке-бірлігі салынды. Бұл орайда қоғамдық даму басқармасының талабына Андас әулеті лайық деп танылды. «Мерейлі отбасы» байқауына Әуесхан ана баптап қосқан ұл-қыздары халық шығармашылығы, қазақ фольклорын зерттеумен айналысатын және ата мұраны ардақтап, ұлттық өнерді жалғастырып келе жатыр. Алтын құрсақ Әуесхан анадан 7 бала жиырма шақты немере-жиен өрбіп отыр. Біз білетін Андас отбасы әулеттің 5 ғасыр бойы тұтынған 700-ден астам жәдігерін сақтап, бүгінге жеткізген шежірелі әулет. Андас отбасының жазып, құрастырған 44 кітабы қазақ руханиятына өлшеусіз үлес қосқаны қуанарлық жайт. Отбасы 1930 жылдан бері латын, төте жазумен жазылған 5 мың беттік қолжазбаны сақтап келді. Биыл әкелері ақын, тарихшы, зерттеуші Андас Омарақынның «Тарих талғарында», «Дода», «Жылдар ізі» атты үш томдық еңбегін жарыққа шығарып, оқырман назарына ұсынды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Бақытты әрі берік шаңырақ – еліміздің игілігі мен өркендеуінің кепілі. Мемлекет отбасы институтын қолдап, осы салада кешенді саясат жүргізе беретін болады», – деген еді. Бүгінгі шараның ұйымдастырылуы – мерейлі отбасын анықтап, оны көпшілікке үлгі ету. Салтанатты шарада сөз алған Жетісу облысы әкімінің орынбасары Рустам Әли соңғы айларда жасөспірім студенттердің өз- өзіне қол жұмсау деректер орын алғанын айтып, алаңдаушылығын жеткізді. «Әрбір жеке істі талдай келе жалпы қорытынды жасалды. Келеңсіздікке әкелген мәселе, ең алдымен отбасылық қатынастарда жатыр. Баланың үйінде алатын басты құндылығы – тәрбие екенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан үлгілі отбасыларымыз көбейіп, өзгелерге жол көрсеткені өте қажет», – деді Рустам Әлиұлы. Облыстық «Мерейлі отбасы» байқауында 2-орынды алакөлдік Хиаг, 3-орынды ақсулық Кенжебаев және панфиловтық Асқаровтар иеленді. Облыстық «Мерейлі отбасы» сайысында жеңіске жеткен Андас әулеті енді республикалық байқауда бақ сынайды. Мерейіңіз асқақтасын Әуесхан ана!

ҚАЛА КӨРКІ

Тал отырғызу – сауапты іс. Өйткені, жерге шаншылған әрбір талдың күтімі жақсы болса, күні ертең-ақ жапырағы жайқалып, жазда сая, қыста қамсау болады. Әрі экологиялық жағдайды жақсартып, қоңыржай климат қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

Тал отырғызу – сауапты іс

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Өткен сенбіде қаланы көгалдандырып, көріктендіру мақсатында «Ағаш отырғызу» күні аталып өтті. Аталған шараға қатысқан адамдардың қатары көп болды. Олардың әрқайсысы өздеріне жүктелген міндетті мінсіз атқарып, көңілден шығуға тырысты. Басқармалар мен мекемелерде, мектептерде қызмет ететін мамандар шаһардағы саябақ пен нөмірі 5,6,7 жағажайларды және Жамбыл көшесінің бойын көріктендіріп, ағаштар екті. Қызметкерлер қала тазалығын сақтауға да атсалысты. Олар қаланы ағаштардан құрап түскен күзгі жапырақтардан арылтып, еңбек көрігін қыздырды.

– Өздеріңіз білесіздер, Қонаев қаласы – құмды жерде. Сондықтан оны гүлдендіріп, көгалдандырып, жасыл желекке айналдырған дұрыс. Жалпы, мұндай шаралар жиі ұйымдастырылса дейміз. Себебі, ол жастарды еңбекке баулып, табиғатты аялауға үйретеді және тазалық сақталады,– дейді мекеме қызметкерлерінің бірі Әсем Алшынбайқызы.

Сол күні Қонаев қаласы аумағына барлығы 3 мың түп ағаш отырғызылды. Мұндай игілікті істер алдағы уақытта да жалғасатын болады.

Қонаев қаласы
Алматы облысы



420 тонна қоқыс шығарылды

Сенбі күні мекеме қызметкерлері қала көшелері мен күл-қоқыс төгілетін орындардың маңайын тазалап, көркейту мәселесіне бір кісідей атсалысып, 2 мыңға жуық тұрғын қатысты.

Сенбілікке қоғамдық, ардагерлер мен жастар ұйымдары, қалалық кәсіпорындардың қызметкерлері, мектептер мен балабақшалардың, мәдениет және спорт мекемелерінің ұжымдары және қала тұрғындары шықты.

Тазалық жұмыстарына 100 дана шаруашылық керек-жарақтар, 50 бірлік жүк және қоқыс тиеу техникасы жұмылдырылды. Нәтижесінде 48 көше, 2 саябақ, 40 шақырым арық жүйесі тазартылып, 420 тоннадан астам қоқыс шығарылды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ
Талдықорған қаласы

БӘРЕКЕЛДІ!

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ өңірлік төлтаңбасы

Жетісу облысының заманауи, ерекше, оңай танылатын өңірлік гербі конкурс нәтижесінде іріктеліп, анықталды. Конкурсқа суретшілер, фотографтар, дизайнерлер, архитекторлар және қарапайым қала тұрғындары да қатысты. Жалпы 17 үміткерден 55 эскиз түсті.

Өлкенің тарихи-мәдени және географиялық ерекшеліктерінің көрсетілуі, жоғары көркемдік деңгейі, бірегей дизайндық шешім, түстердің үйлесімділігі мен геральдика талаптарының сақталуы бағаланды.

Конкурстық комиссия мүшелерінің шешімімен Жетісу облысы Талдықорған қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығының әскери патриоттық жұмыс және Қарулы Күштер ардагерлерімен жұмыс жөніндегі көмекшісі, сонымен бірге, ҚР Суретшілер одағының мүшесі, ҚР Көркем академиясының корреспондент мүшесі, вице президенті Есет Дәуренбаевтың эскиз жобасы бірауыздан таңдап алынды.

Өңірлік төлтаңба Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мемлекеттік рәміздер және геральдикалық белгілер мәселелері жөніндегі сараптама кеңесінде сараптамадан өтті және облыстық мәслихатпен келісілді.

Жер жаннаты – Жетісу облысының гербі шеңбер ішінде орналасқан, Мемлекеттік Тудың көк және алтын түсіне негізделіп құрылды.

Негізгі нышандардың бірі – шаңырақ, Жетісу жерінің асқарлы, биік таулары, Талдықорған қаласының символы «Жетісу монументі», Ұлы Жібек жолының нышаны – керуен көші, жеті өзен, Балқаш, Алакөл көлдерінің айдыны бейнеленген.

Ақсу ауданының тұрғындары назарына!

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев 2022 жылғы 27 қазан күні сағат 11.00-де І. Жансүгіров ауылындағы «Қобызшы Молықбай Байсақұлы» атындағы аудандық Мәдениет үйінде Ақсу ауданының тұрғындарымен кездесу өткізеді. Мекенжайы: Мұратбаев к-сі, №1.

Сонымен қатар, сағат 10.00-де облыс әкімі аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

Тұрғындар тарапынан сұрақтар мен ұсыныстар облыс әкімінің ресми блогында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-oblysy/activities/population?lang=kk және Ақсу ауданы әкімдігінің ресми сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-aksu/activities/population?lang=kk сілтемесі бойынша қабылданады.

Облыс әкімінің халықпен кездесуінің тікелей көрсетілімі «Jetisu_akimat» Instagram парақшасында https://instagram.com/jetisu_akimat?igshid=YmMyMTA2M2Y= және Ақсу ауданы әкімдігінің «Aksu_akimat» Instagram парақшасында https://www.instagram.com/aksu_akimat/?hl=ru сілтемесі бойынша жүргізіледі.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

Жаңа Қазақстан. Екінші республика. Бұдан былайғы өмірімізде өзгеріс болатынын әйгілейтін осы бір тұжырымдар әрбір отандасымыздың жүрегінде сенім алауын тұтатып, көңіл көкжиегін кеңітіп кететіні анық.

Ескі сүрлеуден арылайық

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Бәріміз алғы күннен алақай жаңалық күтіп, қоғам дамуының соны соқпағына, ізгілікті мемлекет құруға аяқ басқандаймыз. Бұл бағытта қолға алынған шаралар, игі бастамалар сол үміт отын үрлей түскендей. Алайда өткен 30 жыл бойы орныққан жүйені, қалыптасқан көзқарасты бір демде өзгерте алмасымыз тағы белгілі. Ол үшін жалпы қоғамды, жекелеген сала қызметкерлерін, қажет десеңіз әрбір адамды жаңаша ойлауға, өзгеше түйсінуге тәрбиелеу қажет. Осы орайда «Қасіретті қаңтар» деп ат беріліп, айдар тағылған оқиға қоғам санасында қопарылыс жасап кеткені анық.

Болған іс болды, бояуы сіңді! Енді айдай әлемге айғай сап аттандасаң да, ер-тоқымыңды бауырыңа алып туласаң да еш нәрсе өзгерте алмайсың. Алдағы міндет – елімізді осындай жағдайға алып келген оқиғаның себебін анықтап, келешекте қайталанбауы үшін әрекет жасау болмақ. Сөзіміздің басында айтқан «Жаңа Қазақстан», «Екінші республика» деген тұжырымдар осы оқиғалардан кейін айналымға енгенін естен шығармайық.

«Шөлмек мың күнде сынбайды, бір күнде сынады» дейді халық нақылы. Біздің пайымдауымызша, халықтың жаппай шеруге шығуының тамыры тереңде. Және ол бір күннің, немесе бір жылдың нәтижесі емес, тәуелсіздік алғалы елімізде орын алған олқылықтар мен жіберілген қателіктердің салдары деп ұққан жөн. «Сонда неден жаңылдық, қай жерде шалыс бастық?» – деген сауал алдымызда меңмұндалап шыға келетіні ақиқат. Жалпы, әлемдегі толқулар мен төңкерістердің негізінде ең алдымен қоғамдағы әділетсіздік пен биліктің озбырлығы жататыны белгілі. Бізде осының екеуі де орын алды деп айтуға негіз бар. Тереңге бармай-ақ, көп жылдар бойы көзге көрініп, көңілге қонақтап қалған қарапайым ғана мысалдарға жүгініп көрейікші.

Бұл ең алдымен қоғамды жайлаған жең ұшынан жалғасу мен жемқорлық, парақорлыққа қатысты. Біз нені көріп келдік? «Қазақстан экономикасының локомативі» деп жүрген құрылыс саласын алайықшы. Құрылысқа мемлекет тарапынан бөлінетін қаржыны кімдер иеленіп келді? Дұрыс айтасыз, ең алдымен қолында билігі барларға бұйырды. Тендерге қойылған қаржының белгілі бір бөлігі оны ойнатушылардың қалтасында қалатын. «Белгілі бөлігі» деуіміздің себебі, әр аймақта әрқалай. Құдайға қарағандары 10 пайызына ортақтасса, қайсыбір жерлерде 20 пайызға дейін иеленетінін жұртшылық жақсы біледі. Лақап аты «Господин 30» делінетін өңір басшысын да көрдік. Сонда белгілі бір нысанды салуға бөлінген қаржының 30 пайызы тендер ойнатушының үлесінде қалып, қалған 70 пайызы құрылысқа жұмсалады деп ойласаңыздар – қателесесіздер.

(Соңы 2-бетте)

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»

Высокая миссия конкурса



Награждение победителей национального конкурса «Мерейлі отбасы» по области Жетісу состоялось на прошлой неделе в Талдыкоргане в здании Салтанат сарайы. На церемонию съехались признанные лучшими семьи из восьми районов и двух городов региона.

Алма УРАЗАЕВА, г. Талдыкорган

Приветствуя виновников торжества, руководитель управления общественного развития области Болат Керимбек отметил, что данный конкурс в Казахстане проводится восьмой год подряд при поддержке Президента страны Касым-Жомарта Токаева.

- Глава государства и Национальная комиссия по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте страны уделяют особое внимание повышению статуса института семьи и популяризации семейных ценностей. Это крайне важно сегодня, когда Интернет оказывает негативное влияние на детей, молодежь. Чтобы вырастить достойное поколение, необходимо акцентировать внимание на значимости брака, повышать ответственность родителей за воспитание детей и роль отца в семье, возрождать лучшие национальные традиции семейного воспитания. Поэтому конкурс «Мерейлі отбасы» стоит на ступень выше других конкурсов, потому что несет в себе высокую миссию, - подчеркнул Болат Керимбек.

Заместитель акима области Жетісу Рустам Али озвучил свою обеспокоенность тем, что за последние несколько месяцев подростками совершено пять суицидальных действий.

- Анализируя каждый отдельный случай, сделан один общий вывод: проблема, приведшая к беде, кроется, прежде всего, в семье и семейных отношениях. Нельзя забывать, что главное воспитание ребенок получает в семье. Поэтому хотелось бы, чтобы у нас все больше появлялось образцовых семей, а вы стали бы для других хорошим примером, - сказал заместитель акима области.

Всего в конкурсе, организованном управлением общественного развития, приняли участие двадцать семей со всех районов и городов области. Десять из них на церемонии награждения отмечены благодарственными письмами и денежными сертификатами.

Так, 1-е место заняла семья Андас из города Талдыкоргана, 2-е место – семья Хиаг из Алакольского района, 3-е место – Кенжебаевы из Аксуского и Аскаровы из Панфиловского районов.

Отметим и остальных - это Калибековы (Ескельдинский район), Оразбековы (Коксуский район), Сабировы (Каратальский район), Касеновы (Кербулакский район), Курмашевы (Сарканский район) и Рамазан (город Текели).

- Мои родители живут в селе Кожиде Сарканского района. Вместе они вырастили нас, шестерых детей, дали хорошее образование и воспитание. Сейчас мы все работаем в государственных органах, как этого пожелали родители: «Будете трудиться на благо народа - не пропадете, станете уважаемыми людьми». Сегодня я приехала из Алматы, чтобы порадоваться за родителей, за нашу семью, отмеченную в конкурсе «Мерейлі отбасы». Такие мероприятия необходимы, потому что семья – это основа жизни каждого человека, общества, государства. Чем больше будет у нас хороших и крепких семей, тем спокойнее мы будем за будущее нашей нации и страны, - отметила Жанар, одна из дочерей семьи Курмашевых.

Напомним, семья Андас, занявшая первое место, теперь примет участие в республиканском конкурсе «Мерейлі отбасы».

20 ноября 2022 ☑ ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Соблюдая правила



В Казахстане 20 ноября пройдут внеочередные выборы Президента РК. Уже с 21 октября начнется предвыборная агитация. Все зарегистрированные кандидаты смогут размещать материалы в свою поддержку в СМИ, на билбордах и в Интернете.

Отметим, что согласно действующему Закону о выборах средства массовой информации на договорной основе предоставляют эфирное время и печатную площадь зарегистрированным кандидатам и политическим партиям, выдвинувшим партийные списки.

Сейчас в Парламенте находится документ, согласно которому такие же условия будут действовать и для агитации на онлайн-платформах. А вот за публикацию сведений, которые порочат честь, достоинство и деловую репутацию кандидата или политической партии, будут введены штрафы на физических лиц в размере 20 МРП, на должностных лиц - 30 МРП, на юридических лиц – 50 МРП.

Начиная с 5 ноября, казахстанцы смогут проверить наличие себя в списках избирателей. 19 ноября закончится агитация и будет объявлен «день тишины», а 20 ноября по всей стране и в посольствах Казахстана за рубежом с 7.00 до 20.00 будут открыты избирательные участки, где граждане Казахстана смогут отдать свой голос за понравившегося кандидата.

Напомним, что в бюллетене появилась графа «Против всех». Однако признавать выборы несостоявшимися, если графа «Против всех» наберет 50% и больше, не будут. По данным ЦИКа, если в первом туре ни один из кандидатов не наберет 50% и более голосов, то пройдет второй тур выборов. Голосованием в графе «Против всех» казахстанцы смогут выразить собственное отношение к предлагаемым кандидатам.

Посчитать голоса избирателей ЦИК должен будет за 12 часов с момента окончания голосования, предварительные итоги выборов должны объявить уже 21 или 22 ноября, а окончательные итоги и регистрацию избранного Президента – до 27 ноября.

Соб. инф.

В ОБЛАСТНОМ МАСЛИХАТЕ

Утвердили герб области Жетісу



Вчера на сессии областного маслихата депутатами был согласован региональный символ (герб) области Жетісу. Современный, уникальный, легко узнаваемый эскиз был отобран и определен по итогам конкурса. В нем приняли участие художники, фотографы, дизайнеры, архитекторы и простые горожане. Всего поступило 55 эскизов от 17 претендентов.

Оценивалась демонстрация историко-культурных и географических особенностей края, высокий художественный уровень, уникальное дизайнерское решение, сочетаемость цветов и соблюдение требований геральдики.

Решением членов конкурсной комиссии единогласно выбран эскизный проект помощника начальника управления по делам обороны города Талдыкоргана области Жетісу по военно-патриотической работе и работе с ветеранами Вооруженных сил, а также вице-президента, члена Союза художников РК, члена-корреспондента Академии художеств РК Есета Женисовича Дауренбекова.

Региональный атрибут прошел экспертизу в экспертном совете по вопросам государственных символов и геральдических знаков Министерства культуры и спорта Республики Казахстан.

Основа герба - синий и золотой цвета Государственного флага. Среди основных символов – Шаңырақ, высокие горы, символ города Талдыкорган – «Монумент Жетысу», символ Великого Шелкового пути – караван, волны, представляющие семь рек Жетысу, акватории озер Алаколь и Балхаш.

Соб. инф., область Жетісу.

ЗНАЙ НАШИХ!

Новые таланты

Мастер слова, поэт с оригинальным неординарным стилем Аршын Нурбакыт входит в современную плеяду молодых и талантливых казахстанцев. Многогранность, высокий поэтический дар молодого акына заслужили известность не только в крае Жетысу, но и по всей республике.

Маржан ОМИРЖАНОВА, Кегенский район, Алматинская область

Аршын окончил Академию искусств им. Т. Жургенова по специальности «Кинодраматургия» и в настоящее время является режиссером Кегенского районного Дома культуры. Несмотря на свой молодой возраст и сравнительно небольшой опыт, благодаря прирожденному творческому таланту он уже покорил сердца зрителей своим умением создавать содержательные культурные мероприятия, проводить незабываемые литературные вечера.

Не так давно Аршын выиграл Гран-при республиканского конкурса мастеров художественного чтения «Елім менің» - «Мой народ», проходившего в Атырау. Из числа кандидатов со всех регионов он был удостоен заслуженной награды от лица акимата Атырауской области. Эта победа - гордость не только Кегенского района, но и всей нашей области. Помимо этого, Аршын Нурбакыт также пишет прозу, публицистику, является автором сборника стихов «Айқасқа» – «Схватка».

Мы желаем новых творческих свершений, успехов и ярких, креативных проектов Аршыну!

ЭКОЛОГИЯ

«Зеленая» акция объединяет

В Алматинской области прошла массовая экологическая акция по посадке саженцев хвойных и лиственных деревьев. В этот день в посадке деревьев приняли участие руководство области, представители учреждений и организаций всех форм собственности, ветераны, молодежь и многие другие.

Нурлы БЕК, Алматинская область



В рамках «зеленой» акции местные питомники на безвозмездной основе предоставили необходимые саженцы детским творческим учреждениям, спортивным школам и ряду других организаций.

- С каждым годом количество зеленых насаждений на планете неуклонно уменьшается. Этому способствуют промышленные вырубки, лесные пожары, засуха. Для улучшения экологической обстановки нужно начинать с себя – каждый человек должен задуматься о том, какой вклад в охрану окружающей среды он внес. Это и есть, на мой взгляд, признак истинного патриотизма, - считает участник акции, житель Шенгельдинского сельского округа города Конаева Данияр Жунусов.


Стоит отметить, что в столь массовом экологическом мероприятии участие приняли жители практически всех уголков Алматинской области, продемонстрировав единство и сплоченность.

- Мы получили большое количество положительных откликов от участников нашей акции, особенно от руководителей общеобразовательных учреждений, детских садов и родителей детей. Считаем, что подобная акция непременно должна стать традиционной и охватить разные площадки: детские сады, парки, школы, лесные полосы, - отметил пресс-секретарь акима области Галымурат Жукел.

ХРАНИТЕЛИ ИСТОРИИ

Сокровищницы отечественной культуры

С разделением Алматинской области на территории вновь образованной области Жетісу ждут своих посетителей 12 музеев. Сегодня мы расскажем о некоторых из них.



На территории Аксуского района расположен уникальный **мемориальный музей Акын Сары,** созданный в 1992 году по решению акима Капальской районной администрации за №127. В честь 155-летия со дня рождения поэтессы в 1993 году музей был реорганизован в мемориальный музей Акын Сары.

Здесь представлены ценнейшие экспонаты, принадлежавшие Саре Тастанбеккызы – знаменитой женщине-акыну, выступившей против женского неравенства. Они были переданы в дар музею ее родственниками. Например, Бигайша Кауқенбайқызы сохранила ее швейную машинку и ножницы. История швейной машинки восходит к 1870-м годам. Ее изобрел Исаак Зингер - человек, который совершил подлинную революцию в швейной отрасли, а его имя стало известным на весь мир.

Сара сшила много платьев и стеганых одеял с помощью этой швейной машинки. Данный факт свидетельствует о том, что она не только владела искусством айтыса, но и искусно занималась вышивкой и рукоделием. Перед смертью Бигайша апай оставила эту вещь своему сыну Ниетбаю, который в свою очередь передал ее в фонд музея. Сохранившаяся таким образом швейная машинка считается ценнейшей реликвией.

В октябре 2021 года в селе Лепсы Алакольского района состоялось торжественное открытие **Лепсинского исторического музея.** Именно этот край Жетысу богат историческим и культурным наследием. Ценные экспонаты, некогда стоявшие в кабинете местной школы, нашли свое место в просторных залах.

Музей создан при поддержке известного мецената Бауыржана Оспанова, который также приложил огромное усилие к сбору и хранению более 800 экспонатов. Гордостью является железный меч саков – акинак, который, по мнению профессора А. Тулебаева, датируется 8 веком до н.э. Акинак - короткий кинжал для религиозных ритуалов и боевых действий у сакских племен. Общая длина - 19,5 см, длина клинка – 11 см, ширина – 2 см. На клинке имеются ребра жесткости. Длина рукояти – 8,5 см, ширина - 1,5 см. Также имеется гарда, служащая для безопасного обращения с оружием. Саки применяли его в военных целях и при проведении ритуальных обрядов. Обнаружен он был жителем села Лепсинск Маратом Букеевым в 2018 году недалеко от озера Таирколь на глубине 1,5 метров. И, конечно, был у саков предмет, без которого никто не мог обойтись. Это – оселок, т.е. точильный камень сакского воина (8-4 вв. до н.э.). Именно им точили мечи, ножи, заострялись наконечники стрел и копий. Древний оселок имеет продолговатую форму с отверстием. Таким образом, его можно было без проблем прикрепить к поясу или к ножнам меча.

В Сарканском районе находится **мемориальный музей Мукана Тулебаева,** который был открыт в 1993 году, в честь 80-летнего юбилея величайшего казахского композитора, светила музыкального искусства, автора многочисленных уникальных произведений, вошедших в сокровищницу отечественной культуры. Новая экспозиция была оформлена в 2013 году в честь его 100-летия. Здесь хранится оригинал диплома, удостоверяющего об окончании Муканом Тулебаевым консерватории имени Чайковского.

По решению республиканской комиссии от 25 августа 1936 года будущего композитора отправляют на учебу в Москву в консерваторию имени Чайковского. Вначале он поступает в вокальный класс и только потом переводится в класс композиции, где берет уроки у великого советского композитора Глиэра. Нет сомнения в том, что каждый урок Р. Глиэра содействовал профессиональному росту М.Тулебаева. Великая Отечественная война прервала его учебу в Москве. В 1947 Мукан Тулебаев вновь прибыл в Москву и поступил в Государственную консерваторию имени П.И.Чайковского в класс профессора Николая Яковлевича Мясковского. В 1951 году, окончив учебу, он получил диплом по квалификации композитора.

В дальнейшем, дорогие читатели, мы познакомим вас с не менее интересными экспонатами музеев области Жетісу.

Арман КУАНДЫКОВ, сотрудник историко-краеведческого музея им. М. Тынышпаева, область Жетісу.

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Құттықтаймыз!



«Айбоз ақын» атанған Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Әміре Әрінұлының қуанышы – «Jetisý» газетінің жетістігі. Өзінің қолтаңбасын қалдырған ата басылымға ширек ғасыр уақытын арнаса, соның оншақты жылында тізгінін ұстап, бас редакторы болды. Осы жылдар ішінде біраз журналистің баспаналы болуына бел шеше кірісіп, қызметкерлерінің шаңырақ шаттығына бөленуіне ықпал етті. Ата басылымның 100 жылдық мерейтойында «Jetisý» *мен бірге «Огни Алатау» газетіндегі 4 журналистің пәтер алуына себепкер болды. Әбекең басшы болып тұрған кезеңде республикалық басылымдармен бірге додаға түсіп, «Ең үздік аймақтық басылым» номинациясы бойынша «Уркер» сыйлығын жеңіп алды. Мұның өзі алдыңғы ағалары қалыптастырып кеткен ұжымның бірлігі мен жарасымды тірлігін сақтай білгенінің жемісі.*

Алматы облысымен қоса үш ауданның Құрметті азаматы атанған Әміре Әрінұлына күні кеше ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз қолымен «Құрмет» орденін табыстады. Бұл қарымды қаламгердің ұзақ жылғы табан ет, маңдай терінің өтеуі, туған елінің алғысы деп қабылдадық. Айтары айшықты, сөзі мығым, ісі өнегелі азаматтың бірісіз. Тұғыры биік, Әбеке, ғұмырыңыз ұзақ, көрер жақсылығыңыз көп болсын.



Арғы беттен атамекеніне V ғасырлық тарихы бар құнды жәдігерлерін ала келген Әуесхан Мажайқызының ерен еңбегі еленді. Өткен дәуірлерді бедерлеп, тамыры терең салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызда пайдаланған жүзге тарта бұйымды Қарасай ауданындағы «Атамекен» ұлттық мұражайының қорына өткізді. Бұл әрекетін бабалар аманатына адалдық десек, артық айтқандық болмас.

Жақында ғана өткен «Мерейлі отбасы» облыстық байқауының жеңімпазы атанып, Жетісудың намысын арқалап, республикалық додаға жолдама алды. Енді, міне, Жетісу облысына келген ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы аяулы ананың омырауына «Парасат» орденін тағып, құрмет көрсетті. «Jetisý» *газеті әрбір жетістігін насихаттап, оқырманға өнегесін жеткізіп жүргендіктен Әуесхан апаның осы қуанышын да бөліскенді жөн көріп отыр. Ұлтымыздың өркендеген әр сәтіне куә болып, ұрпағыңызбен бірге жасай беріңіз, ақ жаулықты абзал ана!*

«Jetisý» газетінің ұжымы

ИМАНДЫЛЫҚ

Алланың үйі – аманат

Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласында тағы бір мешіт есігін айқара ашты. Жеті күннің сұлтаны болған жұма күні «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» екеніне тағы бір мәрте куә болдық. Алланың жердегі үйінің ашылу салтанатына Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы төрағасының орынбасары, наиб мүфти Ершат қажы Оңғар арнайы ат басын бұрды.



Бірлік бар жерде қашанда жарасымды тірліктің қазаны қайнап, айналасы жайнап тұрады емес пе?! Біз соған кеше тағы да көз жеткіздік. Қасиетті жұмада пайдалануға берілген мешіт тұрғызу осыдан 5 жыл бұрын басталған еді. Анығын айтсақ, 2017 жылдың сәуірінде жер телімі алынып, құжаты жасалған екен. 2019 жылдың мамырында іргетасы қаланып, айналасы 3 жарым жылда келбеті көз сүйіндірген зәулім мешіт тұрғызылды.

Иманның ұясына айналған мешіттің ашылуы Алланың кәләмі Құран аятын оқудан басталды. Алғашқы сөз Астанадан ат басын бұрған Ершат қажы Ағыбайұлына берілді. Дін ұстазы мешіттің қадір-қасиеті мен құндылығына тоқталды. Алланың жердегі үйі тек 5 уақыт намаз оқу үшін ғана тұрғызылмайтынын, онда мұсылман баласы рухани тәрбие алып шығатынын ерекше атап өтті. Аят, хадистерден мысал келтіріп, имандылық үйінің мәнін аша түсті. Сөз соңында мешіттің құрылысына үлес қосқан бірқатар азаматқа Алғыс хат табыстап, жаңа мешіттің бас имамдығына Нұрсұлтан Мұқиятұлын тағайындаған Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының бұйрығын оқып, қасиетті Құран кітабын сыйға тартты. Өз кезегінде қала әкімі Әсет Масабаев та жамағатты құттықтап, мешітке қатысты басты мәселе болатын жылуы мен суына көмектесіп тұратынын жеткізді. Алдыңғы толқын аға буынның атынан сөз алған Жетісу облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ермек Әбілмәжінұлы мешіттің жас ұрпақтың ғана емес, өзін мұсылман санайтын әр жастағы адамның жан азығын алып, жүрегін тыныштыққа бөлейтін жер екеніне тоқталды. ҚМДБ-ның жанынан ашылған «Уақып» қоғамдық қорының президенті Ардақ Нүсіпжанұлы мешіт құрылысының басталғанынан ашылу салтанатына дейінгі аралықтағы тынымсыз еңбектің қалай жүргізілгенін айтты. Өйткені осы ғимараттың орны алынған сәттен қабырғасы қаланып, төбесі жабылғанша басы-қасында жүрген еді. Ол кезде Ардақ қажы Талдықорған өңірінің өкіл имамы болатын.

«Көп тілеуі – көл» деген текке айтылмаса керек. Атымтай жомарт қалталы азаматтардан бастап, Алланың рахымынан үміт еткен көпшіліктің қолдауымен сән-салтанаты жарасқан мешіт ашылды. Мешіт – қаланың сәндігі үшін тұрғызылмайды. Ол, ең алдымен, Аллаға ғибадат ететін орын және екі дүниенің бақытына жол ашатын құтты ғибадатхана.

Сөйтіп кешегі жұма күні – өткенімізге салауат, бүгінімізге қанағат айтып, мешіттің көркі жамағат екенін ескертіп, жиналған жұртқа «Алланың үйі–аманат» деп тарқастық.

Жұмабай ОСПАНҰЛЫ

ЗАМАН ТАЛАБЫ

Саяси сауаттылық

Белгілі актриса, Оскар сыйлығының лауреаты Дженнифер Лоуренс «Vogue» журналына әлемдегі қазіргі саясат жайлы пікірін білдірді.

Әйгілі өнер адамы аталмыш журналда: «Мен саясатқа назар аудармайтын адамдармен байланысқым келмейді. Сіздер Америка Құрама Штаттарында тұрасыз. Сіз саясатқа қызығу керексіз. Саясат адамдарды өлтіріп жатыр», – деген екен.

Шынында да, қазіргі кезде өзін саясаттан алшақ ұстайтын адамдар бар. Алайда қазіргі заманда жаңалық оқып, барлығынан хабардар болу өте маңызды. Бұл тек Батыс елдеріндегі мәселе емес. Соңғы жылдары әлемде де, өз елімізде де ішкі экономика мен саяси жағдай күрделі бола бастады. Осыған орай, әрбір тұрғын саясатқа қызықпау деген позицияны санасынан алып тастағаны жөн.

Өзіміздің көрші елді мысалға алайық. Ресей елінде мобилизация әсерінен 300 мыңға жуық азамат сыртқа шыққан. Күн сайын бұл сан өзгеруде және біздің елімізге де тікелей әсерін тигізуде. Сондықтан да, өзіңнің азаматтық құқығыңды қорғап, позицияңды айқындау қазіргі заманда өте маңызды. Ел ішінде айтылатын «саясатпен сен айналыспасаң, саясат сенімен айналысады» деген сөз текке шықпаса керек. Бүгінгідей заманда кез келген азаматтың саяси сауатты болғаны абзал.

Сания ЖҮНІСБЕК,
Абылай хан атындағы
ҚазХҚӘТУ-дің 1-курс студенті

ТУРИЗМ

Кішкентай ауылдың үлкен мүмкіндігі

Айдынды Алакөлден алыстау орналасса да өзіндік табиғат ерекшелігімен көз тартатын, тау бөктеріндегі Сапақ ауылына жолымыз түсті. Кейінгі жылдары қолға алынған жұмыстар елді мекеннің бұрынғы сән-салтанатын қалпына келтіруге ықпал еткенін көрдік.

Қажет АНДАС

Қазына

Биыл маусымда ауыл тізгінін Азамат Мұқаш деген жас жігіт қолына алыпты. Осы өңірде туып, жоғары оқу орнын бітіре сала ауылдың жастар қызметінде, сосын ауылшаруашылығы саласы бойынша маманы болған, туған жерінің тауы мен тасы, ойы мен қырын бес саусағындай білетін Жетісу облысындағы ең жас ауыл әкімінің алдағы жоспары да көп.

– Бұл ауылдың атауы әр кезеңде әртүрлі атанған. Ертеде Герасимовка, сосын Ватутин ұжымшары деген. Тәуелсіздіктен кейін Сапақ ауылы болып құрылды. Бүгінде ауылда 250-ден аса отбасы, 700-ге жуық тұрғын тұрады. Сапақ пен оған қарасты Бибақан ауылы мал шаруашылығы мақсатында игерілетін 36 мың гектар жерді алып жатыр. Ауылда 42 шаруа қожалығы бар. Төменгі және орта Тентек өзені ортасын кесіп өтіп, Сасықкөлге құяды. Осыған дейін тек атакәсіппен айналысып келген ауылдастар енді табиғаттың бай қазынасын игілікке асырып, туризм саласына ден қоюды қолға ала бастады, – дейді ол.

Бұл ауылда туризмді түлететін бірталай дүние бар.

Жұмбақ көл

Ауыл іргесіндегі жотаға орналасқан, ұзындығы – 50, ені 30 метрден аспайтын, тереңдігі 7-8 метрге таяу көлдің құпиясы көп. Жергілікті тұрғындар «Өлі көл», «Қанды көл» деп неше түрлі атайды. Көлге шомылған талай адам ажал құшқанын тіксініп еске алады. Осында тұратын 82 жастағы Владимир Каламисов аталарының аузынан талай азаматты көл суы жұтып қойғанын естіп өсіпті. Ол кезде көл «Мыткина» деп аталады екен. Оның аталары бұл жерге 1882 жылы ішкі Ресейден жер аударылып келіп, қоныстанған. Өзі 15 ауылдасының көлге батып, қайтыс болғанына куә болыпты.

Ауылдағы көнекөз қариялармен көл жайлы әңгімелессең осындай қайғылы оқиғалардың талайын естисің.

Көлде екі түрлі таңғажайып құбылыс бар. Бірі көлге құятын судың қайдан келетінін, қалай ағып шығатынын ешкім дөп басып айта алмайды. Көл суы не көбеймейді, не азаймайды. Енді бірі – батқан адамдарды көл суы бетіне шығарып тастамайды. Ауыл азаматтарының айтуынша, кезінде атаман Анненков осы жолмен Қытайға асып бара жатқанда істен шыққан қару-жарақтарын көлге лақтырып кеткен. Кеңес одағы тұсында жұмбағы көп көлді тексеруге бір топ географ келіп, оның сырын аша алмапты. Алақандай көл құпиясын ішіне бүгіп, әлі сол қалпында тұр.

Қанша қорқынышты болса да көлге шомылатындар көп. Бір қызығы, көл барлық адамды тартып кете бермейді. Осыған орай, ауыл тұрғындарынан естігенімізді елімізге белгілі химия, физика, география саласының ғалымдарына айтып, хабарласып көріп едік. Олардан:

– Тау басындағы мұздықтың еруінен пайда болған көл суы жер қыртысын аралап, бұлақ көзі арқылы көлге құйып, жер астына сіңіп жатқан болуы мүмкін. Ал көл түбіндегі жартас қыртысында немесе топырақта белгілі бір химиялық элементтің мөлшері көп және магнитті қабат болуы ықтимал. Көл түбіне тартып кететін адамдардың денесінде сол элементтің құрамы мол. Әдетте адам суға батқанда қуық безі жарылып, салмағын жоғалтады да, су бетіне қалқып шығады. Бұл көлге батқан адамда ондай белгі болмайтыны анық. Оны зерттеу керек, – деген жауап алдық.

Киелі сарқырама

Сапақ ауылының жоғары жағында таудан құлап ағып жатқан тағы бір сарқырама бар. Ауыл әкімі Азамат Мұқашұлының айтуынша, бұл сарқырама тау жыныстарынан ағып шыққан 20 бұлақ көзінен құралады екен.

Биыл ауыл азаматтары сарқырамаға баратын жолға ұсақ тас төсеп, тау етегіне дейін жеңіл көлік кедергісіз баратындай етіпті. Ауыл әкімдігі сай аузына киіз үй тігіп, оның қасына қазан-ошақ, үстел-орындық қойып, келіп-кететіндерге жағдай жасапты. Бірақ бұл әлі де жеткіліксіз. Өйткені, сай аузынан сарқырамаға дейінгі жолдың кедір-бұдыры көп. Айналада өсіп тұрған ағаштарды да ретке келтіру керек сияқты.

Жетісу өлкесіндегі Бұрқанбұлақтан бастап, Ақсу ауданына қарасты Бұқаш сайының басындағы, тағы да бірқатар сарқыраманы көріп жүрміз. Олар мұздықтардан жиналған судан, бұлақ көздерінің қосылуынан пайда болған. Ал Сапақ ауылындағы сарқырама тау жыныстарының арасынан ағып шыққан бұлақ көздерінен құралған. Сондықтан оның суы таза әрі салқын келеді. Сондай-ақ, мұнда басқа сарқырама, өзен-көлдерде кездеспейтін, ханбалық-бақтақ балығы көп. Демек, сарқыраманы туризмнің көзіне айналдырумен қатар оның жанынан балық өсіретін шаруашылық ашуға болады. Бұл ауыл тіршілігіне қан жүгіртіп, балық шаруашылығын дамытуға да үлес қосар еді.



Жазғы шомылу маусымында туристер Алакөлге Үшаралды айналып барады. Ал Қабанбай ауылын басып өтіп, Сапақ, Үшбұлақ арқылы Көктұмадан шығатын тағы бір жол бар. Бұл бағыттағы жолға асфальт төселген. Бұл үлкен трассаға қарағанда Алакөлге 40-50 шақырым қысқа. Осы жолмен жүргендер Сапақ ауылын басып өтеді. Егер сапақтықтар қолда бар мүмкіндігін ұтымды пайдаланса, жұмбақ көл, киелі сарқырама өңір инфрақұрылымын өркендетері анық.

Алакөл ауданы
Жетісу облысы

Газетіміздің келесі саны 27 қазан, бейсенбі күні шығады.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:
Досан АТАНТЕЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Болат АБАҒАН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — **40-20-64**, бас редактордың орынбасарлары — **40-20-65, 40-20-67**, жауапты хатшы — **40-10-30**, бөлімдер — **40-00-98, 40-11-19, 40-00-15**, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — **40-20-78**, фототілшілер — **40-20-79**, жарнама бөлімі — **40-20-69, 8 747 688 17 41, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.**

Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — **8-777-388-57-77**, Панфилов ауданы — **8-708-442-43-76**, Іле және Қарасай аудандары — **8-701-347-60-32.** Қапшағай қаласы мен Еңбекшіқазақ ауданы — **8-701-212-00-96**, Жамбыл ауданы — **8-701-254-97-55.** Талғар ауданы — **8-701-400-28-49.** Райымбек, Кеген және Ұйғыр аудандары — **8-775-323-08-50**

Газет табыс етілмесе — **8 (7282) 30-69-47** телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Мәди АЛЖАНБАЙ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет– сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: **87773880990**

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 1035
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы — 30 110, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы — 20 010.
Индексі – 65469.

НЕЗАВИСИМОСТЬ - НАША САМАЯ СВЯЩЕННАЯ ЦЕННОСТЬ!
Касым-Жомарт ТОКАЕВ.

Огни Алатау

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газет / Алматинская областная общественно-политическая газета / Almaty regional socially – the political newspaper

№121 (18066) Четверг, 27 октября 2022 года / Издается с 8 марта 1918 года / www.ognialatau.kz

МЫ - КАЗАХСТАНЦЫ!

С патриотическим настроем



С большим патриотическим настроем прошла 25 октября в амфитеатре талдыкорганского парка «Жастар» патриотическая акция в честь возрожденного национального праздника - Дня Республики.

Александр СКЛАБОВСКИЙ,
г.Талдыкорган

В полдень у флагштока собралось большое количество людей разных возрастов – здесь было руководство области Жетісу во главе с акимом региона Бейбитом Исабаевым, студенты, трудовые коллективы предприятий и организаций всех форм собственности, аксакалы, представители неправительственного сектора. В руках у многих голубели маленькие флажки – копии нашего Государственного Флага, а периметр амфитеатра символически окаймляла шеренга воинов Талдыкорганской десантно-штурмовой бригады с полноразмерными флагами Казахстана.

Патриотическая акция началась с торжественного выноса военнослужащими Государственных Флага и Герба Республики Казахстан, затем прозвучал Гимн страны в хоровом исполнении солистов фольклорно-этнографического ансамбля «Талдыкорган әуендері». Музыкальную эстафету патриотических чувств, заставив трепетать сердца собравшихся от гордости за суверенный Казахстан, подхватил певец областной филармонии Бексултан Бекайдаров, исполнивший песню «Көк тудың желбіреген». А затем полетела ввысь и вширь, наполняя простор особой торжественностью, знаменитая духоподъемная композиция «Атамекен» - ее исполнили Тлек Нагимбаев, Асхат Мадиев, Бауыржан Мырзабеков. Припев дружно пели все собравшиеся в амфитеатре, причем настолько прониклись пробуждаемым музыкой и словами эффектом единения, что после объявления ведущих о завершении акции не сразу стали расходиться, а старались продлить этот поистине волшебный порыв, влияющий на массовое сознание.

СОБЫТИЯ

Дань памяти - дань истории



На минувшей неделе в Конаеве в преддверии Дня Республики открыли мемориальный памятник выдающимся личностям нашей страны, которые стояли у истоков строительства Капшагайской ГЭС, а также основания самого города. Композицию установили на территории Капшагайской гидроэлектростанции им. Ш. Шокина в честь 110-летия Динмухамеда Конаева, 100-летия Асанбая Аскарова и 110-летия Шапыка Шокина.

Алина ГАЛЫМОВА, г. Конаев

В церемонии открытия памятника принимали участие аким Алматинской области Марат Султангазиев, представители компаний «АлЭС», «Самрук-Энерго», ветераны энергетики, внук Динмухамеда Конаева Эльдар Конаев.

- Дорогие земляки, от всей души поздравляю вас с Днем Республики! 2022 год отмечен 110-летием Динмухамеда Ахметовича, а также 100-летием со дня рождения выдающегося государственного деятеля Асанбая Аскарова, 110-летием основателя энергетической науки Казахстана, автора проекта Капшагайской ГЭС Шапыка Шокина. В честь них мы открываем мемориальный памятник. Все они внесли большой вклад в развитие страны, - сказал Марат Султангазиев.

Стоит отметить, Капшагайская ГЭС – это важный электроэнергетический объект в южном регионе страны. Планы по возведению электростанции появились еще в тридцатые годы XX века. Впервые необходимость строительства станции обосновал известный казахстанский ученый-энергетик, президент Академии наук республики, академик Шапык Шокин в книге «Технико-экономические показатели Капшагайской ГЭС на Или» в 1942 году.

А 20 июня 1969 года на дно армокаркаса здания ГЭС опустили мемориальную плиту, на которой выгравированы эта дата и слова: «Уложен первый куб бетона в Капшагайскую гидроэлектростанцию». При закладке присутствовал первый секретарь ЦК Компартии Казахской ССР Динмухамед Конаев, а непосредственное руководство строительством станции осуществлял первый секретарь Алматинского обкома партии Асанбай Аскаров. В декабре 1970 года, когда запустили первые два гидроагрегата, Капшагайская ГЭС начала выработку электроэнергии.

В ходе торжественного собрания глава региона вручил Почетные грамоты председателю правления АО «Алматинские электрические станции» (АлЭС) Ерлану Кыркынбаеву, директору Капшагайской ГЭС имени Шапыка Шокина АО «АлЭС» Мурату Каримову, электромонтеру Капшагайской ГЭС Марату Карашашову. Ветераны-энергетики получили в дар ценные подарки.

Кроме того, государственный и общественный деятель Эльдар Конаев вручил Ерлану Кыркынбаеву юбилейную медаль, посвященную 110-летию Д. Конаева.

Также аким области Марат Султангазиев ознакомился с работой компании «АлЭС».

Завершилось мероприятие концертной программой.

ПОДПИСКА-2023

Уважаемые читатели!

Начинается подписка на газету «Огни Алатау» на 2023 год. Как и прежде, наша газета будет выходить три раза в неделю: во вторник, четверг, субботу. В субботу газета будет выходить в увеличенном объеме, в полноцветном варианте. Для отдельных категорий подписчиков предусмотрены льготы.

		12 месяцев		6 месяцев	
	индексы	город	село	город	село
Для юридических лиц	15470	10555,20	11174,40	5277,60	5587,20
Для пенсионеров	35470	6667,20	7288,40	3333,60	3643,20
Для сотрудников бюджетных организаций	45470	6955,20	7574,40	3477,60	3787,20
Общая индивидуальная подписка	65470	7387,20	8006,40	3693,60	4003,20

Кроме того, для жителей г. Конаева проводится альтернативная подписка с получением газет в редакции по адресу: г. Конаев, ул. Достык, 1.

Альтернативная подписка

	12 месяцев	6 месяцев
Для юридических лиц	8800	4400
Для пенсионеров	4900	2450
Для сотрудников бюджетных организаций	5100	2550
Общая индивидуальная подписка	6000	3000

Также на 2023 год вы можете подписаться на газету «Огни Алатау» в электронном формате. Пока подписаться на нашу газету в таком формате можно только в редакции в г. Конаеве, по адресу: ул. Достык, 1, и в представительстве нашей газеты в г.Алматы, по адресу: ул. Желтоксан, 112, 5 этаж.

Подписка на газету в электронном формате

	12 месяцев	6 месяцев
Для юридических лиц	8000	4000
Для пенсионеров	4100	2050
Для сотрудников бюджетных организаций	4500	2250
Общая индивидуальная подписка	5000	2500

Не упустите свой шанс!
Помните: «Огни Алатау» – это надежный источник достоверной информации.

УКАЗ
Президента Республики Казахстан

Выписка

О награждении государственными наградами Республики Казахстан

ПОСТАНОВЛЯЮ:

За заслуги в государственной и общественной деятельности, значительный вклад в социально-экономическое и культурное развитие страны государственными наградами Республики Казахстан наградить:

орденом «Парасат»

Донсебаев Калтай Жагипарович - президент АО «Авиакомпания «Жетысу», город Талдыкорган

Мажайқызы Ауесхан - ветеран труда, многодетная мать, город Талдыкорган

орденом «Құрмет»

Аринов Амре Аринович - ветеран труда, руководитель областного филиала Союза писателей Казахстана, почетный журналист РК, город Талдыкорган

Бекожанов Бахтияр Сейтжанович - предприниматель, Кербулакский район

Бураханов Жанат Махметович - председатель территориальной избирательной комиссии, Кербулакский район

Досымбеков Алдибек Ргайбекович - секретарь маслихата Коксуского района

Егинбаев Муратхан Солтанбаевич - ветеран труда, член международного Союза композиторов и Казахстана, город Талдыкорган

Жуанышбаев Ерик Усербаевич - председатель КХ «ЕР-АСЫЛ» Алакольского района

Мамыров Маулен Сатымбаевич - директор областного центра подготовки Олимпийского резерва, город Талдыкорган

Смагулова Гульмира Дубековна - художественный руководитель государственного ансамбля народного танца «Алтынай», город Талдыкорган

Спиридонова Валентина Григорьевна - председатель попечительского совета «Благотворительный фонд имени К. Токаева», Каратальский район

Черкашина Зинаида Евгеньевна - председатель КХ «Черкашина», Ескельдинский район

орденом «Еңбек Даңқы» III степени

Айтибаев Мухтар Тельманулы - мастер по озеленению ТОО «Талдықорган Көркейту», город Талдыкорган

Бекчойнов Ардак Абаевич - чабан КХ «Жазылбеков и К», Алакольский район

Токтагулов Ербол Нурбекович - работник ТОО «Koksu S&M Company», Коксуский район

медалью «Ерен еңбегі үшін»

Абдрахманов Канатбек Турысбекович - директор центральной районной больницы Кербулакского района

Аширбеков Заманхан Манапович - директор ГКП на ПХВ «Сарканирригация», Сарканский район

Дарибаев Галымжан Темиргалиевич - руководитель управления пассажирского транспорта и автомобильных дорог области Жетісу

Есенов Ескали Молдагалиевич - главный специалист отдела сельского хозяйства и земельных отношений Аксуского района

Есимжанов Мухит Айтмухамбетович - председатель КХ «Есимжанов М. А.», Ескельдинский район

Жапаркулов Ргайбек Аманбаевич - руководитель Уштобинской районной электросети АО «ТА-ТЭК», Каратальский район

Жумадилов Асет Казыевич - директор гуманитарно-технического колледжа, город Талдыкорган

Ибрагимова Мадина Айтказыевна - руководитель отдела финансов города Талдыкоргана

Кененбаев Нурдаулет Сагадиевич - руководитель управления сельского хозяйства области Жетісу

Керимкулов Тохтарбай Акимович - ветеран труда, Панфиловский район

Сабырбаев Амандос Акишевич - заместитель акима Аксуского района

Тулакбаев Руслан Мустапаевич - глава КХ «Р.Тулакбаев» Панфиловского района

Халелов Даулет Кенжехенович - заместитель акима Коксуского района

Шалбаев Бақыт Сарбасұлы - председатель Общественного совета города Текели

медалью «Шапағат»

Абильмажинова Толкын Тлеубековна - воспитатель детского дома «Айналайын», город Талдыкорган

Әбілекім Әбдуғали - предприниматель города Талдыкоргана

Власенко Оксана Анатольевна - предприниматель, Ескельдинский район

Егизов Канат Саркытбаевич - представитель благотворительного фонда «Зекет», Каратальский район, область Жетісу

Илиев Касымжан Абдукаримович - заведующий отделением межрайонной многопрофильной больницы Панфиловского района

Исаева Майрагуль Кутбаевна - ветеран труда, Аксуский район

Испанова Ляззат Саркытбаевна - директор СШ им. К.Токаева, Каратальский район

Минченко Светлана Петровна - учитель средней школы им. Безродных, Алакольский район

Михаилова Надежда Тихоновна - медсестра центральной больницы, Сарканский район

Чуумбекова Жамиля Маматаевна - учитель средней школы имени Ж. Тобаякова, Кербулакский район

Почетным званием «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері»

Булгаков Айтакын Мухамадиевич - главный редактор общественно-политической газеты «Алатау», город Талдыкорган

Почетной грамотой Республики Казахстан

Артющенко Александр Николаевич - председатель общественного объединения «Adventure life» города Текели

Аскарова Айгуль Оразгалиевна - директор центра оказания специальных социальных услуг «Нур» Сарканского района

Жандосова Гульнара Жандосовна - руководитель отдела экономики и финансов Аксуского района

Зейналов Абдулла Вилаятович - руководитель КХ «Жулдыз», Коксуский район

Макежанова Гульнара Несипбековна - заведующая детским садом «Алтын сақа» Панфиловского района

Настоящий Указ вводится в действие со дня подписания.

Президент Республики Казахстан
К. ТОКАЕВ.

Астана, Акорда, 14 октября 2022 года
№1047

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

Мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан елеулі үлесі үшін төмендегі азаматтар Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапатталады:

«Парасат» ордені

ДӨНСЕБАЕВ Қалмұхамет Жағыпарұлы – «Жетісу» авиакомпаниясы» АҚ президенті, Талдықорған қаласы

МАЖАЙҚЫЗЫ Ауесхан – еңбек ардагері, көп балалы ана, Талдықорған қаласы

«Құрмет» ордені

ӘРІНОВ Әміре Әрінұлы – еңбек ардагері, Қазақстанның құрметті журналисі, Талдықорған қаласы

БЕКОЖАНОВ Бахтияр Сейтжанұлы – кәсіпкер, Кербұлақ ауданы

БҰРАХАНОВ Жанат Махметұлы – аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы, Кербұлақ ауданы

ДОСЫМБЕКОВ Алдібек Рғайбекұлы – Көксу ауданы мәслихатының хатшысы

ЕГІНБАЕВ Мұратхан Солтанбайұлы – еңбек ардагері, халықаралық және Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі

ЖУАНЫШБАЕВ Ерік Өсербайұлы – «ЕР-АСЫЛ» шаруа қожалығының төрағасы, Алакөл ауданы

МАМЫРОВ Мәулен Сәтімбайұлы – Жетісу облысы Олимпиадалық резерв дайындау орталығының директоры, Талдықорған қаласы

СМАҒҰЛОВА Гульмира Дубекқызы – «Алтынай» мемлекеттік халық би ансамблінің көркемдік жетекшісі, Талдықорған қаласы

СПИРИДОНОВА Валентина Григорьевна – «К. Тоқаев атындағы қайырымдылық қоры» қамқоршылық кеңесінің төрағасы, Қаратал ауданы

ЧЕРКАШИНА Зинаида Евгеньевна – «Черкашина» шаруа қожалығының төрайымы, Ескелді ауданы

III дәрежелі Еңбек даңқы ордені

ӘЙТІБАЕВ Мұхтар Тельманұлы – «Талдықорған Көркейту» ЖШС көгалдандыру шебері, Талдықорған қаласы

БЕКЧОЙНОВ Ардақ Абайұлы – «Жазылбеков и К» ШҚ шопаны, Алакөл ауданы Жетісу облысы

ТОҚТАҒҰЛОВ Ербол Нұрбекұлы – «Koksu S&M Company» ЖШС жұмысшысы, Көксу ауданы

«Ерен еңбегі үшін» медалі

АБДРАХМАНОВ Қанатбек Тұрысбекұлы – Кербұлақ аудандық орталық ауруханасының директоры, Жетісу облысы

ӘШІРБЕКОВ Заманхан Манапұлы – «Сарқанирригация» су шаруашылығы МКК директоры, Сарқан ауданы

ДӘРІБАЕВ Ғалымжан Темірғалиұлы – Жетісу облысы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы

ЕСЕНОВ Есқали Молдағалиұлы – Ақсу ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің бас маманы

ЕСІМЖАНОВ Мұхит Айтмұхамбетұлы – «Есимжанов М.А.» ШҚ төрағасы, Ескелді ауданы Жетісу облысы

ЖАПАРҚҰЛОВ Рғайбек Аманбайұлы – «ТАТЭК» АҚ Үштөбе аудандық электржүйелері мекемесінің басшысы, Қаратал ауданы

ЖҰМАДІЛОВ Асет Қазыұлы – Талдықорған қаласы гуманитарлық-техникалық колледжінің директоры

ИБРАГИМОВА Мадина Айтқазықызы – Талдықорған қаласы қаржы бөлімінің басшысы

КЕНЕНБАЕВ Нұрдәулет Сағадиұлы – Жетісу облысы ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы

КЕРІМҚҰЛОВ Тохтарбай Әкімұлы – еңбек ардагері, Панфилов ауданы

САБЫРБАЕВ АмандосАқышұлы – Ақсу ауданы әкімінің орынбасары

ТҰЛАҚБАЕВ Руслан Мұстапаұлы – «Р.Тұлақбаев» шаруа қожалығының басшысы, Панфилов ауданы

ХАЛЕЛОВ Даулет Кенжеханұлы – Көксу ауданы әкімінің орынбасары

ШАЛБАЕВ Бақыт Сарбасұлы – еңбек ардагері, Текелі қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы

«Шапағат» медалі

ӘБІЛӘКІМ Әбдуғали – кәсіпкер, Талдықорған қаласы

ӘБІЛМАЖИНОВА Толқын Тілеубекқызы – «Айналайын» балалар үйінің тәрбиешісі, Талдықорған қаласы Жетісу облысы

ВЛАСЕНКО Оксана Анатольевна – кәсіпкер, Ескелді ауданы

ЕГІЗОВ Қанат Сарқытбайұлы – «Зекет» қайырылымдық қорының өкілі, Қаратал ауданы

ИЛИЕВ Қасымжан Абдукаримович – ауданаралық көпсалалы ауруханасы бөлімінің меңгерушісі, Панфилов ауданы

ИСПАНОВА Ляззат Сарқытбайқызы – К. Тоқаев атындағы орта мектебінің директоры, Қаратал ауданы

ИСАЕВА Майрагуль Құтбайқызы – еңбек ардагері, Ақсу ауданы

Минченко Светлана Петровна – Безродных атындағы орта мектебінің мұғалімі, Алакөл ауданы Жетісу облысы

МИХАИЛОВА Надежда Тихоновна – орталық ауруханасының медбикесі, Сарқан ауданы

ЧУЮМБЕКОВА Жамиля Маматайқызы – Ж.Тобаяқов атындағы орта мектебінің мұғалімі, Кербұлақ ауданы

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы

БҰЛҒАҚОВ Айтақын Мұхамадиұлы – «Алатау» қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы, Талдықорған қаласы

Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасы

АРТЮЩЕНКО Александр Николаевич – «Adventure life» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Текелі қаласы Жетісу облысы

АСҚАРОВА Айгуль Оразғалиқызы – «Нұр» мамандандырылған әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры, Сарқан ауданы

ЖАНДОСОВА Гульнара Жандосқызы – Ақсу ауданы экономика және қаржы бөлімінің басшысы

ЗЕЙНАЛОВ Абдулла Вилаятович – «Жұлдыз» шаруа қожалығының басшысы, Көксу ауданы

МӘКЕЖАНОВА Гүлнәр Несіпбеккызы – «Алтын сақа» балабақшасының меңгерушісі, Панфилов ауданы Жетісу облысы

Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 14 қазан №1047

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

Тойға шашу

Республика күні Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев Қонаев қаласының орталық алаңындағы жәрмеңкеде ұсынылған ауыл шаруашылығы өнімдері мен қолөнер шеберлерінің бұйымдарымен танысып, ұлттық мерекеге арналған концерттік бағдарламаны тамашалады.



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Марат Елеусізұлы 9 аудан мен Қонаев қаласының ауыл шаруашылығы өнімдерін аралап көрді. Жәрмеңке облыс орталығында алғаш рет ұйымдастырылды. Тауар өндірушілер ет, сүт, көкөніс сияқты тауарлардың 48 түрін сатылымға шығарды. Барлығы 141 тоннаны құрайтын өнім 132 миллион теңгеге саудаланды. Бұл туралы Алматы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Коюмчан Омаров мәлім етті. Ауыл шаруашылығы өнімдері нарықтық бағадан 10-15 пайызға төмен бағамен сатылды. Мәселен, сиыр еті 2350 теңге, пияз 100 теңге, картоп пен сәбіз 120 теңгеден саудаланды.

Облыс орталығының орталық алаңында мерекеге жиналған халық «Гүлдене бер, менің Қазақстаным» атты концерттік бағдарламаны тамашалап, Республика күнінің тарихымен танысты. Онда 1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР-нің Мемлекеттік Егемендігі туралы Декларация қабылданып, 1995 жылы бұл күн ұлттық мереке – Республика күні болып жарияланғаны, оған 2001 жылы мемлекеттік мереке мәртебесі беріліп, ол 2009 жылға дейін сақталғаны, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы маусым айында Ұлттық құрылтай отырысында сөйлеген сөзінде Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынып, ҚР Парламенті биылғы қыркүйек айында «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңға өзгерістер енгізілгеннен кейін Республика күнін ұлттық мереке ретінде белгіленгені туралы айтылды. Бұл Заңға ел Президенті қол қойды.

Мерекелік шарада сондай-ақ, тәуелсіздік жылдарындағы мемлекеттілікті қалыптастыру, ұлт бірлігін нығайту, нарықтық экономика құру, оның қиындықтары жайында жан-жақты сөз етілді. Қапшағай қаласы Қонаев болып өзгертіліп, облыс орталығы мәртебесіне ие болды.Сол сияқты, көпшілік назарына биылғы жыл тарту еткен басқа да жақсылықтар ұсынылды.

Бұдан соң Қазақстанның рекордтар кітабына енгізілген рекорд орнатылды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы бекітілген 2 жасар бүркіт 18 метр биіктікте орналасқан әкімшілік ғимараттың төбесінен ұшып шығып, қала алаңына қонды. Көрермендердің ерекше ықыласына бөленген бұл құс «Топжарған» этно-өнер орталығына тиесілі.

Жұртшылық батырлар туралы патриоттық қойылымды да ынтаықыласпен қабылдады. Қазақ эстрадасының жұлдызы Мейір Қайраттың шырқауындағы «Сен үшін», «Бөлексің досым», «Бір досым бар» атты әндері орталық алаңды ән-думанға бөледі. Қазақстан рекордтар кітабының ресми өкілі Бақытжан Тастүлеков Қонаев қаласының тұрғындары мен қонақтарын Республика күнімен құттықтап, қазақстандық рекордтар кітабында еліміздің Мемлекеттік Туымен бүркіттің ұшу рекордын тіркеу туралы хабарлады. Көптеген республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты «Степсонс» тобы «Қорқыт», «Шабыт», «Көрұғлы» күйлерін ойнады. Жас әнші Мұхтар Ханзада көрермендерді «Қазағым», «Шаршама», «Тойла, тойла» атты әндерімен қуантты. Республика күнін мерекелеу туралы әнші, композитор Нұрлан Еспановтың, жас талант Нұрмұхаммед Жақыптың, сондай-ақ, солист Асхат Тұрғынның, «Ағайындылар» тобының шығармашылығы көпшілікке ұмытылмас әсер қалдырды. Өнерсүйер қауым басқа да әндерді тыңдап, көңіл көтеріп, сахна төрінде өнер көрсеткен әнші-бишілерге қошемет көрсетті.

Қонаев қаласы
Алматы облысы

Ескерткіш бой көтерді

Қапшағай ГЭС-інде мемориалды ескерткіштің ашылу салтанаты өтті. Ескерткіш 1970 жылы ГЭС-тің салынуына ықпал еткен мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың және жоба авторы, көрнекті қазақ энергетигі Шапық Шөкиннің 110 жылдығына, жұмысты ұйымдастырушы Асанбай Асқаровтың 100 жылдығына орай бой көтерді.

Алма ЕСЕНБАЙ

Ескерткішті ашу рәсімін Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның басқарма төрағасы Серік Түтебаев және энергетика саласының ардагері Есберген Әбітайұлы атқарды. Алғашқы болып сөз алған облыс әкімі ұлттық мереке ретінде биыл қайта тойлана бастаған Республика күнімен және ескерткіштің ашылуымен жиналғандарды құттықтады.

–Димаш Ахметұлының және оның замандастарының бар ғұмыры мемлекетіміздің дамуы мен нығаюына арналды. Оған дәлел – Қапшағай ГЭС-інің құрылысы. Қаланың салынуы да осы стратегиялық нысанмен тығыз байланысты. Біз бүгінгі мереке қарсаңында халқымыздың біртуар перзенттерінің алдында бас ие отырып, ескерткішті ашып отырмыз. Бұл ретте «Самұрық-Энерго» және «Алматы электр стансылары» АҚ басшылығына алғыс айтамын, – деді Марат Елеусізұлы.

Келесі кезекте сөз сөйлеген «Самұрық-Энерго» АҚ-ның басқарма төрағасы Серік Түтебаев ұлы тұлғалардың атқарған қызметі мен Қапшағай ГЭС-інің қазіргі таңдағы атқарып жатқан қызметі мен су электр стансылары жүйесін дамытудағы алдағы жоспарға тоқталды.

Мемлекет және қоғам қайраткері, Дінмұхамед Ахметұлының немересі Елдар Қонаев бұл күннің тарихи маңызы зор екенін атап өтіп, Қонаев қаласының облыс орталығы мәртебесін алып, қайта түрлене түскеніне қуанышты екенін жеткізді. «Алматы электр стансылары»АҚ басқарма төрағасы Ерлан Қырқынбаевқа «Қонаевтың 110 жылдығы» мерекелік медалін табыс етті. Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев те бірқатар энергетика саласы мамандарын Құрмет грамотасымен марапаттады.

Шара соңында жиналғандар ескерткіш алдына гүл қойып, бабалар рухына тағзым етті.

Қонаев қаласы
Алматы облысы

Үштөбе қаласында 30 пәтерлі үй пайдалануға берілді. Салтанатты шараға аудан әкімі Ерлан Исабеков қатысып, Үштөбе қаласының тұрғындарын Ұлттық мерекемен құттықтады.

Қос қуаныш

Сондай-ақ, пәтер иелерінің қуанышын бөлісіп, ақжарма тілегін арнады.

Тұрғын үй «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында салынды. Өткен жылы басталған 30 пәтерлі үй құрылысына 405,6 млн. теңге жұмсалған. Заман талабына сай тұрғызылған көпқабатты үйде 2 бөлмелі 10 пәтер және 3 бөлмелі 20 пәтер бар. Қоныстойын тойлаған тұрғындардың қатарында мүгедектер, Ауған соғысының ардагерлері, толық емес отбасылар, зейнеткерлер, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырғандар бар. Жетім балалар мен көпбалалы отбасылар да баспаналы болды. Көптен бері үй кезегінде тұрған тұрғындардың мәселесін шешу алдағы кезде де жалғасады.

Аудан басшысының айтуынша алдағы уақытта 40 пәтерлі коммуналдық үйдің құрылысы басталып, «Көкдала» шағын-ауданында 20 жаңа тұрғын үй салу жоспарланыпты.

Әмір САНА
Жетісу облысы

Қарағай отырғызылды

Мерекелік іс-шаралар Жамбыл ауданында бірнеше күнге ұласты. Алдымен аудан әкімі Нұрлан Ертастың бастауымен сенбілік өтті.

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Аудан аумағынан өтетін Алматы – Бішкек республикалық күре жолының бойындағы Сұраншы, Саурық батыр ескерткішінің маңы тазартылып, айналасына 150-ден астам қарағай ағашының көшеті отырғызылды. Бұл шара енді ауылдық округтерде жалғасуда. Биыл аудан аумағына 8500 түп ағаш отырғызу көзделген. Бүгінге дейін соның 7 мыңға жуығы егілді.

Аудан орталығында Республика күніне арналған салтанатты шара өтіп, ән мен жырдан шашу төгілді. Аудандық Мәдениет үйінде белгілі композитор, ақын Елдос Үмбетәлінің «Туысқандар» атты шығармашылық концерті болды. Ақынның рухты өлеңдері оқылып, әуезді әндері орындалды.

Шараға арнайы қатысып, құттықтау сөзін арнаған аудан әкімі ақын Елдос Үмбетәліге «Жамбыл ауданының Құрметті азаматы» атағын тапсырды. Сондай-ақ, мереке қарсаңында аудандық мәслихаттың №27-139 шешімімен ауданның әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне елеулі үлес қосқан Дәулет Жарасбаев, Мартжан Әлімқұлов, Тұрсынғали Сарыбаев және Гүлзейнеп Абдрахмановаға «Жамбыл ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.



Жамбыл ауданының төрт жас мемлекеттік қызметшісі көпшілік алдында салтанатты түрде ант қабылдады. Сонымен қатар, аудан әкімі облыстық «Мерейлі отбасы» байқауының III орын иегері атанған Жамбыл ауылының тұрғыны Еркехан Ибраймованың отбасын құттықтады. Республика күні аудандағы барлық ауылдық округтерде мерекелік іс-шаралар өткізілді. Жер-жерде спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылды.

Жамбыл ауданы
Алматы облысы

Халыққа қалтқысыз қызмет

Ескелді ауданының Абай, Қоржымбай, Теректі ауылдарында блок-модульді типтегі медициналық пункт ашылды. Нысандарды салу «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы аркылы жүзеге асуда.

Мәулен ӘНЕРБАЙ



Мыңға жуық тұрғыны бар Абай ауылындағы салтанантты жиынға қатысқан Ескелді ауданының әкімі Елдос Ахметов:

– Ауыл халқының ұсыныс-тілектері орындалып, медициналық пункт ашылып жатыр. Келесі жылы осындай нысанды 7 ауылға салу жоспарлануда. Сонымен қатар Абай ауылына келесі жылы су тартылады. Газ тарту басталады. Айтулы мерекемен шын жүректен құттықтаймын. Бірлігіміз бекем, ынтымағымыз ырысты болсын, – деп жүрекжарды тілегін арнады.

Жаңа амбулаторияда УЗИ, ЭКГ бар. Бұдан бөлек тіркеу, қабылдау, егу, акушерлік, дәрі-дәрмек сақтау бөлмелерімен қамтылған. Үш адам жұмыс істейтін пунктте алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетіледі. Құрастырмалы нысанның тиімділігі сонда, іші электр қуатымен жылиды, ешқандай күрделі жөндеуді қажет етпейді. Егер бөлшектері ескірсе, жаңасына ауыстырылады. Медициналық пункт халыққа 30-50 жыл қызмет етеді. Қажет болып жатса, басқа жерге де оңай көшіріледі.

Қуанышымен бөліскен ауылдың мейірбикесі Майраш Нүсіпбекева: «Ішінде су бар, жылы. Енді тұрғындарды осында қабылдап, кардиограммаға түсіреміз. Алғашқы көмек көрсетеміз. Ауыраяқ әйелдерді де тексеріп, тұмауға қарсы екпе саламыз. Бұрын өзіміз көмір кіргізіп, отын бұтап, су тасып, от жағып, күл шығарып жүргенбіз. Қазір соның бәрінен босадық», – деді.

Алты жүзден астам тұрғыны бар Теректі, үш жүзге жуық тұрғыны бар Қоржымбай ауылдарында да осындай заманауи модульді нысан халыққа қызмет көрсетеді. «Indegra Construction KZ» мердігер компаниясының өкілі Руслан Құсайынов ұсыныс түсіп жатса, басқа да ауылдарға блок-модульді типтегі медициналық пункт салуға дайын екенін айтты.

Ескелді ауданы
Жетісу облысы

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖОБА

АНДАС ОМАРАҚЫН ОҚУЛАРЫ БАСТАЛДЫ

БЕЙСЕН ҚҰРАНБЕК АТЫНДАҒЫ ЖУРНАЛИСТЕР ҮЙІНДЕ МӘДЕНИ ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРА ӨТТІ. «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – 2022» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ЖЕҢІМПАЗЫ АНДАС ӘУЛЕТІ «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫН ҚОЛҒА АЛДЫ.



Оған облыстағы аудан-қаладан білімге құштар, өнерге бейім, ұлттық құндылыққа жаны жақын 30 оқушы мен олардың жетекшілері қатысып, өнерлерін көрсетті. Шараға ұйытқы болған облыстық білім басқармасы, «Қазпошта» АҚ Алматы облыстық филиалы мен «Жетісу» газеті.

Басқосуды облыстық «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары, ақын Жұматай Өміреев жүргізіп, алдымен аталмыш шараның мән-мағынасын түсіндірді.

– Ғасырдан ұзақ тарихы бар облыстық «Жетісу» газетінің қазақ руханияты үшін сіңірген еңбегі ерен. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінде орны бөлек кешегі Ілияс, Мұхтар, Сәбиттер бастаған ұлы көштің бәрі де «Жетісу» газеті арқылы танылып, есімі тарихта қалды. Одан кейінгі сан буынды тәрбиелеуде де басылымның орны ерекше, беделі биік болды. Міне, бүгінде сол дәстүрді Андас әулеті жалғастырып, облыстың аудан-қаласынан 8-10 сынып аралығында оқитын 30 оқушыны «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қарашаңырақ газетке жаздырып, демеушілік танытып отыр. Әрине білімге, ғылымға, руханиятқа жасалған демеушіліктің бағасы үстем болатыны анық, – деп атап өтті.

Аталмыш жоба Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлытауда өткен Ұлттық кеңестегі жүктеген тапсырмасы аясында жүзеге асуда. Шара аясында Жетісу облыстық білім басқармасының бас маманы Руслан Арсыланов аталған жоба аясында Жетісу облысында қандай шаралардың атқарылып, нендей жетістіктерге жеткені туралы баяндаса, «Қазпошта» АҚ Алматы облыстық филиалының жетекшісі Айбол Таңқарбекұлы оқушыларға поштаға жазылған түбіртегін табыс етті.

Келесі кезекте Андас әулетінің отанасы, «Парасат» орденінің иегері, «Алтын алқалы» ана Әуесхан Мажайқызы балалардың болашағына сәттілік тілесе, осы әулеттің ұлы, еріптесіміз Қажет Андас әулетінің құндылығы туралы айта келіп, тарихшы, айтыс және жазба ақын Андас Омарақынның «тарих талғарында», «Дода», «Жылдар ізі» атты үш томдық еңбегі таныстырылып, оқушыларға сыйға берілді. Сондай-ақ Жетісу облыстық білім басқармасы мен Андас әулеті бірлесе отырып, алдағы жарты жылда «Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде жүргізілетін «Андас Омарақын оқуларының» ережесімен таныстырды.

– Жаң бастама бүгінгі шараға қатысқан 30 оқушының арасында, келесі жылдың алғашқы жарты жылдығында сынақ ретінде атқарылады. Ол «Тарих талғарында» жас өлкетанушылардың ғылыми жұмыстары байқауы, «Дода» атты жас айтыс ақындарының айтысы және «Жылдар ізі» атты жас жазба ақындар мүшайрасы сияқты үш бағытта жүргізіледі. Әр номинацияға дайындалған оқушылар еңбегінде Андас Омарақын шығармашылығын үлгі етуі керек.

Байқау Жетісу облыстық білім басқармасының жоспарына енгізіліп, келесі жылдың алғашқы жарты жылдығында өткізілмек. Қазылар алқасының шешімімен I, II, III дәрежелі орын алған үміткерлерге облыстық білім басқармасының Алғыс хаты мен Андас отбасы атынан қомақты ақшалай жүлде тағайындалады. Үш номинация бойынша I орын алған оқушылар оқитын мектепке Жетісу облыстық білім басқармасының «Оқуға құштар мектеп» атты кешпелі ту тапсырылады – деді ол.

Шарада әр өңірден келген оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, өлең оқып, айтысқа түсіп, шараның шырайын аша түсті. Сонында көпшілік «Жетісудың қонақжай шаңырағынан» дәм татып жолға аттанды.

А.НҰРЖАЛАР.

БАЙҚАУ

ЖЕТІСУЛЫҚ ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

«Мың бала» республикалық жобасы еліміздегі мемлекеттік тілді меңгеруге ерекше қызығушылық танытқан өскелең ұрпақты ынталандыру, қолдау мақсатында 2015 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. Биылда өз жалғасын тапқан байқау облыс орталығы Талдықорған қаласындағы Достық үйінде Қоғамдық даму басқармасы ММ «Қоғамдық келісім» КММ ұйымдастыруымен өткізілді.



Аталған байқауға «Өнер алды – қызыл тіл», «Өнерлі өрге жүзер», «Жарқыра, жас дарын!» номинациялары бойынша екі қала, жеті ауданнан жалпы саны 22 оқушы қатысып, өнерлерін ортаға салды.

Аудан аралық жарыстардан жеңімпаз болған кіп мықтылар арасында өткен сайыс тартысты өтіп, әр номинация бойынша өнерлерін көрсеткен өрендер, атап айтсақ, Алакөл ауданынан келген Абдулло Сиддиков, Аружан Сұлтан, Мұхаметқали Нүркенов, Панфилов ауданынан қатысқан Жания Қанат, Текелі қаласынан келген Реалина Тохтахунова, Артем Матковский, Кербұлақ ауданынан – Нұрай Кенжебек және Жантөре Жігер жүзден жүйрік шығып, жеңімпаз атанды. Жүлдегерлер арнайы дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Байқаудың мақсаты – этнос топтарының жастары арасында мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, тіл мәдениетін көтеру, шешендік өнердің мұраларын насихаттау, тілге шешен сөз шеберлерінің өнеріне қолдау көрсету.

* * *

«Ортақ шаңырақ» жобасы аясында Достық үйінде облыстық «Үздік отбасы» байқауы да өтті.

Байқау шымылдығын «Ақ отауға ақ бата» жобасы бойынша ерекше еңбек етіп жүрген Алакөл аудандық Аналар кеңесінің төрағасы Үлжалғас Бурасанқызы ашып, жылы лебізін білдірді.

Мұнан кейін байқауға қатысушы 140 шаңырақтың ішінен озат шап-қан, кіл мықты 6 отбасы жеке-жеке таныстырылып, ортаға шақырыл-ды. Атап айтсақ, Ақсу ауданынан – Құдырмановтар отбасы, Алакөл ауданынан – Карповтар отбасы, Кербұлақ ауданынан – Жармұхам-бет отбасы, Кеқсу ауданынан – Ас-қаровтар отбасы, Панфилов ауданынан – Елікбаевтар отбасы және Сарқан ауданынан – Нұрпейісовтар отбасы өз бақтарын сынады.

Үш кезеңнен құралған бай-қаудың алғашқы белімінде жарасымды жанұялардың алдын ала дайындаған бейнероликтері кер-сетілсе, екінші кезеңде әр әулет өздерінің отбасылық фотоальбом-дарын қорғады. Ал шешуші кезең-де талқыр отбасылар әділ қазы алқаларының қойған жағдаяттық сұ-рақтарына жауап берді. Облыстық байқауға қатысқан барлық отбасы үздік атанып арнайы дипломдармен қатар 15 мың теңгелік сертификаттарға ие болды.

Қоғамдық келісім КММ директоры Марат Тайлақұлы бірінші жарасқан отбасыларды жеңістерімен құттықтап, ізгі шара келесі жылыда өз жалғасын табатынын айтты.

– Өнегелі отбасы – елдің тұтқасы! Жарасымды жанұя мен ізгілікті қасиеттерге толы әулет қашан да көпке үлгі болуы тиіс. Бүгін өздерін түрлі қырларынан көрсетіп, жеңіске жеткен барлық отбасыларды құттықтаймын. Осындай үлгілі отбасылар көбеюі үшін «Үздік отбасы» байқауын келер жылы да міндетті түрде ұйым-дастыратын боламыз, – деді М.Тайлақұлы.

Шара соңы концерттік бағдарламаға ұласып, шығармашыл отбасылар өнінен шашу шашты.

Айдана СМАҒҰЛ

НАЗАР!

ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

«СОТ ОРГАНДАРЫНАН ШЫҒАТЫН РЕСМИ ҚҰЖАТТАРҒА АПОСТИЛЬ ҚОЮ» ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ КӨРСЕТУ ӨЗГЕРІСТЕРІ 2022 ЖЫЛЫ 30 ҚАРАШАДА «СОТ ОРГАНДАРЫНАН ШЫҒАТЫН РЕСМИ ҚҰЖАТТАРҒА АПОСТИЛЬ ҚОЮ» ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ КӨРСЕТУ ҚАҒИДАЛАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ. ОСЫ ҚАҒИДАНЫҢ НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕРІН НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА ҰСЫНЫП ОТЫРМЫЗ.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы қағаз тасығышта не «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық түрде, не Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппаратының) кеңсесі арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша апостиль қоюға өтінішті осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою жөніндегі" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Тізбесінің (бұдан әрі – Тізбе) 9-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бірге береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижелерін, сондай-ақ, мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар Тізбеде берілген.

Облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада орналасқан Мемлекеттік корпорация филиалдары бөлімінің қызметкері құжаттар кәліп түскен күні құжаттарды дайындауды жүзеге асырады және оларды көрсетілетін қызметті берушіге жіберу үшін Мемлекаттік корпорацияның курьеріне береді. Егер Мемлекеттік корпорация филиалдарының бөлімдері басқа елді мекендерде орналасқан жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның жинақтаушы секторының қызметкері (маманы) құжаттар кәліп түскен күні оларды дайындауды жүзеге асырады және құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге қағаз түрінде Мемлекеттік корпорацияның курьері не пошта байланысы арқылы жіберуді 2 (екі) жұмыс күні ішінде қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім, сондай-ақ, көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, орны және тәсілі туралы хабарлайды.

Қағиданың жаңа өзгерістері мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған.

Қағиданың өзгертілген толық мәтінімен Алматы облыстық сотының ресми сайтының «Мемлекеттік қызмет» бөлігінде таныса аласыз.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Талайлы тағдыр иесі

Ләзиза Серғазина туралы архив құжаттары сөйлесе...

Биыл қазақ журналистикасының белгілі тұлғаларының бірі, талантты аудармашы Ләзиза Серғазинаның туғанына құжат бойынша 120 жыл толады. Алайда кейбір анықталмаған деректерде оның нақты туған жылы — 1908 жыл делінеді.



Президент архивінің қорларында басқару құжаттамасымен қатар партиялық номенклатура қызметкерлерінің, өнер, мәдениет және ғылым өкілдерінің жеке істерін қамтитын жеке құрам бойынша құжаттардың бірегей топтамасы сақталуы. Бұл құжаттардың ішінде қазақ қыздарының қатарынан шыққан журналист, Павлодар облысындағы алғашқы мұғалім қыздардың бірі, дарынды аудармашы, халық ақыны Әбу Сәрсенбаевтың мұрасы Ләзиза (Ләзизә) Мешітбайқызы Серғазинаның (1902–1982) өз қолымен жазылған өмірбаяны бар. 1937 жылғы 28 қарашада толтырылған өмірбаян Л.Серғазинаның жеке ісінде сақтаулы, құжат қазақ (латын қарпі) және орыс тілдерінде бірнеше нұсқада жазылған. Л.Серғазинаның Мәскеудегі редакторлар курстарына жіберу туралы өтініші, кадрлық есеп бойынша жеке парақтары да осында жинақталған. Оның партиялық-көпшілік насихат жұмыстарын жүргізетін бригаданың құрамында болғаны, марксизм-ленинизм еңбектерін аударатын редакторлар курсына жіберілгені, «Сталин жолы» газетіне жауапты қызметке тағайындалғаны туралы басқарушы органының шешімдері, 1933 жылы оның мәселесін дербес қараған тергеу істері туралы да архив құжаттары сақталған.

«Егемен Қазақстан» газетінің деті («Социалистік Қазақстан» атауымен шығып тұрған кезде) дереккөздер Л.Серғазинаның қоғамдық-саяси өмірінен сыр шертеді. «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясының бұйрықтар кітабында 1944 жылғы 15 желтоқсанда редакция қызметкерлерінің айлық қабылдаушының белгіленуі туралы бұйрықта хат бөлімінің бастығы ретінде Л.Серғазина көрсетілген. Газет редакциясының партия жиналыстарының өңдірістік мәселелер қаралған мәжілістердің хаттамаларын көрсеткендей, бөлім бастығы, партия мүшесі ретінде Л.Серғазина мекеменің қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысқан. Жұмыс барысында туындаған күрмеулі мәселелер мен оларды шешу жолдарын қарастыру туралы өз пікірін жиі білдіріп отырады. Газет редакциясының жанындағы бастауыш партия ұйымы коммунистерінің 1946 жылғы 15 қаңтан – 30 желтоқсан аралығындағы жалпы жиылыстарының тергаушы ретінде қол қойған хаттамалар бар.

Ләзиза Мешітбайқызының 1937 жылы күйеуі-сүргінінің қиын тұрған шағында өзінің өмірбаянында «әкем бай, қажы» деп көрсетуден жасқанбаған, өз әкесінен бас тартпаған ерлігін ерекше атап өту керек. Құжат мәтіні былай: «Мен 1902 жылы Павлодар облысында дүниеге келдім. Әкем бай, қажы болған. Оның дауыс беру құқығы болмады. Сотталмады, жауапқа тартылмады 1929 жылы 79 жасында қайтыс болды. Қазір 1915 жылы туған інім бар. Одан басқа менің туыстарым жоқ. Анам да жоқ. Туыстарым ақ әскер қатарында қызмет өтпеген, шетелде болғаным жоқ.

1920 жылға дейін ауылдық мектептің 3 сыныбын бітірдім. 1921-1922 жж. Павлодар қаласындағы 8 айлық мұғалімдер даярлайтын курстарда оқыдым, бірақ анам қайтіс болғандықтан оқуды аяқтауға үлгермедім. 1923 жылы тұрмысқа шықтым, 1926 жылға дейін үй шаруасымен айналыстым. 1926 жылдың күзінен бастап 1,5 айлық мұғалімдер курсында оқып, оқытушы болдым. 1930 жылы күйеуімнің Алматыға ауысуына байланысты қоныс аудардық. 1930 жылдың тамызына дейін жұмыс істемедім, тамыз айынан бастап Комвуздың (1920-1930 жылдардағы КСРО-дағы жоғары партия оқу орындары. – авт.) дайындық курстарына түсіп, оны 1933 жылы бітірдім.

Революциялық шараларға қатысқан жоқпын. Кеме қатынасы мекемесінің Павлодар қалалық жұк тасымалы бөлімінің партиялық ячейкасында партия қатарына қабылдандым. Павлодар аудандық партия комитеті бекіткен. Партиядан шығарылған емеспін. Басқа партиялардың немесе топтардың мүшесі емеспін.

1926 жылдан қоғамдық жұмыстарға қатыстым. 1926–1930 жылдары мұғалім болдым. Комвузды бітіргеннен кейін Алматы облыстық «Сталин жолы» газетінде қызмет еттім, қазір мен жауапты хатшымын.

Марапатталмағанмын. 1936 жылы «Сталин жолы» газеті партия ұйымынан Сталин облыстық партия конференциясына делегат болдым. Мен сотталмағанмын. Әскерде болған жоқпын.

Күйеуім Сәрсенбаев Әбуғали, Батыс Қазақстан облысы Теңіз ауданының азаматы, балықшының баласы. Туған жеріңде балық шаруашылығында жұмыс істейтін бір ағасы бар. Жолдасым – партия мүшесі, қазір «Қазақстан» баспасының жол-өңдірістік бөлімінің редакторы. Отбасымызда 3 баламыз бар. «Сталин жолы» газетінің редакциясында қызмет еткеніме 4 жылдан асты. Жұмыс жақсы, бірақ бір жерде жұмыс істегеніме 4 жыл болғандықтан басқа жұмысқа ауысқым келеді». Қолы: Серғазина.

Ләзиза Серғазина 1902 жылы Павлодар облысы, Ақсу ауданында дүниеге келген. Оның туған жылына қатысты бұқаралық ақпарат құралдарында қызылқты деректер жарияланған. Кей деректерде, шын мәнінде, 1908 жылы туған, оқуға жасы жетпеген соң жыл қосып алуына тура келген деп айтылады. Әкесі өткенің соң жыл қосып алуына тура келген деп айтылады. Әкесі өткенің беделді, ағартушы тұлғалардың партиялық ячейкасында партия қатарына қабылданды. Павлодар аудандық партия комитеті бекіткен. Партиядан шығарылған емеспін. Басқа партиялардың немесе топтардың мүшесі емеспін.

1926 жылдан қоғамдық жұмыстарға қатыстым. 1926–1930 жылдары мұғалім болдым. Комвуздың бітіргеннен кейін Алматы облыстық «Сталин жолы» газетінде қызмет еттім, қазір мен жауапты хатшымын.

Марапатталмағанмын. 1936 жылы «Сталин жолы» газеті партия ұйымынан Сталин облыстық партия конференциясына делегат болдым. Мен сотталмағанмын. Әскерде болған жоқпын

АЙДЫНЫ АСЫЛ, АТЫРАБЫ ҚАЗЫНА – АЛАКӨЛ



Өңірде жетістік көп


Баспасөзге жазылуға байланысты Алакөл ауданына барған облыстық «Jetisý» газетінің тілшілерін аудан әкімі Алмас Әбдинов қабылдап, өңірдің экономикалық өркендеуі мен әлеуметтің әлеуетін көтерудегі жаңа бастамалар және баспасөздің болашағы туралы әңгімеледі.

Алакөл атырабы – қазақ халқын ел басына күн туғанда ашаршылықтан қорғаса, одан кейін де елжұрттың өзегін талдырған емес. Өнеркәсібі өркендеген, ауыл мен мал шаруашылығы дамыған алакөлдіктердің тағы бір негізгі кәсібі – жаз бойы көл бойына демалуға келген туристерді бар пейілімен қарсы алу. Ал Алакөлдің суы мен жағасындағы балшығы сан түрлі аурудың емі, балығының өзі республикаға танымал. Әрине, нәсіптің көзіне айналған осы тірлік жаңа жұмыс орындарының ашылуына сеп болыпты. Біраз жылдан бері аудандағы ең өзекті мәселе жол еді. Биыл Үшарал – Достық бекеті бағытындағы жол құрылысы аяқталады. Қазіргі таңда Ақши, Көктұма ауылдарының жолы толық бітіп, бірнеше көпір құрылысы алдағы уақытта пайдалануға берілмек. Өңірде жаңа өндіріс орындары іске қосылып, шаруа қожалықтарының саны арта түскен. Тұрғындардың тұрмысы түзеліп, жағдайы жақсарды.

– Баспасөзге келер болсақ, алакөлдіктер облыстық «Jetisý» газетімен бұрыннан бері тығыз қарымқатынаста жұмыс істеп келеді. Жыл сайынғы баспасөзге де тұрғындар тұрақты жазылады. Өйткені, «Jetisý» газетінің өз орны, тарихы, бағыты айқын. Газет тек мемлекеттік саясатты, облыста атқарылып жатқан бастамаларды, ел өркениетіндегі жетістіктерді ғана жазып қоймай, сан тақырыпты қаузайды. Оның ішінде ұлттық құндылық пен жастар тәрбиесіне қатысты жазылған мақалаларды аудан тұрғындары қызыға оқиды. Биыл облыс бөлініп жатқан тұста баспасөз қызметіне де салмақ түскені анық. Осы бір тарихи оқиғаларды да «Jetisý» газеті арқылы біліп отырады. Алдағы уақытта да газет оқырманының санын арттырып, баспасөзді қолдауға қашаннан дайынбыз, – деп атап өтті аудан әкімі.

«Газет бір күндік болғанымен, оның сөзі мың күндік» дегендей, аудан басшысының басты назарында болатын жақсы жетістіктерді жұртқа жеткізіп, тарихқа таңбалау – біздің иығымызға артылған жүк. Аудан жұрты бізді осылай қолдаса, біз де олардың талап-тілегін орындаймыз деген тілекпен аттандық.

Биылғы шомылу маусымында Алакөлге 1,5 миллионнан астам турист келіп, ауданның экономикалық кірісі мен тұрғындардың әлеуметтік жағдайына үлкен үлес қосты. Десе де, Алакөл ауданында судан басқа туризмді дамытуға қолайлы мүмкіндік өте көп.



Саусақ бірікпей, ине ілікпейді

Бұл өңір тарихи және табиғи ескерткіштерге бай.

Су туризмімен қатар, тарихи жерлерді жаңғыртатын ауқымды бағдарлама жасалса, экотуризмнен де үлкен олжа түскелі тұр. Айталық, аудандағы Үйгентас, Шіре ана ескерткіші, Есім төре кесенесі Қазақстанның қасиетті жерлерінің тізіміне енсе, Асусай және Жайпақ ерте орта ғасырлық қалашығы, Кейкі, Тоқболат, Баянбай батырларға қойылған ескерткіш,- Борша қырғыны болған тарихи орын, Алакөл мемлекеттік табиғи саябағы, Ыналы, Ақши, Бескөл, Үшарал, Қарабұлақ және Лепсі ауылдарындағы петроглифтер, Жетісу губерниясы, Лепсі уезі орналасқан жер, Тоқта тауындағы белгі тас, Майлышат ескерткіші, Сыбанбай би мен Шағырай әулие жерленген орын, Қарауыл төбе, 1969 жылы Жалаңаш көл қақтығысы болған жерлерді дұрыс насихаттаса, талай туристі қызықтыруға болады.

Баспасөзге жазылуға байланысты жол тартқан сапарымызда тұрғындармен елді мекендердегі жұрт қасиетті деп білген тарихи орындарда кездесуді жөн көрдік. Осыған орай, Үшарал мен Жалаңаш көлге дейінгі жол бойына орналасқан бірқатар тарихи орындарда кездесу өткізіп, сапарымыздың мақсатын түсіндірдік. Алдымен Ыналы ауылының іргесіндегі Баянбай батыр ескерткішіне бас сұқтық. Бізді онда Баянбай батырдың ұрпақтары Мереке және Қалибек Молдағұловтар бастаған ауыл азаматтары күтіп алып, Баянбай батырдың ерлік істерін, тарихы мен өмірдерегін әңгімеледі.

Келесі кезекте Жайпақ ауылының іргесіндегі Жайпақ қаласының жұртына келдік. Ол жерге Алакөл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бөлім басшысы Бейбіт Айтахметов бастап келді. Жайпақ ауылының әкімі Манас Амангелдинов бастаған ауыл тұрғындары күтіп алып, белгілі меценат Бауыржан Оспановтың демеушілігімен «Жайпақ 1» және «Жайпақ 2» қала орнына жүргізілген қазба жұмыстарын көрсетті. Сол жерде І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің профессоры, география ғылымдарының кандидаты Еркін Тоқпанов және Жайпақ ауылдық орта мектебі тарих пәнінің мұғалімдері Алмания Оразбаева мен Жандос Жиенбай көне қаланың тарихы жайлы сөз етті. Жалаңаш көлдің бойында Достық ауылдық округі әкімінің орынбасары Ермек Еңсебаев және «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ-ның Достық филиалының еңбекті қорғау жетекші инженері Жайлаубай Тұрсынұлы бастаған ауыл тұрғындары қарсы алып, Тоқта тауындағы белгі тас пен Сыбанбай би мен Шағырай әулие жерленген жерге ат басын тіредік. Тарихи нысандарды аралап, Шағырай әулие мен Сыбанбай бидің ұрпақтары және ауыл тұрғындарымен кездесу ұйымдастырып, жұрт арасында жиі айтылатын аңыз-әңгімелерді жазып алдық.

«Облыстық «Jetisý» газетінің тілшілері тарихи нысандарды аралап, ел тарихын түгендеп жүр» дегенді естіген Ырғайты ауылдық округінің әкімі Дәуренбек Мұқыбаев Көктұма ауылының кіреберісінде күтіп алды. Ауыл ақсақалдары мен тұрғындар «Әмірқожа» мешітінің қатымханасында жайылған дастарқанда Құран бағыштап, перзенттік борышымызды өтедік. Кездесуде ауыл ақсақалдары Ырғайты ауылдық округіне қарасты елді мекендердегі ұрпақ жадынан ұмытылып бара жатқан тарихи оқиғалар мен тұлғалар жайлы облыстық газет бетінде мақалалар жариялап, болашаққа қалдырудың маңыздылығын айтты. Астан кейін көпшілік ауыл іргесіндегі «Қос келіншек» табиғи ескерткішіне бардық. Ол жайлы түрлі болжам айтылып жүргенімен, нақты және ғылыми қорытынды әлі шығарылған жоқ. «Бұл нысан қазақ даласына Ислам діні келуден бұрынғы Қарлұқ дәуіріне тән ескерткіш», – дейді география ғылымдарының кандидаты Еркін Тоқпанов. Десе де, елімізге белгілі тарихшы және археологтармен ақылдаса отырып, ескерткіштің тарихын нақтылауға уәде бердік.

Бір байқағанымыз, ауыл тұрғындарымен кездесу өткізген әрбір нысанның бәрінде жұрт біле бермейтін, зерттелмеген дүниелердің бар екенін білдік. Біз өз тұрғымыздан осы өлкенің тарихын облыстық «Jetisý» газеті арқылы жұртқа жеткізуге, ал ауыл тұрғындары мен ақсақалдар облыстық «Jetisý» газетіне жазылуға уәде берді. Ал Сыбанбай би мен Шағырай әулиенің ұрпақтары Ырғайты ауылдық округіне қарасты мектептердегі өнерге, шығармашылыққа бейім оқушыларды облыстық «Jetisý» газетіне өз есептерімен жаздырып, руханиятқа үлес қосатынын білдірді. «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» дегендей, көп болып қолға алсақ, бітпейтін жұмыс жоқ.

Басылым және ұрпақ тәрбиесі

Зейнеп Қойшыбаева атындағы аудандық Мәдениет үйінде өткен конференцияға медицина саласының өкілдері, мектеп директорлары мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагог-психологтар, ата-аналар комитетінің өкілдері қатысып, баспасөз бен ұрпақ тәрбиесіндегі толғақты мәселелер талқыланды. Кездесуді Алакөл аудандық аналар кеңесінің төрайымы Ұлжалғас Дүйсебаева жүргізіп, аудан әкімінің орынбасары Мәулен Төлеужанов баяндама оқыды.

– Қай заманда да, қандай қоғам болсын отбасындағы бала тәрбиесі өзекті болып қала береді. Тал бесіктен жер бесікке дейінгі тәрбиенің ұйытқысы – ата-ана. Туған шаңырақ адам баласының алтын бесік, ыстық ұясы. Бала тәрбиесі отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Осыны меңзеген әл-Фараби бабамыз: «Адамға ең әуелі білім емес, тәрбие беру керек» деп қорытынды жасаған. «Балам дейтін жұрты болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, бала тәрбиесін ойлайтын отбасы көп болса, ел болашағы да баянды болмақ. Әр ата-ана баласының білімді, парасатты, білікті болғанын қалайды.

Ауданымызда отбасы тәрбиесі аясында жан-жақтылы жұмыс атқарылуда. Биылғы оқу жылында аз қамтылған, көпбалалы отбасылардан шыққан 1423 балаға 54 млн. теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілді. Ауданда қорғаншылық, қамқоршылық тағайындалған жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 72 балаға мейірім мен аялы алақан керек. Оларға қамқорлық жасауды естен шығармаған жөн.

Адамдық құндылықты қалыптастырудың жолы газет және



кітап оқу. 2022-23 оқу жылында балалардың газет, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және қолдау үшін «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында түрлі жұмыстар жүргізілуде, – деді аудан әкімінің орынбасары.

Балаларға қамқорлық жасаудың жолы да сан түрлі. Соның бірі – баспасөз арқылы рухты жастарды тәрбиелеу. Бүгінде жастар ғаламтор арқылы өмір сүруге дағдыланған. Алайда, интернеттегі аздырғыш әрекеттер балалардың психикасын бұзуда. Сол үшін де жеткіншектердің ақыл мен тәрбиеге бағыттайтын баспасөзге деген қызығушылығын арттыру керек.

Осы кезде біз өз тарапымыздан оқушыларды баспасөзге тартудың жолдарын түсіндірдік. Ата-аналарға «Jetisý» газетін балаларға да жаздыруды ұсындық. Егер ата-аналар балаларын газетке жаздырса, олардың ынтасын оятуға болар еді. Көптеген ата-ана: «Баламның материалдық жағдайын жасадым» деп ойлайды да рухани өмірін байытуға әрекет етпейді. Салдарынан балалардың рухани дүниеге сүйіспеншілігі төмендеп, материалдық құндылыққа қызығушылығы арта түседі. Оның соңы қайғылы істерге жолықтырып жатқаны анық. Сондықтан жас ұрпақтың күнделікті тірлігін газет оқумен ұштастыруымыз керек. Жиналысқа қатысқандар осы пікірмен келісетінін жеткізіп: «Алдағы уақытта осы әдісті сынап көреміз» деп сенім білдірісті.

Ал аудан әкімдігінің кіші жиынжайында өткен кездесуге аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Бейбіт Айтахметов, «Алакөл» газетінің бас редакторы Алмат Есенбеков және аудан кітапханашылары қатысып, ортақ ой бөлісті. Бұл жерде де баспасөздің бала тәрбиесіндегі рөлі кеңінен талқыланды.

– Әрине, бүгінгі таңда интернеттің, әлеуметтік желінің белсенділігі жастардың кітапқа, баспасөзге деген ынтасын әлсіреткені байқалуда. Алайда, ұрпақ тәрбиесіне жағдай жасалмаса, онда біздің атқарған жұмысымыздың да нәтижесі шамалы болады. Ендеше, ұрпақ тәрбиелеудің басты жолы – олардың рухани әлемін жаңартып, жаңғыртып отыруға саяды. Осы тұрғыда баспасөздің алатын орны ерекше.

Алакөлдік кітапханашылар «Jetisý» газетіне жыл сайын толық жазылады. Сондай-ақ, атқарған жұмыстарымызда да газет бірінен жиі көріп, жігерленіп жүреміз. Кітапханаға келген оқырманның аталған басылымды көп іздейтінін де жиі көреміз. Себебі, облыстық «Jetisý» газетінен оқырман өздеріне керекті материалды таба алады. Биыл да төл басылымымызға аудан кітапханашылары толық жазылады. Сіздерден де сапалы мақала, салиқалы жазбалар күтеміз, – деді Алакөл аудандық кітапханасының директоры Гүлнар Сүйеубаева.

Жасыратыны жоқ, бүгінгі дамыған замандағы жастар мен кітапты байланыстыратын алтын көпір – кітапхана. Киелі шаңырақ оқырманның рухани талап-тілегін қанағаттандырумен қатар, әлемдік, ұлттық, әмбебап ақпарат көздерін толық жинақтап, оқырманға жеткізуші болып саналады. Алакөл ауданындағы кітапханалар осындай міндетті абыройлы түрде атқарып келеді. Сонымен қатар, облыстық «Jetisý» газетіне жазылудан да көш бастап тұр. Биыл да сол ізден жаңылмайды деген сенімдеміз.

Бетті дайындағандар Қажет АНДАС, Алмат ЕСЕНБЕКОВ
Алакөл ауданы
Жетісу облысы



Суреттерді түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ



ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВ ТАЛДЫҚОРҒАН ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Сондай-ақ қала маңындағы саяжайларды сумен қамтуға ерекше көңіл бөлініп отыр. «Ащыбұлақ» саяжайында «УниверсалСтройСервис» ЖШС 195,9 млн.теңгеге құрылыс жұмыстарын жүргізіп, осы айда ауыз су жүйесі іске қосылады. Ал келесі жылы «Қызылтас» саяжайында жалпы құны 756 млн. теңге болатын су жүйесінің құрылысы аяқталады деп жоспарланған. Сонымен 300 млн. теңгесі осы жылы игеріліп, «Карасай Құрылыс» ЖШС жұмыстарын 33% аткарып үлгерген.

– «Сарыбұлақ» саяжайында жер асты суларын іздестіру-барлау жұмыстары жүргізілетін болады. Су көзі жеткілікті болған жағдайда жергілікті бастоғаннын құрылысын саламыз, - деді Бейбіт Исабаев облыс орталығы жұртшылығымен кездесуінде.



Жалпы Талдықорған қаласының орталықтандырылған ауыз су жүйесімен қамтылуы - 98%. Қаланың коммуналдық су құбыры желілерінің ұзындығы 610 км, кәріз жүйелерінің ұзындығы 365 км.

Биыл Талдықорған қаласының жолдарын жөндеуге 5 млрд. теңге көлемінде қаржы бөлінді. Қарашаның соңына қарай ұзындығы 78 км болатын 122 көшеде жөндеу жұмыстары аяқталады. Соның нәтижесінде жақсы және қанағаттанарлық деңгейдегі жолдардың үлесі 82% жетеді.

Облыс әкімі өз сөзінде жаңа салынған тұрғын аудандар мен саяжайлардың да жолдарына көңіл бөлініп отырғанын тілге тиек етті. Қазіргі кезде «Көктал», «Шығыс», «Оңтүстік-шығыс» шағын аудандарын, «Жастар-2» тұрғын алабын және «Шайқорған» саяжайын қамтитын жол жөндеу жұмыстарының жобалық-сметалық құжаттары әзірленуде. Құрылыс жұмыстары 2023 жылға жоспарланған, құрылыс-монтаждау жұмыстарының болжалды құны – 14,8 млрд. теңге, ұзындығы – 63,4 км.

Бұдан бөлек 2023 жылы «Үйтас», «Шайқорған», «Мерекелік» саяжайлары мен «Агропромышленник» тұрғын алабында ұзындығы 20 шақырым болатын 50 көшеде орташа жөндеу, ұзындығы 18,3 шақырымды құрайтын 48 көшеде күрделі жөндеу жасалады деп жоспарланып отыр. Сол сияқты «Сарыбұлақ» пен «Ащыбұлақ» саяжайларында 29 көшеге қиыршық тас төселеді.

– Бөлінген қаржы көлемі едәуір болғанына қарамастан, тұрғындар аткарылатын жұмыстардың сапасы мен мерзіміне қатысты орынды сын айтуда. Сондықтан қала әкіміне көшелерді жөндеу жұмыстарын ерекше бақылауға алуды тапсырамын. Қоғамдық көлік қозғалысын да тұрғындардың қажеттілігін ескере отырып ұйымдастыру керек. Қалалықтардан маршруттардың аздығына, автобус аялдамаларының жағдайына, қызмет көрсету сапасының төмендігіне шағым айтқан арыздар көп түседі, – деді Б. Исабаев.

Жалпы Талдықорғанда 22 маршрут бар, оларда 187 автобус қызмет көрсетеді, жылына олар 22 млн. тасымал жасайды. Бұл орайда қоғамдық көліктің қазіргі қолданыстағы маршруттарына зерделеу жүргізу керек. Облыс әкімінің айтуынша, қала әкімдігі осы зерделеудің нәтижесін ғана емес, талдықорғандықтардың қала маңындағы аймақтарға жаңа маршруттар ашу, қазіргі бар маршруттарды неғұрлым қолайлы ету туралы өтініштерін, талап-тілектерін басшылыққа алуы тиіс. Талдықорған қаласы әкімінің алдына жыл соңына дейін 21 смарт-аялдаманың жөндеу жұмыстарын аяқтау туралы міндет қойылды.

Талдықорғанда «Инваталси» қызметіндегі автокөлік саны 2 есеге арттырылады.

Қалалық қызметтер өз жұмыстарына деген көзқарастарын түбегейлі өзгертіп, қайта қарауы тиіс. Ягни ең алдымен халықтың талап-тілегін қанағаттандыру керек. Әсіресе ерекше қажеттілігі бар азаматтар үшін кедергісіз орта қалыптастыруға ерекше көңіл бөлуге тиіспіз, - деді Б.Исабаев.

Жиында белгілі болғандай, қазіргі кезде «Инваталси» тегін сервистерінде арнайы жабдықталған 7 автокөлік бар, мұнда бір күнгі шақырулар саны 100-ге дейін жетеді. Жыл соңына дейін «Инваталси» қызметіне тағы 1 автокөлік сатып алынбақ. Дегенмен мұның жеткіліксіз болуына байланысты облыс әкімі жұмысқа қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қала әкімдігімен бірлесіп «Инваталси» автокөлігінің санын екі есеге ұлғайтуды тапсырды. Сол сияқты көру мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін дыбысты бағдаршамдар санын 12-ден 20-ға дейін көбейту міндеттелді.

Келесі жылы Талдықорған қаласында бюджет қаражаты есебінен 1292 пәтерлік 35 тұрғын үй салынады. Соның 1184 пәтерлік 31-і несиелік, 108 пәтерлік 4 үй жалгерлік болмақ. Сонымен қатар жеке инвесторлар халықтың әлеуметтік әлжуаз топтары үшін 600 пәтер салмақ. Осылайша 2023 жылы жалпы саны 1892 пәтер беріледі деп жоспарланып отыр. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 1,5 есе артық.

Талдықорғанда жеке тұрғын үй салу үшін жер кезегіне тұрғандар саны артып келе жатқаны байқалады. Қазір кезекте 40 мыңдай адам тұр.

– 2018 жылдан бері жеке тұрғын үй құрылысы үшін бір де бір жер учаскесі берілмеген. Себебі белгілі – жер учаскелерін дайындауда жүйелі жұмыс жасалмаған. Осы мәселені шешу үшін қаланың бас жоспарына жеке тұрғын үй құрылысына байланысты инженерлік-коммуникациялық желілер жүргізуге қатысты тиісті өзгертулер енгізу керек. Осыған байланысты қала әкіміне келесі жылы жеке тұрғын үй салу үшін кемінде 500 жер учаскесін беруді тапсырамын. Бұл жұмыс жыл сайын жалғасу керек. Жер учаскесіндегі кезекте ашықтық болуы тиіс, – деді Бейбіт Исабаев.

Жиында облыс орталығының алдымен балаларымыз үшін аула аумақтарын абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуі тиіс, – деді облыс басшысы.

Облыс әкімінің айтуынша, осы жылдың соңына дейін «Жеңіс» саябағын ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталады, саябақ аумағына 2 мың тұп ағаш отырғызылады. Сондай-ақ, «Ардагерлер» саябағы көгалдандырылып, қайта қалпына келтірілуде. Мердігерлердің өздеріне жүктелген міндеттерін соңына дейін жеткізіп, сапалы орындауына қала әкімі бақылау жасауы тиіс.

Келесі жылы орталық саябақтың ескі бөлігін күрделі жөндеу. Алдабергенов көшесі бойындағы скверді жайластырып, К.Жалайыри даңғылын көгалдандыру жоспарда бар.

Облыс басшысы жиында қалалық жағажайды толықтай абаттандыруды жазға дейін аяқтауды тапсырды. Қаланың 10 аумағында салынған көгалды суару жүйелерінің қазіргі таңда 7-сәуі ғана іске қосылған. Қалған үшеуін келесі жылдың жаз мезгіліне дейін жұмыс істету керек деп міндеттеді облыс басшысы.

– Талдықорған қаласы сәулеті заманауи, таза, әдемі әрі жасыл қала. Шыбық шаншысаң тал болатын құнарлы жер. Осы мүмкіндікті дұрыс пайдалана білуіміз керек. Қала әкіміне қала аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын жалғастырып, қатаң жеке бақылауға алуды тапсырамын, – деп қорытындылады облыс әкімі. Тұрғындар өтініші тыңдалды

Жалпы 5 сағатқа созылған, 100-ден аса сауал көтерілген жиында облыс әкімі Бейбіт Исабаев әрбір жайтқа жіті мән беріп, өзекті мәселелерді шешу үшін жауапты басқармалардың басшыларына, Талдықорған қаласының әкімі Әсет Масабаевқа арнайы тапсырма берді. Қабылдауға келгендердің дені әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді көтерді.

Мәселен, «Жастар» шағын ауданының тұрғыны Толқын Баянбаева отбасымен бірге тұрып жатқан үйін жекешелендіруге көмек сұрады.

– Күйеуім жақында инфаркт алды, ол медициналық көмекке үнемі мұқтаж. Қолымызда енем бар, жасы 97-де, оны да күтіп-баптау керек. Өзім жол апатына түскенмін, содан бері денсаулығым сыр берді. Қазір қызым балаларымен бізбің үйде, оның көмегінсіз мен ештеңе жасай алмаймын. Аланы 25 шаршы метр тұрғын үй – біздің жалғыз баспанамыз. Мен жекешелендіруге бірнеше мәрте құжат өткіздім, бірақ үнемі қабылданбады деген жауап келеді. Маған заңдық жағынан көмек керек, – деді ол.

Аталған үйдің құқық белгілеуші құжаттарын рәсімдеу мәселесі желтоқсан айында шешілетіні айтылды. Мәселе - сол пәтерлердің де, көппәтерлі үйдің өзінің де құжаттарының жоқтығында. Облыс әкімі қала әкімі А.Масабаевқа бұл мәселені жеке бақылауына алуды тапсырды. Сондай-ақ Т.Баянбаеваның денсаулық жағдайын, отбасылық жайын ескеріп, дайын болғанда үй құжаттарын өз қолымен тапсыруды міндеттеді. Ал күйеуіне қажетті медициналық көмек көрсетіледі.

Қаланың тағы бір тұрғыны Қауия Өскембаева жер учаскесінің кезегіне алынғауды. Еркін ауылдық округінде 2016 жылдан бері кезекте тұрғаның, бірақ кезек реті жылжымайтынын айтты.

– Қазір зейнеткемін. Пәтер жалдап Мәселен, Ауған соғысының ардагерлері атынан Владимир Чащин өздеріне жылына бір рет берілетін 100 мың теңге көлеміндегі әлеуметтік көмекті 150 мың теңгеге көтерсе деген ұсынысын айтты. Сол сияқты ардагерлерге медициналық мекемелерге тұрақты жүгінуге тура келеді. Сондықтан емханаға қаралу, анализдер, емделу - барлығы тегін болса және ардагерлер кезекте тұрмаса дейді. Облыс әкімі бір реттік берілетін әлеуметтік төлемнің көлемін арттыру бұған дейін де айтылғанын, сондықтан оң шешім қабылданын, каражат сомасы 150 мың теңге болатынын жеткізді. Сол сияқты облыстық денсаулық сақтау басқармасына ауған соғысы ардагерлерін нақты бір мекемеге бекітіп, барлық қажетті медициналық көмекті алуларына жағдай жасауды тапсырды.

Сонымен қатар коттедж қалашығының бір топ тұрғыны қалашықтың қордаланған мәселелерін көтерді. Бұл ретте қалашыққа тартылған газ құбырына тұрғындар әлі күнге қосыла алмай отырғандарын айтты. Сол сияқты ыстық су да жиі өшетіні оларды ығыр еткен. Суды арнайы электр құрылғыларымен жылытуға мәжбүр. Қалашықта



түрамын. Кезегімнің реті - 3818. Көптен күткен жерге қашан қол жеткіземін?, Өз үйім болса екен деймін. Үй салуға ұлым көмектесер еді, – дейді ол.

Жалпы Талдықорған қаласы бойынша жер учаскесі кезегінде 40 мыңнан астам адам тұр. Соңғы 4 жылда бірде бір жер телімі берілмеген, сол себепті де кезек реті жылжымаған. Келесі жылы 500-дей жер учаскесін беру жоспарланып отыр. Бұдан әрі жыл сайын тұрақты берілетін болады. Ал әзірге күтуге тура келеді. Бұл мәселе де қала әкімінің бақылауына алынатын болады.

Мәдениет сарайында өткен жиында кездесуге қатысушылар әкімге өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойды. Соның ішінде мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы орта қалыптастыру, әлеуметтік мекемелерге пандустар орнату, Ұлы ақын Абайға ескерткіш қою, Назарбаев көшесінің атауын өзгерту, қоғамдық көлік қозғалыстарының бағыттары мен жүру жиілігін реттеу, белгіленбеген жерлерге қоқыс тастау фактілерінің жиі орын алуы, Семей полигонынан зардап шеккендерге, ауған соғысы ардагерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету, тұрғын үй мен жер учаскелері кезегінің ашықтығы, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген үйлерге құқық белгілеуші құжаттарды рәсімдеу, саяжайлардағы ауыз су, газдандыру сияқты көптеген мәселелер көтерілді.

көлік қатынасына қатысты да мәселелер бар. Осы және басқа да проблемалардың шешімі жайлы қала әкімі толық түсіндіріп берді. Оның айтуынша, қалашыққа жаңа жылыту қазандығы орнатылатын болады. Ал газ қосу жұмыстары тиісті жобалық құжаттар түгендолгеннен кейін толық шешіледі.

«Үйтас» саяжайындағы ауыз су сапасының төмендігіне шағымданған тұрғынның сауалына байланысты облыс әкімі қала әкімдігіне арнайы су сапасын тексеру керек екенін айтты. Егер расында да судың сапасы ішуге жарамсыз болса, құрылыс жұмыстарын аткарған мердігерден кемшіліктерді жоюды талап ету керектігін қатаң тапсырды.

Абай ескерткіші туралы қойылған сауалға берілген жауаптан белгілі болғанындай, ескерткіш Алматыдағы цехтардың бірінде әзірленуде, яғни тиісті сараптамалық комиссияның шағын ескертпелері түзетілуде. Екі-үш айдың көлемінде дайын болады. Ал қойылатын орны халықпен ақылдаса отырып шешіледі.

Кездесу соңында құқық қорғау және әр саладағы мемлекеттік мекемелердің өкілдерінен жасақталған «Көшпелі топ» қабылдау өткізіп, облыс әкімі берген тапсырмаларды орындауға кірісті.

Бетті дайындаған Қажет АНДАС, Талдықорған қаласы

Әскери тәрбие сағаты

Ел қорғау – ерлердің ісі

Талдықорған қаласындағы жастарға қызмет көрсету орталығының жанынжайында Жетісу облыстық қорғаныс істері департаменті мен «Жетісу жастары» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен «Қызылжар шайқасы: Құдайназар батыр бастаған 100 сарбаздың ерлік рухы» атты әскери патриоттық тәрбие сағаты өтті. Оған аймақтағы өлкетанушылар, облыстық қорғаныс істері департаментінің қызметкерлері, Ауған соғысының ардагерлері, жастар мен жас сарбаздар клубының өкілдері қатысты.

Шараны «Жетісу жастары» мемлекеттік коммуналдық мекемесі ұйымдастыру бөлімінің маманы Аймұрат Жарылқасын жүргізіп, Жетісу облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменті әскери патриоттық және қарулы күштер ардагерлерімен жұмыс жөніндегі қызметкері Есет Дәуренбаев мақсаты мен маңыздылығына тоқталды:

– ҚР Үкіметінің 24 тамыздағы қаулысымен Қазақстан азаматтарына әскери-патриоттық тәрбие беру қағидалары бекітілді. Әскери-патриоттық тәрбие – бұл орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық бірлестіктердің азаматтарда жоғары патриоттық сананы қалыптастыру, мемлекетті қорғау жөніндегі конституциялық міндеттерді орындауға әзірлік және осыған байланысты қажетті білім мен дағдыларды дамыту жөніндегі жүйелі, мақсатты және үйлестірілген қызметі. Онын өз бағыты және белгіленген бағдары бар. Бүгінгі тәрбие сағаты аталған қаулы негізінде жастарға патриоттық





тәрбие беру мақсатында ұйымдастырылып отыр, – деді ол.


Келесі кезекте Қызылжар шайқасының тарихи рөлі және оны насихаттаудың маңыздылығы жайлы осы шайқасты зерттеп жүрген өлкетанушы-журналист Қажет Андас, И. Панфилов атындағы Жетісу гарнизонының баспасөз-медиа орталығының басшысы, майор Жанат Сембаев, Ауған соғысының ардагері Марат Әйнеков, подполковник Саркытбек Қазақбаев, Құдайназар батырдың ұрпақтары жүрекжарды лебіздерімен бөлісіп, жастарға «Отан үшін отқа түссең, күймейсің» деген халық даналығының дұрыстығын Құдайназар батыр және қызы Гүлайым бастаған 100 сарбаздың ерлік күрестері арқылы дәлелдеді. Ал өнерпаз жастар патриоттық әндер орындап, шараның шырайын аша түсті.

Талдықорған қаласы Жетісу облысы

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЖЫР-ҒҰМЫР



**Айтақын ӘБДІҚАЛ,
Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты**

Бүгін маған сағыныш... өткен өмір...

Ей, Замандас!
Сен де, мен де
Періште емес,
Пендеміз.
Қателесіп, сүрінгенбіз,
Бірде алдап, бірде алданып,
Тоналып та, оңалып та көргенбіз.
Иә, біз де періште емес, пендеміз,
Тағдыр сынын, өмір сырын көргеміз.
Басқа түскен сынақтарға көнгеміз.
Есті адамның өсиетін ескермей,
Кей суайттың айтқанына сенгеміз...
Кешір, Алла!
Біз осындай пендеміз.

* * *

Ашынып, тасынып,
Құбылған заманды,
Байлыққа бас ұрып,
Жұлынған адамды,
Иманнан адасып,
Кірленген санамды,
Бүлінген ғаламды,
Ойлап бір, мұнданам.
Қоғамға, адамға ой салу –
Шын парыз бұл маған.
Адам аз дәл қазір,
Естінің айтқанын тыңдаған.

* * *

Кемшілік сенде де бар, менде де бар.
Адам жоқ «пенделіктен» кенде қалар.
Өмірдің соқпақтары – бұлың-бұлың,
Жолында шыңырау құз, өр де болар.
Өзгерген адамзаттың сан жасағы,
Күн мен түн, өмір... өлім... алмасады.
Қара жерді ақ мамық қар басады.
Тіршілік
үзіледі...
жалғасады...

* * *

Өткен бір дәуірлер мен замандарда,
Өмірде қиналмаған адам бар ма?
Сен қателік жібердің... ол сүрінді,
Енді соны түзеуге шамаң бар ма?
Иә,сондай замандар өткен, кеткен,
«Бұлбұл» болып сайраған жаман қарға.
Өкпе айтпа қоғамға да, заманға да,
Ойланғын, бәлкім кінә адамда ма?
Оқыс келген қасірет көпке ортақ,
Батпайды ол сенімен маған ғана.

* * *

Басымды тауға да ұрдым,
тасқа да ұрдым.
Білсем деп жұмбақ сырын қас-қағымның
Сенің ойың – ақша мен байлық шығар
Ал мендегі – басқа арман,
басқа-а-аа-а бір мұң.

* * *


Не болады күні ертең?..
Болжап білу мүмкін бе?..
Ұрлап жиған байлығың,
Бақытым деп жүрсің бе?
Бүгін маған сағыныш... өткен өмір,
Оралса ғой жастық шақ, көктем-өмір.
Қартаң шақ қызығы аз, мұңы басым,
Суық күздей сұрықсыз неткен өмір?..



ТАНЫС ТА БЕЙТАНЫС

ОДАМАН АҚЫН

Қазақтың айтыс өнерінің өкілі ретінде аты аталып, жыры жатталып жүрген тұлғалар жетерлік. Десе де, еңбегі елге жетпегендер де көп. Соның бірі – Одаман ақын.



Қажет АНДАС

Ежелден қазақ халқында жер мен жесір дауы бітпеген, барымта мен сырымта тоқтамаған. 1882 жылы Ресей-Қытай арасындағы «Іле шекараны ажыратып, бекіту» келісімі жасалғаннан кейін де шекараны жағалай қоныстанған рулар арасында келіспеушілік жиі орын алып тұрды. Осыған орай, екі елдің өкілдері әр екі жылда бір рет съезд ашып, ел арасындағы дау-шарды шешіп отыруға келіседі.

Сол съездердің ішіндегі ең іргелісі – албан, суан, қызай рулары арасындағы 1889 жылы өткен «Кеген съезі» еді. Съезде дау ұзаққа созылып, екі жағы да жеңістік бермейді. Осы тұста орыстың ояздары мен қытай тарабының мансаптылары дауды қазақтың дәстүрлі ақындар айтысы арқылы шешуді ұйғарады. Қай жақтың ақыны жеңсе, сол жаққа жеңісті бермек болады. Сонымен Ұлы жүз, Орта жүз руларына бұл бекімді жеткізіп, жаушы аттандырады. Албан, суан жағы Одаманды алдырады. Одаман – адамның сөзгері, асқан ақын, «алысқаның алмай қоймайтын арыстан» деген дақпырты бар, тек үйсін еліне ғана емес, арғын, найман, меркіт, қоңырат, қыпшақ, тобықты елдеріне аты кең таралған ақын. Одаманның атақ-даңқынан хабардар қызайдың атқамінерлері онымен айтыстыратын ақын таппай қиналады. Осы кезде Оразәлі Жанпейісұлы Одаманмен айтысуға өзі сұранады.

Сол тұста өзін мақтап, қарсы жағын даттау, шымбайына батар шындығын дәл тауып айту, сол арқылы қарсыласын сүріндіру айтыстың басты шарты болып есептелетін. Сөз сайысында Оразалы сол жылы Одаманның әкесі Кезеңқара бұрын жайлауға көшкенін естіп, соны алға тартып, жүйеден ұтады. Өйткені, Қытай қазақтарының арасында «Кезеңқараның көші» деген көш осы күнге дейін айтылады. Кезеңқара – Одаманның әкесі, ал атақты Мұқа болыс та осы ауылдан шыққан. Кезеңқара ауылы көшкенде аттарына таққан алтын-күмістен айнала жалт-жұлт еткен сағымға оранып жүреді екен. Оның салтанатынан именген басқа ел Кезеңқара ауылы жайлауға көшпей, көшті қозғамайтын болған. Сол жылы Одаман әкесінің үйінен бұрын жайлауға көшіп шығып алған екен.

Жүйеге жығылған Одаман жеңілгенін мойындап, азаматтар Оразәліні ақ киізге көтеріп, жеңісін тойлайды. Ең бастысы, бұл айтыс қазақ тарихында ақындар айтысы арқылы елдің дауын шешкен алғашқы және ең соңғы жағдай ретінде аңыз болып қалды.

Ақынның шөбересі, танымал әнші, сазгер Бақберген Асқарбеков былай дейді:

– Одаман атамды көрмесем де, жиі еститінмін. Әкем Нұршабек, атам Асқарбек, ары қарай Одаман болып жалғаса береді. Үлкендердің айтуынша, бұл кісі суырыпсалма ақын, шебер күйші болған екен. Атам жайлы бала кезімізде үлкендер: «Төрде отырып күй шерткенде бөксесімен сырғып, далаға шығып кететінін білмей қалатын» деп жиі айтатын. Дүние күйіп бара жатса да күй біткенше басқаға назар аудармайды дегеседі. Әбілхақ Шапахатов атамыз тірлігінде Одаманның шығарған әнін, 98 күйін біледі екен. Құнттамай жүріп, қайран қазынадан айырылып қалдық.

Әлі есімде, 1983 жылы Дәнеш аға, Төлепбай Байысов, Білісбек Қонысбаев бар, 7-8 әртіс Кербұлақ ауданының Қызылжар ауылына концерттік сапармен бардық. Ол кезде кешке үй-үйге бөлініп, қонып шығамыз. «Дәнеш аға келді» десе, елдің бәрі елеңдеп тұрады ғой. Біз қонатын үйдің ауласына адам толып алыпты. Бір кезде ақ самайлы әже Дәнеш ағаға келіп амандасып, бәріміздің аты-жөнімізді шетімізден сұрай бастады. Маған жақындап келді де: «Мынау ұзын шаш бала кім?» – деп сұрады. «Асқарбектің немересі» деп жатты біреулер. «Е, онда Одаманның шөбересі екен ғой», – деп арғы атамның атын атады да, жаныма келіп жайланып отырып, әңгімесін бастады:

– 1928 жылы атаң Одаман Жаркент-Арасанда 19 жасар қызбен айтысып еді. Сол айтыс ел арасында біраз жылға дейін тарап жүрді.

Жылқының тоқтағаны аңырғаны,
Ақынның тоқтағаны жаңылғаны.
Шырағым, жап-жас қана бала екенсің,
Арасанға келіп едің не қылғалы.

Кел, қашалық, қашалық қашар болсаң,
Арқама сап көтерейін нашар болсаң.
Алтын-Емел асқанша көтерейін,
Одан ары қарай аяғыңды басар болсаң, –

деп басталатын айтысты толығымен айтып шықты. Ол кезде сөзді таспалап алатын құрылғы жоқ. Есімде осы жолдары ғана жатталып қалыпты...

Одаман ақын 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі тұсында арғы бетке өтіп, мәңгілік мекені сол жақтан бұйырды. Қазір ҚХР Қорғас ауданы Кеген ауылының тұсындағы Шөлжота деген дөңеске жерленген. Бүгінде жұрт оны «Одаманның бейіті» деп атайды. Халқымызда: «Ат аунаған жерде тұқ қалады» деген нақыл бар. Шындап кіріссек, ел ішінде әлі де талай қазына жатыр. Оны елеп-екшеп, тәптіштеп іздесек, мол байлыққа жолығарымыз анық.

БӘРЕКЕЛДІ!

«Мамания» мектебі қайта жаңғырды

«Алтын адам» Жетісу шеберлер орталығы» қоғамдық бірлестігі Текелі қаласындағы Орталық Азия университетінің ғимаратынан мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған оқыту орталығын ашты. Оны «Мамания» шеберлік орталығы деп атады.

«Мамания» мектебінің негізін 1889 жылы ағартушы, меценат Тұрысбек Маманов қалаған. Қазақ даласына білім шырағын жаққан оқу ордасының бірі. Өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы Жетісу жерінен түлеген ұлт көшбасшыларының дені осы мектепте білім алған. Орталықтың атын «Мамания» деп атаудың да мәні тереңде.

– Мақсатымыз – «Мамания» мектебінің игі істерін қайта жаңғырту. Бұл жерде мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім береміз. Болашақта ауқымын кеңейтіп, шеберлер мектебіне айналдыру ойымызда бар, – дейді «Алтын адам» Жетісу шеберлері орталығы» ҚБ төрайымы Дина Бакирова.

Қамкөңіл жандарға жасалған осындай қамқорлық қала басшылары мен тұрғындарын да бейжай қалдырмағаны анық. Ашылу салтанатына Текелі қаласының әкімі Батыр Молдахметов арнайы қатысып, ізгі ниетін білдірді.

Орталықта мүмкіндігі шектеулі балалар тегін білім алып, өнерін өрістетеді. Ондағы мүмкіндігі шектеулі 38 балаға 4 шебер кескіндеме, сурет салу, безендіру, моделдеу, киіз басу, бесмер тігу, сабын жасау сияқты үйірмелерде қолөнерден сабақ береді. Олардың алаңсыз білім алуына барлық жағдай жасалғаны көрініп тұр.

– Орталықты ашар алдында мүмкіндігі шектеулі жандардың еркін кіріп-шығуына көңіл бөлдік. Ғимараттың кіріп-шығу құрылғылары, есік, үстел, орындыққа дейін еуропалық стандарт бойынша орналастырылды. Сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі азаматтармен жұмыс істеуде тәжірибеміз мол. Осы жерге келген әр адам жақсы білім алып, шеберлігін шыңдап, ешкімге жалтақтамай, жеке кәсібін ашуға керекті біліктілік жинап қайтса, қуанар едік, – дейді Орталық Азия университетінің әкімшілік өкілі Райхан Сейсекенова.

Орталық аталған бірлестіктің жеке қаржысымен ашылды. Алдағы уақытта басқа аудан, қалалардан да осындай игілікті жұмыс қолға алынбақ.

Қ. ОМАРАҚЫН

Текелі қаласы
Жетісу облысы

ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

Қарғалы ауылының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагері, ауданның Құрметті азаматы Прокопенко Михаил Алексеевич 100 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Өмірі – өнеге

Серік САТЫБАЛДИЕВ

1922 жылы туған Михаил Алексеевич 1942 жылдың ақпанында Алматыдан әскерге шақырылып, 1944 жылдың мамыр айында Екінші Беларус майданының құрамында Белоруссия жерінде болған қиянкескі ұрыстарға қатысады. Сол жылы 23 маусымда Могилев бағытында шабуылға шыққанда танкісіне снаряд тиіп, өртенеді. Денесін күйік шалған ол ауыр жарақатпен госпитальға түседі де, әскерден босатылады.

Майданнан оралған соң нәтижелі еңбек етті. 1955 жылы топографтар курсын бітіріп, Орталық Азия географиялық тресінде техник-топограф болды, Қарғалы шұға комбинатында жұмыс істеді. Қоғам өмірінен қол үзбей, ауданның өсіп-өркендеуіне үлес қосты.

Бүгінде аудан бойынша көзі тірі екі ардагердің бірі еді. Қаралы митингке қатысқан аудан әкімі Нұрлан Ертас майдангердің ерлігі мен өнегелі өмірі жерлестерінің жадында мәңгі сақталатынын айтты.

Қарғалы ауылы
Жамбыл ауданы
Алматы облысы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Jetisý

3
9.07.2022

ӨЗЕКТІ

Алмабақ өсіруде Алматы маңындағы өңірлер ішінде Жамбыл ауданы кенжелеп қалғаны байқалады. Бір кездері әр ауылда жайқалып тұрған бақ қазір мұнда некен-саяқ. Оның себебі неде, дақылды өсірудің қандай әдісін қолданған жөн, әйгілі апорт үшін аймақ қаншалықты қолайлы? Осы сауалдарды өсімдік шаруашылығына жауапты лауазымды тұлға – аудандық ауылшаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің бас маманы Қайрат Тойшыбековке қойған едік.



АПОРТҚА ЖЕТЕТІН АЛМА ЖОҚ

– Ауданда алмабақ шаруашылықтары, негізінен, қарқынды технология әдісін қолданады екен. Бұл әдістің бұрынғы дәстүрлі әдістен айырмашылығы неде?

– Қазір алмабақ өсіріп, одан мол өнім алам деген адамға ең тиімдісі – қарқынды технология. Бұл дегеніңіз, ең алдымен қарапайым тілмен айтқанда, аз жерге көп ағаш егу. Айталық, 1 гектарға 2500 және одан да көп тал егіледі. Көшет 4/1 схемасымен отырғызылады. Яғни қатар арасы 4, ал әр талдың арасы 1 метр, тіпті 80 сантиметрден де егіледі. Осы әдіспен отырғызылған алма ағаштарының тамыры тереңге бармайды және бойы аласа, ары кеткенде 3-3,5 метр ғана. Өнімін үш жылдан кейін бере бастайды. Ал бұрынғыша егілетін орта бойлы алма ағаштары 5-6 жылдан, биік бойшаңдары 7-8 жылдан кейін ғана гүлдейді, ағаш арасы бір-бірінен алшақ, 1 гектарға 660, биіктері 200 түптен ғана. Қарқынды технологиямен тығыз егілгендіктен өнімі де мол болады. Жай алмабақтан гектарына 20-30, ал бұдан 30 тоннадан жоғары аласыз, ал Еуропада гектарына тіпті 70-80 тоннаға дейін барады.

Бойы аласа болғандықтан жемісін теру де жеңіл. Бірақ тіреуіш бағандар қолданбаса, ағаш өз жемісін көтере алмай сынып кетеді. Қарқынды бақта қатарды жағалай шпалер орнатып, оған ағашты сүйейтін сым тартылады. Тағы бір ерекшелігі, тамыры тереңге кетпегендіктен тамшылатып суғармаса болмайды. Қазіргідей ыстық кездері 3-4 күн сайын суғару керек. Суды әрбір түпке қажетті мөлшерде беріп, керекті тыңайтқыштарды суға қосады. Сонда тыңайту жұмысы суғарумен бірге жүреді, бұл да тиімді. Аталмыш әдіс Еуропада қатты дамыған. Біздің елде кейінгі жылдары қолданылып келеді. Оған егетін көшет шетелден әкелінеді. Көшеттің төменгі, яғни телуші бөлігі клондау әдісімен шығарылып, оған қажетті сорттың бұтағы телінеді. Мұның да өзінің қыр-сыры жеткілікті.

– Өнімділігі жоғары болғанымен, сапасы Алматы апортына жетпейді ғой. Апорттың күрт азайып кетуінің себебін ауданның бас агрономы ретінде немен түсіндіресіз?

– Апорт қазір аборигендік сорт деп есептеледі, яғни атам заманнан келе жатқан сорт. Оны алғашқы орыс келімсектері Алатау бөктеріндегі сиверс алмасы мен өздері алып келген көшеттерді будандастырып шығарған. Апорт, негізі, өте жақсы сорт. Бірақ кейінгі шыққан, мутацияланған ауруларға төзімсіз. Бактериялық күйік, парша сияқты неше түрлі өсімдік аурулары көп қазір. Соларға осал болғандықтан көп екпейді оны. Қазір бұрынғы кездердегідей бір рет егіп қойып, одан соң өнімін жинап отырамын десеңіз қателесесіз. Алмабаққа ең аз дегенде жылына 17-18 рет, әйтпесе 35-40-қа дейін агротехникалық шаралар қажет. Онсыз өнім ала алмайсыз. Дәрілеу, арам шөптерден тазарту, топырағын өңдеу, бұтау, жас кезінде формаға келтіру, құрт-құмырсқа сияқты зиянды жәндіктерге, саңырауқұлақтық және басқа да ауруларға қарсы химиялық өңдеу тәрізді шаруаларды жүйелі жүргізу керек. Мұның барлығы уақтылы жасалмаса, тиімділігі төмендеп, өнімге кері әсер етеді. Маусымдық жұмыстар ауаның ылғалдылығы, температурасы ескеріліп атқарылады.

Апорттың нағыз жақсы өсетін жері – теңіз деңгейінен 900-ден бастап 1200 метрге дейінгі биіктік. Бұдан төмен немесе жоғары деңгейде апорт өзінің барлық қасиетін толық көрсете алмайды. Алатаудың етегі осындай. Ауданда бұл белдеуге Қарғалы, Ынтымақ ауылдарының бас жағы, Майтөбе жайлауының бөктері, Суықтөбе тауының етегіндегі Қастек, Шиен ауылдарының үсті жатады. Осы жерлер апорт үшін өте қолайлы болғандықтан, өткен ғасырдың 70-90 жылдары әр ауылда ірі-ірі апорт бақтары болған.

Апорттың өзінің 3-4 буданы бар, ғалымдар апорттектес тағы да түрлерін шығаруда. Оның күтіп-баптауы көп, дегенмен кәсіби мамандар айналысса, қайта жандандыруға болады. Апортқа жететін алма жоқ. Оның дәмі, аңқыған хош иісі, көз қызықтырар түрі керемет қой. Егер оған қолайлы барлық қажетті шарттар мен технологиялар сақталса, бұрынғы даңқын қайтаруға әбден болады. Бірақ маман жетіспейді, ал қызығушылық танытқандар кәсіби маман емес. Қалталы компаниялар қызықпайды, оларға тез пайда табу керек, 8-9 жыл күткенше 4 жылда өнім алуды тиімді санайды.

– Ауданда қазір апорт өсіріле ме?

– Өсіріледі, бірақ күткендегідей өнім алынбай келеді. Самсы ауылында 7 гектарға егілген бақтың өнімділігі төмен болуының басты себебі – жоғарыда айтылған қолайлы белдеуге жатпауында. Теңіз деңгейінен 770-780 метрде, яғни 900 метрге жетпегендіктен көшетіне субсидия да ала алмады. Ал қажетті белдеудегі Қарғалы ауылы маңындағы 36 гектарлық апорт бағы жайқалып өсіп келе жатқанда былтырғы қуаңшылықта 17 гектары өртеніп кетті. Баққа биыл 7-8 жыл толып, өнім бере бастайтын кезі еді. 36 гектардың 19-ы есептен шығарылып, 17 гектары қалды. Ағаштар бактериялық күйікпен ауырды, ал апорт бұл ауруға төзімсіз.

– Бақ егу қымбат па? Қай шаруашылықтың жұмысы дұрыс?

– Мемлекет тарапынан интенсивті технологияға қолдау бар. Тіреуіш-сүйеуіштер орнату, су шығару, бақтың аумағын қоршау, суландыру жүйесі сияқты шаруаларға демеуқаржы төленеді. Ол үшін әр шаруашылық өз электрондық-сандық қолтаңбасы арқылы Электрондық үкімет сайтына кіріп, шығынын өтеуге өтінім бере алады. Егер интенсивті технология қолданбаса, онда көшетті сатып алғаны шекті баға бойынша 50 пайызына дейін субсидияланады.

Бізде қарқынды бақтың көшеттері жоқтың қасы, оны шетелден алдырады. Бұрын аталарымыз қолданған әдіс қандай еді: алма дәнін егіп, көшет қып өсіріп, тұрақты орнына отырғызатын, ол 7-9 жылда гүлдейді. Бірақ дәннен өскен ағаш сол сорттың барлық қасиетінің 80 пайызына дейін ғана береді. Ал жоғарыдағыдай жаңа әдіспен телінген көшет сорттың қасиетін 100 пайыз сақтап қалады, демек, кепілдік 100 пайыз.

– Алмабақ өсірудің арзан, қолжетімді жолы бар ма? Қай кезде еккен жөн?

– Шағын бақ егемін деушілерге бұл соншалықты қымбат емес. Көшет шаруашылықтарымен келісімшартқа отырып, керекті сорттарға алдын ала тапсырыс беріп, көктемде ауласына немесе басқа жерге отырғызуға болады. Оны көктемде де, күзде де ексе болады. Дала жұмыстарын жүргізуде әр өңір үшін оңтайлы мерзім белгіленген. Ол әрбір дақыл үшін есептелген. Мәселен, көшет отырғызудың оңтайлы мерзімі бізде 20 сәуірге дейін. Жас тал мамырдың ыстығына дейін бүр атып, тамыр жайып алады. Егер мамырда егілсе 100 талдың 30-ы өліп қалуы мүмкін. Өйткені тамырланып үлгермей жатып жапырағын жайып жіберсе, қажетті көрекпен қамтамасыз ете алмай, құрап қалады. Ал күзде алғашқы қар жауғаннан және ауа температурасы күрт төмендегеннен екі апта бұрын егілгені дұрыс. Бұл – қазанның соңы мен қарашаның басы, ағаштың бойындағы сөл қозғалысы тоқтап, жапырақ сарғайған кез. Бірақ ауа райының мұндай өзгерісіне дөп келу қиын, себебі климат өзгерді, алдын ала болжам дұрыс келмей жатады. Қатты суық ерте түсуі мүмкін. Қар жаумай, қара суық түссе тамыры дайындалып үлгермегендіктен үсіп, жас көшеттің біразы шығынға ұшырайды. Сондықтан өзім көктемде еккенді қолдаймын.

– Ағаштың өмірі қанша жыл? Апорттың болашағы қандай?

– Еуропада бұл технологиямен ағашты 25 жылда алып тастайды, олар аямай көп бұтайды, жиі өңдейді. Біздегілері 30 жылға есептеліп отыр. Ал апорттың өмірі 70-80 жылға барады. Апорттың болашағы жоқ деп айта алмаймын. 10 жылдай бұрын апортқа Президент бағдарламасымен қолдау болған, өнім алғанша субсидия төленген. Сондай жаңа бағдарлама қабылданса, қазақ елінің брендін неге қалпына келтірмеске?!

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан:
Серік САТЫБАЛДИЕВ
Жамбыл ауданы
Алматы облысы

БІЛІМ

Заманауи кітапхана

Кітапхана саласын модернизациялау, интеллектуалды ортаны қалыптастыру бағытына бет бұру – бүгінгі күннің талабы. Заман ағымына қарай біздің кітапханадағы қызмет түрі де жандану үстінде.

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетіндегі Ғали Орманов атындағы кітапхана – университеттің жетекші бөлімшесі. Ол оқу-тәрбие процесін әдебиетпен және ақпаратпен қамтамасыз етеді. Биыл Жетісу университетіне 50 жыл толып отыр. Кітапхана қоры 50 жылда жаңа әдебиеттермен сапалы толықтырылып, түскен оқулықтар, ғылыми және көркем әдебиеттер саны жылдан-жылға артуда.

Қарқынды цифрландыру жағдайында біздің кітапхана технологиялық тұрғыдан да, оқырмандармен жұмыс істеудің жаңа әдістерімен де жаңа жағдайларға бейімделген. Кітапханада электронды кітаптар қоры бар, сондықтан оқырмандар кітаптарға қашықтан қол жеткізе алады. Университет оқырмандарына электронды кітапханаға онлайн қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы ақпараттық және кітапханалық кеңістікті кеңейтеді.

Кітапханада отандық деректер – республикалық ЖОО аралық электронды кітапхана (ҚР ЖОО қауымдастығы), "Эпиграф" баспасы, "Ақнұр-пресс" баспасы, бірыңғай электронды кітапхана, ҚазҰЭК, сондай-ақ, Thomson Reuters, Elsevier, Scopus сияқты халықаралық деректер қоры қолжетімді. Кітапхананың жеке электронды базасы бар. Әрбір студент пен оқытушы осы базадағы жеке кабинетке кіре алады. Бұл базада толықмәтінді түрде ашылатын 5760-тан астам кітап жинақталған. Білім алушы жеке кабинетінде кітаптың электрондық нұсқасына өтінім жасай алады.

Осының барлығы университет оқытушылары мен студенттерге қазақстандық жоғары оқу орындарының, халықаралық базалардың, университеттің кітапхана қорының оқу-әдістемелік әдебиетін қолжетімді етеді.

А. ҚАРАСАЕВА,
Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің
Ғ. Орманов атындағы кітапхана директоры

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Жаңа мектеп салынса...

Жаркент қаласындағы Жамбыл Жабаев атындағы орта мектеп 1972 жылы 600 балаға арналып салынған. Бүгінгі таңда оқушылар саны 1900-ге жетіп, олар қысылып-қымтырылып екі ауысымда оқуда.

Осыған орай шешімін күтіп отырған екінші мәселе – мектеп жанынан жаңа білім ошағын салу. Бұл мақсатқа қоршаған ортаға зиянды қалдықтардың бөлінуіне байланысты 2013 жылы жабылып қалған крахмал-сірне зауытының бос тұрған жерін пайдалануға болады. Ол үшін жекеменшіктегі жер мемлекет қорына қайтарылуға тиіс.

Ал мектеп балансында тұрған спорт алаңына үлкен футбол, мини-футбол, баскетбол, волейбол алаңдарын, 400 метрлік жүгіру жолдары мен қос трибуналы стадион салу жобасы 2008 жылдан бері екі рет дайындалған болатын. Жаңа мектеп, спорт алаңын салу туралы ұсынысты Алматы облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ж.Сүлейменоваға да жеткізген болатынбыз. Алайда оған жауап ретінде «Бүгінгі күнге Жаркент қаласындағы Жамбыл атындағы орта мектептің спорт алаңына ағымдағы жөндеу жұмыстарына қаражат қарастырылуда» – деген хат жолдаған екен. «Домбырам не дейді, мен не деймін» дегендей, бұл екі мәселе де шешілмей келеді. Десек те, Жамбыл атындағы орта мектепке қатысты осы жайт облыс басшылығының назарына алынып, оң шешімін табады деген үміттеміз.

Сұлтанғазы ҚОҚАБИ,
Жамбыл атындағы орта мектептің футбол үйірмесінің оқытушы-жаттықтырушысы
Панфилов ауданы
Жетісу облысы

КӘСІПКЕРЛІК

Грантқа кімдер ие болып жүр?



Өткен жылы облыстық кәсіпкерлік басқармасы тарапынан сәуір және желтоқсан айларында екі рет «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында жас кәсіпкерлерді қолдауға арналған гранттық байқау өтті. Нәтижесінде Алматы және Жетісу облысы бойынша 255 кәсіпкердің әрбіріне 5 млн. теңгеге дейінгі мемлекеттік қайтарымсыз грант берілген.

Қажет АНДАС

Осы грантқа ие болған кәсіпкерлерді өңірлер бойынша бөлетін болсақ, Талдықорған қаласынан 55, Талғар ауданынан 32, Қарасай ауданынан 30, Еңбекшіқазақ ауданынан 21, Іле ауданы 15, Панфилов, Көксу, Жамбыл аудандарынан 11, Сарқан, Ақсу, Кеген аудандарынан 9, Қапшағай қаласы 8, Қаратал, Үйғыр, аудандарынан 6, Райымбек, Көксу аудандарынан 5, Ескелді ауданынан 4, Балқаш ауданынан 3, Кербұлақ ауданынан 2 кәсіпкер ие болыпты. Әрине, көш басындағы үш орында Талдықорған қаласы мен Талғар, Қарасай аудандары тұрса, соңғы үштікті Ескелді, Балқаш, Кербұлақ аудандары құрайды.

Салыстырмалы түрде осының өзінен аудан-қалалардағы кәсіпкерлік саласының қандай деңгейде өркендеп жатқанын білуге болады. Көріп тұрғандарыңыздай гранттың тең жартысы облыс орталығы Талдықорған қаласы мен Алматы қаласының маңындағы аудандардан келген үміткерлердің еншісіне тиген. Зерделеп көрсек, олар Алматы қаласында жұмысын жүргізіп, бизнес субъектісін қала маңындағы аудан, ауылдардан тіркеуден өткізгенін байқауға болады. Демек, мегаполис қалада жүзеге асқан жобаның ауылды жерлердегі бәсекелестерінен мойны озық көрінетіні анық. Бірақ олар грантты алғаннан кейін өз арманын сол тіркелген елдімекенде жүзеге асырмай, Алматыдағы өнімін есепке енгізіп, жобаны атқарып шығуы әбден мүмкін. Демек, бұл қолдаудың лебі шалғай елдімекендерге жетпей тұрғанының бірден-бір себебі осы.

Екіншіден, аудан, қалалардағы кәсіпкерлікті дамытумен айналысатын құзырлы мекеме және «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалдары кәсіпкерлікті дамытуға көңіл бөлмейтінін де білдіреді. Өйтпесе, ауылдарда темір мен ағаштан түйін түйіп, мал өсіріп, оның сүті мен етін, терісі мен жүнін кәсіптің көзіне айналдыра алмай жүрген адамдар көп. Қолы ісмер болғанымен, кәсібін дөңгелентіп әкететін заманауи құрылғыларға қол жеткізе алмай жүргендері қаншама? Оларға жергілікті жерлерде ешқандай кәсіби қолдау жоқ. Осы мақаланы дайындау барысында жоғарыдағы көрсеткіші төмен аудан, қалалардың кәсіпкерлік бөлімдері мен «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы филиалдарының әлеуметтік желідегі парақшаларын қарап шықтық. Өкінішке қарай, кейбір аудан, қаланың әлеуметтік желілеріндегі акаунтын таба алмадық. Сол аудан, қала әкімінің ресми сайтында айына бір немесе екі рет қана кәсіпкерлікке қолдау тақырыбындағы ақпараттар салынғаны болмаса, көңіл көншітетін дүние жоқ. Демек, аудан, қалалардағы кәсіпкерлікті ақпараттандыру жағы нөлге тең.

Бұрынғы жылдары қолға тиген грантты бизнесін дамыту мақсатында емес, қымбат тон немесе көлік сатып алуға, банктердегі кредитін өтеуге жұмсаған деректердің болғанын естігенбіз. Әлі де грантты кәсібін дамыту үшін емес, басқа мақсаттарға жұмсайтындар жоқ дей алмаймыз. Грантқа ие болған жобалардың қаншалықты қадағаланып жатқанын да білмейміз. Сондықтан қадағалауды күшейту керек.